

83.3 (5кнз)
0-58

Қосыл Омаров

**БОСТАНДЫҚ
ТАҢЫ**

(Деректі хикаят)

38976

83.3(5423)

ББК 84(5 кз) Қосыл Омаров
О-58 Бостандық таңы Қызылжар қаласы
2005 жыл.

Респубикалық, облыстық баспасөз беттерінде көкей-
тесті тақырыпты қозғап, ойлы мақалаларымен көзге түсін
жүрген қаламгер Қосыл Омаровтың үшінші кітабы
“Бостандық таңы” жарыққа шығып отыр. Бұл шығарманы
“Туган ел құшагында” атты деректі хикаяттың екінші
бөлімінің жалғасы деп қараган жән.

“Бостандық таңында” өткен гасырдың соңғы ширегі
мен, еліміздің тәуелсіздігі үшін курес көріністері шынаіы
шебер баяндалған.

Тілі жастық, оқуға жеңіл, оқырмандардың көңілінен
шығар деген сенімдеміз.

38976

ISBN 9965-519-28-5

© Қосыл Омаров

2005 жыл

012

Северо-Казахстанская
областная универсальная
библиотека
им. С. МУКИНОВА
г. Петропавловск

Қосыл Омаров

**БОСТАНДЫҚ
ТАҢЫ**

(Деректі хикаят)

Петропавл қаласы

2005 жыл



БОСТАНДЫҚ ТАҢЫ

Алланың әмірімен, обкомпарттың үйғаруымен мен қалаға қызметке ауыстым. Бұл бір ойда жоқ шаруа болды. 1967 жылдың күзді болатын, қазактардың “алтын күз”, “қоңыр күз”, орыстардың “қатындар жазы” дейтін күндері. Қазір де аспан ашық, жаздай жылы, жанға да, малға да жәйлі болып тұр. Шаруалардың жеті ай қысқа қапысыз дайындық жасап, абыр-сабыр болып жата-тындары да осы кез. Қораларын жөндеп, шөбін шауып, оны тасып, машина-машина отын әкеліп үюге де қолдары тимейтін уақыты да осы. Орыстар “бабье лето” деп бекер атамаған, көкенісін жинап, кептіріп тұздап, картобін қазатын сәтті кезеңі фой. Бұл үйдегі шаруа. Ал совхоз жұмысы өз алдына. Механизатор болсаң тәулігіне 16-18 сағат қайнаған еңбек майданында боласың. Күндіз-түні істесең де бітпейтін ұшы-қызыры жоқ қарбалас. Мал шаруашылығы бұдан да ауыр, ол бір тәбе. Сондықтан ауа райының күзде құрғак, жылы болғаны ауылдағы ағайындарға үлкен көмек.

Биыл жаз айлары егінге де, малға да қолайлы болды. Бидай тұқымының күш алатын, масағының, дәнінің толығатын кездерінде әдейі сұрағандай жаңбыр жауып, қысқы қалың қардың ылғалының сақталуы және бар, егін бітік, мал қоңды, ет-сүт жоспарының да артығымен орындалатында күмән жоқ.

Егін орагы биыл ерте басталды. Техника жеткілікті, механизаторлармен толық жасақталған, астық тасуға бөлінген әскери бөлімдердің машиналары да уақытында келген болатын. Халықтың көңіл-күйі көтеріңкі, басшылардың да жағасы жайлауда, күнделікті тіршіліктерін істеп, бригадаларды аралап, механизаторлар-

мен, малшылармен кездесіп жүріп жатыр. Кеңшар директоры А.С. Колыванов 3-4 жыл істеп те қалды. Жас та болса пысық, мамандығы агроном, шаруашылықты жақсы біледі. Халықпен де тіл табысып алды. Бір кемшилігі тәуір жас қыз-келіншектер кездесе қалса қанттай еріп, балдай балқып кетеді. Бір жаманы, жігітшілігін жымын білдірмей жасай алмайды да көбі айғаймен аяқталады. Эйелі Зина да әккі болып алған, Анатолидің басқан ізін біліп отырады. Қымс етсе, қия басса парткомға, маған келеді. “Бөріктінің намысы бір.” Қолмен ұстаған, көзben көрген кісі жоқ. Екеуін табыстырып қоя беремін. Колыванов та ант-су ішіп, енді әйелге қарасам көзім шықын деп уәде беруін береді. Бірақ, көпке бармайды, ұмытып кетеді. Ал, әділдігін айтсақ жұмысқа, ел басқаруға мығым. Егін орағы, басқа бір науқандарда күндіз-түні жұмыс істеуге бар. Ұйымдастыру қабілеті күшті. Күнде лездеме өткізеді. Басқа уақытында механизаторлармен, малшылармен бірге болады.

Осындай күйбен тіршілікпен күз де аяқталып келеді. Егінді де қалың жаңбырға жеткізбей ысырапсыз жинап алдық. Енді, міне, бұл науқаннан кейін келетін партия ұйымдарының есеп беру, сайлау жиналыстары басталып кетті. Біздің кеңшарда цехтық ұйымдардың жиналыстары өткен, енді өзіміздің есеп беретін уақытымыз да келіп қалды. Кеңшар коммунистерінің жиналысын бірінші қарашаға белгілеп қойған едік. Аупарткоммен келісілген. Жиналысты ертең өткіземіз деген күні партком мәжілісін шақырып, жинағандарды баяндама-ның жалпы мәтінімен, басқа да құжаттармен де таныс-тырып, ақыл - кеңес құрып отырғанбыз. Аупарткомның бірінші хатшысы Владимир Николаевич телефон шалып отыр:

- Қосай Асхатович, жиналысқа дайындықтарыңыз қалай? Коммунистердің көңіл күйі жақсы ма? Шешілмеген проблемаларыңыз бар ма? Сөйлейтін коммунистердің ішінде сынар езу демагогтар жоқ па? деп үсті-үстіне сұрақтарды боратып жатыр. Ертеректе бекітілген кесте бойынша біздің жиналысқа аудандық атқару комитетінің төрағасы Мәжит Ғабдоллаұлы келмекші де. Біздің кеншарда жиі болып жүретін. Кеншардың жалпы жағдайы, жиналысқа дайындық шаралары туралы кеше ғана сұрап білген еді. Бізге ертең келетінін де хабарлаған. Енді, бүгін бірінші хатшының шұқшия сұрақ қойғанына түсіне қоймадым.

- Владимир Николаевич, сақадай сایмыз деуге болады. Жиналыс дұрыс өтүге тиісті. Цехтардағы есеп беру сайлаулары ұйымшылдықпен өткен. Қазір, партком мүшелерімен тағы да баяндаманы, басқа құжаттарды саралап, ой-елегінен өткізіп отырмыз дедім.

- Қосай Асхатович, менің үсті-үстіне сұрақ қойып жатқаным, ертең сіздің жиналысқа Мәжит Ғабдоллаұлы емес, мен келемін және жалғыз емес, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инспекторы Ермек Жүкеев және обкомның ұйымдастыру-партия бөлімінің бастығы Аркадий Николаевич Панчук бар, - деді.

- Владимир Николаевич, мұндай “бақытқа” не себепті душар болдым? деп сұрадым. Бастықтың жауабы қысқа болды.

- Біздің ауданнан сенің ұйымыңды өздері қалап алышп отыр. Өзіңе келген “бақыттың” басына теппе! - деді ол да әзілдеп. Басқа не айтайын, партком мүшелеріне бұл хабарды жеткіздім. Азды-көпті тәжірибе жинасам да, бұдан да жауапты мәслихаттарда да сөйлеп жүрсем де, сонау Орталық комитеттің өкілі, обкомның белді бір бөлім бастығы келеді дегенге алғашта абыржып

қалғаным рас еді. Жиналысқа дайындаған құжаттары-мызды қайта қарап, өзгерістер енгізіп, соған сай партком мүшелеріне жаңа тапсырыстар беріп, тарадық.

Жылда өтетін жиналыс қой, бұл жолы ерекше көңіл қойып діттең жатқаным, осы қонақтардың келуі, менің өміріме жол ашып, келешегіме жаңа бағыт сілтеді.

Сонымен ертеңінде, сағат 10 кезінде қонақтар келіп қалды да, Колыванов Амангелді ауылына апарып түске дейін шаруашылықпен таныстыруды. Жиналысымыз белгіленген уақытында, күндізгі сағат 15-00-де басталды. 12 коммунист жарыссөзге шықты, келгендерден В.Н.Воинков сөйледі. Ол кезде жиналыстың қай дәрежеде өткенін сынның аз, көптігіне қарап бағалайтын. Сын аз болған жоқ және әділ, орынды айтылып жатыр. Жиналысты жабысымен коммунистердің қатынасуымен партком мәжілісін өткізіп, мені хатшылықта қайта сайлады. Ұйымдық мәселелерді шешіп, шаруамыз аяқталған соң қонақтарды дәмге шақырдым. Асты үйде дайындастырып қойғанмын.

Аркадий Николаевич:

- Қосай Асхатович, тамаққа бармастан бұрын сізben бір әңгімеліз бар. Біз жиналыстың қонағы болу үшін ғана емес, қазактар “апама да барайын, тайымды да үйретіп алайын” демей ме, сол сияқты негізгі мұнда келгендегі мақсатымыз, сізге Обкомпарттың ұйымдастыру партия бөлімінің нұсқаушысы қызметін ұсынамыз. Ермек Жүкеевич кеңшарға келмей-ақ сіздің іс қағаздарынызбен танысқан. Шындығына келсек, ұсыныс жасаған Ерекен, біз ол кісіні қолдан отырмыз.

Бұл ұсыныс төбемнен жәй түскендей әсер етті. Біріншіден, мен үшін өрем жетпес биік шың: оған жанжақты білімі бар, ұйымдастыру қаблеті жоғары, екі тілді де жетік білетін, адамгершілік қасиеті мол адам ғана

лайық. Өзімнің топшылауымша, мен бұл талаптарға сай емеспін. Қонақтарға соны түсіндіріп жатырмын. Әңгімеге Жүкеев араласты:

- Қосай, жүрексінуің орынды шығар. Бірақ, өзің ойлаши, біз бәріміз де елден шықтық. Баставуыш үйымның жетекшілігінен бастап обкомның екінші хатшысына дейінгі баспалдақтардан өтіп, Оргалық комитетте істеп жатырмын. “Көз қорқақ, қол батыр” дейді. “Тәуекел” де. Әлгі өзің айтқан қасиеттер сенде де бар. Бізде қазақ кадрлары аз. Ал солардың бәрі елде туып, елде өскен, аш-жалаңаш күнелтіп, жалаңаяқ саз кешкен азаматтар ғой,- деді. Воинков та оларды қостап жатыр. Сонда да, мен келісімімді бере алмадым. Олардан құтылу үшін, үй-іші жандарымен, кәрі әкем бар, әйелім мұғалім солармен ақылдасайын деп, “ұзын арқан, кең тұсаумен” жөнелтпек болдым. Олар да қадалған жерінен қан алмай қоймайтын адамдар екен.

- Ойлан, он шақты күннен кейін обкомға шақыртамыз,- деп әңгімені түйіндейді.

Қонақтарға дәм беріп, аттандырып салысымен үй-ішімен ақылдассам, сексеннен асқан әкем: “Шырағым, өзің білесің,” деді, басқа не айтсын. Оның есесіне Меруерт:

- Жоқ, көшпейміз қалаға. Осы он шақты жылда бес жерге көшіппіз, орыстар бір көшкенді бір өртке теңейді. Екіншіден, қалаға барған соң мен тағы жұмыс іздеуім керек. Үйге жақын мектепте орын бола қойса жақсы. Қаланың бір басынан бір басына сабылып қалай жұмыс істеймін. Төрт баланы кім бағады? деп қыншылықтарды үйіп-төгіп жатыр. Бәрі де рас, қисыны бар уәждер. Құнде осы тақырып, бір мәмілелеге келе алмай журміз. Сөйтіп, жарты айға жуық уақыт өте шықты. Енді ұмытқан шығар деп көнілім орныға бастағанда: 17

қараша күніне Обкомға шақырған жеделхат келіп қалды. Сонда да бюорода жағдайымды айтсам зорлай қоймас деген үмітпен шақырған уақытында обкомда болдым. Мен “ұлкен” үйдің үшінші қабатына көтеріле бергенімде алдынан ұйымдастыру-партия бөлімінің инспекторы Кувшинов Михаил Сергеевич шыға келді, бұрыннан таныстығымыз бар болатын.

- Қосай Асхатович, Сізді Аркадий Николаевич күтіп отыр, - деп мені дедектетіп Панчукке алып барды.

- Жолдас Абдрахманов әңгімелесуғе уақыт жоқ, бүгін сағат 14-00 бюро, тұске дейін бөлімдерде, хатшыларда болуыңыз керек, - деді, асығыс амандасып тұрып. Менің дайындал келген сөздерім далада қалды. Мен: “Аркадий Николаевич ...” деп келе жатыр едім, ол: - Қосай Асхатович, мен шынын айтайын. Тұнеугұні өздеріңнен келісімен Ермек Жүкеевич бірінші хатшыға кіріп әңгімелесті. Сен туралы да сөз болды. Василий Петрович сені аппаратқа алу туралы келісімін беріп, бүгінгі бюорода бекітеміз деп айтып қалған. Ендігі әңгіменің қажеті жоқ. Мен коммунист ретінде уставтық міндеттінді есіне салмай-ақ қояйын. Обкомға келгеніңе өкінбейсің. Бір ай ішінде пәтер аласың. Әйеліңе мектептерден орын іздеу туралы қалалық оқу бөліміне тапсырыс берілді. Ба-рыңдар енді, Михаил Сергеевич, “жұғірмек” қағазынды ал да үгіт-насихат, ауыл шаруашылық бөлімдері мен хатшыларға апарып таныстырып, уақыт аз қалды, - деп қоя берді. Әңгімеде әрқайсысы ақыл-кеңестерін айтып жатыр. Ара-тұра, отбасым туралы да, кеңшардың шаруашылығына байланысты сұрақтар беріп те қояды. Бюорода да ұзақ болғаным жоқ, Панчук менің өмірбаянынан хабарлама жасады да, ұсынысын айтты. Жалғыз ғана сұрақ болды. Петропавл қаласының сол кездегі бірінші хатшысы, обкомның бюро мүшесі

Тауфық Фалиұлы: “Отбасыңызда неше жан бар?”- деп қалды. Отырғандар күліп жіберді. Өйткені, қала пәтер бөледі екен. Жанұямызда 7 жан болатын, бір-біржарым ай өтпей үш бөлмелі пәтер алдым. Сөйтіп ойда жоқта, 1967 жылдың қараша айында облыстық партия комитетіне қызметке ауыстым. Келесі күні сағат 9-00 жұмысқа келдім. Бөлім бастығы Аркадий Николаевич обкомның үшінші қабатында отыратынын кеше көргем. Жалпы үшінші қабаттың сол жақ қанаты түгелге жақын осы бөлімнің еншісінде екен. Салған бетте бастығыма кірдім. Ол кісі қоңырауын басып хатшы қызды шақырды да, бөлім қызметкерлерін жинауға тапсырыс берді. Бәрі орындарында екен, әлгіндей болмай жиналышп қалды. Бөлім менгерушісі: “Біздің гвардия Қосай Асхатовичпен толықты,” деп мені ұжымға таныстыруды да, бөлім туралы қысқаша шолу жасады. Бөлімде екі сектор бар екен; партесеп (партический) менгерушісі Клавдия Семеновна Максимова, кадр жұмысы Полина Артемьевна Шевченко, екеуі де тәжірибесі мол, ысылған адамдар, картотека жасап, құжаттармен жұмыс істей Лидия Гавриловна Куницаға жүктелген. Ал, “сен тұр мен атайын” дегендей, бірінен бірі өтетін, орда бұзар отыздың ішіндегі төрт жігіт ұстарадай лыптың тұр. Әрқайсысы екі-екіден бөлінген аудандармен жұмыс істейді, оның үстіне қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс жасап отырады екен. Мысалы, Олег Андреевич Петровский - советтермен, Борис Андреевич Водянов - комсомолмен, Михаил Сергеевич Кувшинов кәсіподактармен айналысады екен, ал Бархатовтың еншісіне Петропавл қаласы тиіпті. Маған қалғаны Сергеев, Тимирязев аудандары. Біздің міндетіміз өзімізге бекітілген аудандарда жоғары партия органдарының нұсқаулары мен қаулыларының орындалуын бақылау, жалпы аудандардың жәй-куйінен

хабардар болу. Осымен шолуды аяқтап, мені бұрыштағы кабинетке апарып, сейфтің, столдың кілтін беріп, орнымды көрсетіп шығып кетті. Жаңа қорага кірген қойдай антарылып, неден бастарымды білмей тұрып қалған маған Кувшинов:

- Қосеке, қалың жаудың қай жағынан шабарын білмей тұрған қас батырдай күй кешіп тұрғаныңды сеземін. Аппаратқа келгеніме көп уақыт болған жоқ, менің басымнан өткен жағдай, сен сейфінді аш та, ауданның басшы кадрлары туралы жинақталған материалдармен, бастауыш ұйымдар жөніндегі ақпараттармен мұқият таныса баста. Сосын әрі қарай өмірдің тасқынына легіп жүре бересің, кабинетінде көп отырғызып қоймайды. Аудандарға шығасың, халықпен кездесесің деп дем берген болды. Бір жақсы жері бұл ұжымдағы жігіттер ұйымшыл, біріне-бірі ақыл-кеңес беріп, керегінде көмегін де аямайды екен. Оған талай көзім жеткені бар.

Жұмыс жоспарым бойынша алғашқы іс шараларымның бірі - өзіме бекітілген аудандарға шығу, танысып қайту. Аудан басшыларының анкеталарын алып, кімнің кім екенін құжаттары арқылы жадыма жазып алдым ғой. Аудандардың партия жүйесі, қоғамдық ұйымдардың құрылымдары туралы да қойын дәптеріме тұртіп қойғамын. Екі ауданның шаруашылық жағдайын, экономикасын да терең талдап ұлгермесем де жалпы жетістіктері мол, өрлеу үстінде екенін анғара бастағанмын. Менің алдында осы аудандарға куратор болған Еркін Мейірманов деген азаматтың ерінбей-талмай, ұқыптылықпен жинаған материалдары қаншама бай болса да көзben көріп қолмен ұстағандай болсын ба? Бірекі апта кабинетте отырғаннан кейін аудандарды аралауға шықтым.

Танысады алыстағы Тимирязев ауданынан емес,

Сергеевтен (осы күнгі Шал ақын) бастауым, өз елім болғанынан емес, бұкіл Қазақстан өз еліміз ғой, басқа бір себебі болды. Ауданның екінші хатшысы Ступаченко деген жігіт: “Ертең Семиполка кеңшарында жаңа мектеп үйін пайдалануға береміз. Егер ертең келсөніз, игілікті үлкен бір істің күесі боласыз,” - деп айтып қалған еді. Мен кешегі мектеп директорымын ғой. Жеті жыл өтсе де мектепке бүйрекім бұрып тұрады. Сонымен Ступаченконың ұсынысын қабыл алыш, келесі күні Семиполкада болдық. 360 орындық мектеп үйін кеңшарда салу оңай емес. Оқу жылына қарсы бітіре алмаса керек. Енді, міне, жаңа жылға (1968 ж.) қарсы пайдалануға бермекші. Мектептің лентасын қызысып, ішін аралап көріп, салтанатты митингіде халықтың дәстүрі бойынша 2000-жылғы оқушыларға арналған үндеуді капсулаға салып, ірге тастың түбіне көміп кеттік. Ертеңінде екі-үш шаруашылықты аралап, аудандық оқу бөлімі, мәдениет ошақтарына кіріп шықтым, келесі екі күнді осы жобамен Тимирязев ауданында өткіздім. Сонымен екі ауданда болыш, бір қапшық толы әсермен оралдым. Кетерде жасап алған естелігім (памятка) орындалған сияқты, белгіленген сұрақтарыма жауап алған едім. Келесі күні мен бөлім бастығының атына анықтама-ақпарат жазып, көргенімді, көңілге түйгенімді саралап, баянdap бермекші болдым. Жазғанымды бастыққа бермей тұрып, әріптестеріме оқып беруді мақұл көрдім. Бұл ниетімнің үлкен пікір талас тудыратының қайдан білейін.

- Сен, - дейді Олег Андреевич, - облыстық партия комитетінің қызметкерісін, тіпті ауыл шаруашылығы бөлімінде істесен бір сәрі, сондықтан партия жұмысына көбірек көңіл бөліп, аупарткомның, парткомның жұмысына тереңірек талдау жасауын қажет десе, Борис

Андреевич Водянов: Тоқта, Олег Андреевич, өндіріске, нақтылап айтсақ, ауыл шаруашылығына партиялық басшылық деген қайда? Партиялық бақылау қайда?

- Партиялық бақылау, партиялық басшылық сол шаруашылықта істейтін коммунистер арқылы жасалады ғой - деп Михаил Сергеевич қосылды айтысқа.

- Сонда қалай коммунист сауыншы, партия мүшесі - малшы партияда жоқтардың жұмысын тексеріп отыра ма? Сиырын сауып бере ме? Мамандар зоотехник, ветврач, бригадир, т.б. не үшін ақша алады?

- Ол өз алдына, - дейді Олег Андреевич, - партиялық басшылық дегеніміз партияға жұмысшылардан көбірек мүше алу, партия топтарын құру, цехтық партия ұясының (ячайкасын) жұмысын жақсарту.

- “Жұмысшы, жұмысшы” деп жүргендеге келешегі зор, ертең басшы болуға тіпті бүгін болуға да дайын мамандар бар. Бірақ бір маманды кандидаттыққа алу үшін кем дегенде 4 жұмысшыны қоса аласың. Ал, шынын айтсақ малшылар арасынан партияға өтуге құлшыныс жасап отыргандары шамалы, - дедім, (бұл арада үлкен қате жібергенімді байқамай қалдым). Екіншіден, дедім, партияға мүше алуда ұлтына қарап та шек қою дұрыс емес. Мысалы, кешегі мен істеген кеңшарда Садуақасов Қайыrbай деген бас зоотехник бар. Келешегі мол, дайын директор, бірақ партияда жоқ. Оны партияға алу үшін кем дегенде бес басқа ұлт өкілдерін алу керек болды. Партияға кандидаттар алу үшін жұмысшылар 70 пайыздан кем болмасын, ал қазақтар 20 пайыздан көп болмасын деген бар ғой, - дегенде әріптестерім үндеңей қалды. Сөйтсем, мен анқаулықпен екінші үлкен қате жіберіп күнәмді қалыңдатып алғанымды сезбеппін, ойымды қайта терендетіп: Қазақстанда партияға қазақтарды алмау, алуға лимит

беру дұрыс емес деп ойлаймын. Сол сияқты мамандарды, қызметкерлерді пайзызына қарамай, іскер, дұрыс адам болса шектемеген дұрыс.

- Енді Анатолий Петрович сөзге араласты:

- Партияның бұл талабы дұрыс. СОКП жұмысшы табының партиясы, сондықтан құрамында жұмысшы-шаруа көп болса оппортунистік пиғылдан аулақ боламыз, - деп теорияға қарай бет бүрдые.

- Қазір біз таптар арасындағы шекара бұзылып келеді деп жүрміз ғой. Партия совет халқының партиясы емес пе? дейді Кувшинов.

- Жігіттер біз тақырыптан ауытқып бара жатырмыз, - деді Борис. Қосайдың анықтамасына қайта оралсақ шындығында аудандардың шаруашылық жағдайына көбірек көңіл бөлініп, партия түрмисы, коммунистердің іс әрекеті тасада қалған сияқты. Ал записканды қайта жазасың ба, осы қалпында қалдырасың ба, оны өзің біл. Менімше осы қалпында бере бер. Бөлім бастығы мүмкін басқаша ойлар. Әрине, бұл мен үшін үлкен сабак болды. Дегенмен, партия жұмысында осындай талас тудыратын тақырыптар көп екенін білсек те, СОКП-ның көрін қазып жатқан ұсақ та болса осындай кемшіліктер екенін сезбеппіз ғой. Өйткені, пікір таласында тайып кетсең сүйегінді де жинап ала алмайды. Жоғарыда бір кеште жіберген екі қатем иығымда отырган әзірейілдің назарынан тыс қалмағанын көп кейін білдім.

Ертеңінде анықтамамды бөлім бастығына бердім. Ол кісі неше барсаң да ылғи қағаздың “арасында” отырады. Анықтаманы әр жерінен бір қарап шықты да:

- Бізде қағазға, жазуға көп көңіл бөлінеді. Сауатты, мазмұнды жазуға машықтана бергенің дұрыс. Мына анықтаманы Куницаға бер. Картотекаға салсын, баянда-

ма, ақпарат жазғанда кәдеге асып кетер, - деді. Лидия Гавриловнаның кабинетіне кірсем, бір жақ қабырғаны түгелге жақын алыш тұрған жәшік, кішкене суырма есігі бар; 30 шақты ұяға бөлінген; әрбір ауданның, қоғамдық ұйымдардың аттары жазылған. Сол ұядан керек құжатынды оңай тауып аласын. Осылай біртіндеп ұйымға кіріге бастадым.

Біздің бөлімде, басқа ұжымдар да бар ғой, қызметкерлердің туған күнін атап өтетін дәстүр сақталыпты. Мен бір жылдан аса істеп қалдым. Бөлімнің барлық мүшелері туған күндерін атап болды. Менде үн жоқ. Бір күні жолдастарым маған бас салды:

- Сен неге туған күніңді бізге айтпайсың. Тым болмаса құттықтап қалайық, - дейді Кувшинов.

- Немді айтайын менде туған күн жоқ, - деймін.

- Сен бізді мазақ қылма. Анатолий, партия есебі секторынан білші, қашан туған еken, - деді Водянов, Бархатов Клавдия Семеновнаға барып келіп.

- Партия құжаттарында туған айы, күні жоқ еken, - деді.

- Ендеше төлқұжатынды көрсет, - дейді Кувшинов.

Төлқұжатымды көрсеттім, сосын шынымды айттым.

- Мен туғанда туу туралы күелік ауылдарда болмаса керек. Ауылдық кеңесте жалпы қалың кітап болған. Соған нәрестенің ата-анасы келіп тіркеткен күні жазылады. Ол бір айдасын тіркете ме, бір жылдан кейін келе ме, бір құдай біледі және ауылдық кеңеске келгендер қараңғы адамдар, айы, күнін ұмытып қалады. Кеңестің хатшысында да білім шамалы, ата-аналардың айтқанын жаза салады. Менің әңгімемді естіген жолдастарым сол бір кезде кеткен қателікті түзетуге кіріstі.

- Қосай Асхатович, 365 күннің бірін таңда. Енді партбилетті ауыстыру басталады, сонда жаздырамыз, содан

кейін төлкүжатқа жаздыру оңай ғой. Кәне белгіле туған күнінді, - деп әріптерім қоятын емес. Бұл әңгіме 1 мамырдың қарсаңында қозғалды. Мереке шеруін өткізіп төмендегі асхана-буфетке кіріп шығатын әдетіміз болатын. Әйтеүір де мерекені атап өткіземіз ғой, - деп ойладым да:

- Құжаттарымда туған күнім, айы көрсетілмесе де әке шешем 1-ші мамырда туғансың дейтін еді, мен 1-ші мамырда дүниеге келіппін, - деуім бар ғой. Міне, содан бері құжаттарымда да, атап өтетін күнім де 1-ші мамыр болып шыға келді.

Осылай ұжымға сінісп, жолдастардың көмегімен жұмысты да менгеруге тырысып келемін. Жиі-жіі аудандарға шығамын, оның үстіне бюро мен секретариат мәжілістерінде қаралатын мәселелерді дайындауға қатынасамын. Мұндай іссапарға екеу, кейде ұшеулеп шығамыз, алтап жатамыз. Бюро, секретариатқа дайындаған мәселелердің құжаттары қаулы мен анықтаманың жобасын сол ауданда жазып, бюро мүшелеріне оқып береміз. Сондықтан әр сейлем деректермен дәлелденген, әділ болу керек. Жан бермек оңай емес, көбіне біз кемшіліктерді тізбелейміз ғой. Соның өзінде “тырнақ астынан кір іздел” ұсақ-түйек қателіктеге барып оңай ұпай жимаймыз. Енді ауданға барсам алдыменен аупарткомға, кеңшарға барсам парткомға кіремін, көбінесе жұмысшылармен, қатардағы коммунистермен кездесіп, әңгімелесуді жұмыс стиліме айналдырып келемін. Артынан ойлаймын: “Бізді, СОКП-ны құртқан осы “партия басшылығы” деген принцип. Соны жеңеу еткен партияның араласпайтын мәселесі, кіріспейтін шаруасы болмайтын. Ол халықаралық, отан қорғау мәселелерінен бастап, малды ұрықтандыруға дейін, егінді қай күні себуге дейін нұсқау беріп отыратын еді. Кейінгі жылдары, осыған орай, пар-

тияның басшы қызметкерлері (хатшылары) маман болу керек деген талап қойылды. Маман болғанда аудандар үшін ауыл шаруашылығы білімі бар, қала үшін инженер-техниктер, т.б. Гуманитарлық біліммен алысқа бара алмайсың. Осыны бетіме басып бастығым: “Сырттан оқып ауыл шаруашылық маманы болып алмайсың ба,” - деп ызындаі берді. Қырық жасқа келгенде сырттай оқу оңай ма және жұмыс та жеңіл емес. Сонда да көбіне көп бастықтың ызындан құтылайын деп, Алматыдағы СОКП-ның жоғары мектебінің филиалына түсуге бел будым. Оқу мерзімі үш жыл, жылына 20 күннен екі рет шақырып оқытады, емтихан алады. Шынын айтсам оқуы жеңіл, жанға бататын ештеңесі жоқ. Бос уақытты Орекенің өзі-ақ толтырады. Орекен - Ораз менің жолдасым. Жолдастығымыз кіршіксіз таза, болаттай берік болатын. Оның үйі менің өз үйімдей. Осыған тақілеттес бір қарияның өсіеті еске түседі. Баяғыда бір абыз бақылышқа аттанар шағында, жалғыз ұлын шақырып алды:

- Балам, саған тапсыратын үш аманатым бар. Біріншісі, жер астында тығулы таусылмас қазына бар. Ерінбей тер төгіп нәсібенді ала біл.

Екіншіден, қала сайын үй сал, барғанда тайрандал, қысылмай қымтырылмайтын боласын.

Үшіншіден, ай сайын қатын ал. Тату-тәтті тұрмыс құр. Ұрыс кірген үйден ырыс кетеді деген екен. Жігіт байғұс ақымақтау адам болса керек. Шалдың өсіетін түсінбей, үйдің маңын күні-түні қазады. Қалжырайды, шаршайды. Қазына жоқ. Қала сайын үй салдырады, ол бос тұрады. Үйдегі жиған-терген таусылып, дәулеті шайқала бастайды. Ай сайын қатын алам деп, әкесі қалдырған қора-қора қойлардан, үйір-үйір жылқыдан тігерге тұяқ қалмайды. Соңғы әйелімен қоштасу кешінде әйелі: неге мұндай ақымақтық жасадың? деп сұрағанда жігіт:

әкем көп ауырып еді, өлерінде өсиет деп айтқаны сандырағы екен, мен шын сөзі деп сеніппін дейді де әкесінің айтқанын баяндап береді ғой.

Әйелі ақылды адам болса керек, күйеуін тындал болғаннан кейін:

- Жігітім әкең алжыған жоқ, сен ақымақ әкенің тұспалдаған айтқанын түсінбепсің. Бірінші өсиеті жер астында қазына бар дегені бар байлық жерде, тер төк, егін сал, мал бақ дегені. Қала сайын үй сал дегені қала сайын жолдасың болсын. Бара қалғанда күн демей, түн демей қабақ шытпайтын досың болсын дегені. Ал, ай сайын “қатын ал” дегені, әйеліңмен жаңада үйленгендей маҳабаттарың берік, сыйластықпен өмір сүріндер дегені емес пе? деп қеліншек атасының өсиетін шешіп берген екен.

Сол сияқты, Орекең үйі менің өз үйімдей. Ол қазір орта және жоғары оқу министрлігінде істейді. Алматыға келгеніне де 3-4 жыл болып қалды. Сауықшыл, ақжарқын, сегіз қырлы бір сырлы өнерлі жігіт еді. Ол Преснов ауданында орта мектептің директоры болыш істеген. Светлана деген әйелі бар болатын. Заты орыс демесен, мінездүкүлкү атамгершілік қасиеті жағынан “мынау” деген қазақ әйелдерінен кем түспейтін адам.

Алматыға көшіп келгелі телефонмен ғана хабарласып тұратынбыз. Енді, міне жол тұсіп астанаға келе жатырмын деп телефон шалып едім. Бізді аэропортта қарсы алды. Бізді деп отырғаным қасымда осы окуға ниет етіп келе жатқан Мусин Серік дейтін жігіт, Бескөл ауданында ау-партикомның II хатшысы. Соғыстан бұрын Қазақ ССР Жоғарғы кенесіне депутат болып сайланған (алғашқы сайлауда) Мусин Үмітбай деген кісінің баласы. Комсомолдан келген жас жігіт, қызы мінезді аңқылдаған ақ көніл азамат.

Орекең қарсы алып, партия мектебінің жатаханасына

орналасқан бізді үйіне алып барды. Үйіне келе жатқанда:

- Қосай, сен таңданбай-ақ қой, шошып кетіп жүрме, Бұгін Құлекең деген женғенің (Орекең менен 3-4 жастай үлкен еді) қолынан дәм татасың. Светланадан айырылысып кеткенмін, себебін артынан айтартмын деді.

Бізді жылы жұзді, жайдары бес биенің сабасындай деңесі кең, ақ сары, дөңгелек жұзді келіншек қарсы алды. Жасы біразға келгенімен “сырлы қасықтың сырьы кетсе де, сыны кетпепті” дегендей, жас кезіндегі көркем, сұлулықтың табы келбетінен кете қоймағанын аңғартады. Пәлен жыл көрмеген бір жақын туысындай мол құшағын айқара ашып:

- Орекең, “Қосай, Қосай” деп аузынан тастамайтын қайнам сен екенсің ғой. Тіпті жиі-жіңі айта берген соң қызғана да бастадым. Жоғары, төрге шығындар, - деп бәйек болып жатыр.

- Құлеке, қалған таныстықты кейінге қалдырайық, асынды әзірле. Мен қонақтарды аэропорттан қарсы алып, жатаханаларына орналастырып ас ішкізбестен алып келдім, - деді Орекең. Алматыға келгенде, кетерде әмтихан тапсырған күндері, жатақханаға қондырмайды, үйіне алып кетеді. Сол бір кештер өте көңілді өтетін еді. Орекең тұла бойы толған өнер, бір өзі бір театр. Домбыраға қосып тамылжыта салған ән әуені содан бері 30-40 жыл өтсе де құлағымнан кетпейді. Орекең билегенде аяғы паркетке тимей сүйкеп отыратын, вальсте шырқекебелек айналғанда, басқалар билегендерін қоя тұрып, қызыға қарап қалатын еді. Құлекеңмен кездесуі де осы өнердің арқасында ма екен? Өйткені, сол келген күні ас ішіп болған соң, ол кісінің 2-3 әнін естіп, риза болғаным бар. Орекеңнің жолдастыққа адал, өзім деген жігітке қонетін кесіп беретін жомарт, сертке берік азамат болғаным мен эйел жынысына тұрақсыздау еді. Балуан Шолақтың:

Атандым Нұрмәғанбет-Балуан Шолақ

Бір қолым үсіп кетіп болдым олақ.

Сұлу қызы, келіншекке тыйышсыздаумын

Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол -ақ! дегенін Орекеңе де жапсыра салсақ оң болар еді. Келесі жолы Алматыға барғанда Орекең аэропорттан қарсы алды да:

- Қосай, бүгін біз Құлекеңе бармаймыз. Мен Раушан деген келіншекке үйленгемін. Басқа сұрағың болса кейін қоярсың, жүр мәшинеге, - деді. Басқа қандай болмасын мәселеде телефон шалып та, қазақтар айтады ғой “ат сатсаң аулыңмен” деп, ақылдасып жатамыз. Ал, Орекең әйел мәселесі туралы сұрақ қойып, мен ақыл айтып көрген жоқпын. Бұл мәселе туралы қанша жақының болса да ақылшы болуға болмайды ғой деп ойлаймын. Сондықтан үндемеймін, қай әйеліне апарса да жұғыса кетем.

- Ассалау мағалайкүм деп үйге сәлем беріп кіріп келгенімізде ас үйден орта бойлы, бидай өнді, қыпша бел келіншек тазыдан қашқан түлкідей сылаң етіп шыға келді. Өзі де сүйкімді, еліктің лағындей екен.

- Сәлематсыз ба, жеңгетай, сізді көріп қойдым, көрімдік сұрайтын кісі де жоқ. Мына гүл сізге - деп, жолда тоқтап алған букетімді ұсындым.

- Е, көрімдікті маған бересің, енді кімге берейін деп едің? деп Орекең іліп әкетті.

- Саған осы Раушан женгеміздің өзі көрімдік емес пе? Одан артық көрімдік бола ма? деймін мен. Жата-жастана жақсы танысып та қалдық, ашық мінезді, жайдары адам екен. Орекеңнен 12-15 жастай кіші, мамандығы дәрігер. Медицина ғылымының кандидаты. Бір күйеуге тиіп айрылысып кеткен көрінеді. Содан кейін диссертациясын қорғағанша күйеуге тилю мәселесін жиып қойса керек. Диссертация тақырыбы - өкпе ауруы. Кохтың таяқшасын таңдау себебі жас кезінде пневманиямен өзі де ауырған

булуды керек. Сөйтіп Раушан бір арманы орындалып, ғылыми атағын алғасын жігіттерге көз тастай бастайды ғой. Міне, сол кезде іздегенге сұраған, біздің Орекең кездесіп қалған екен. Құлекеңнен тығылды, махабаттың кәусарын үрлап ішіп жүргенде Раушан мәселені тігінен қояды: “Не мен, не Құлтай.” Орекең енді қасқырдан қашып, тұлкінің ініне кіріп кеткен қояндай күй кешеді. Ақыры сары шамаданға көйлегі мен галстуктерін салып алды, Құлекең жоқта қашып отырып Раушанға келген ғой.

Ойнап-құліп, әзіл-оспақ әңгімемен ара-тұра әдемі ән мен сол кешті өткіздік. Жаңа женгеміз жақсы қарсы алды. Риза болып мен кеттім. 5-6 айдан кейін Алматыға, партия мектебіне тағы да келдім. Аңқылдаған Орекең тағы қарсы алды. Құшактасып, амандық сұрасып, мәшинеге отырысымен:

- Қосеке, бүтін өзің билетін Құлекеннің үйіне барамыз, -деп қарап отыр.

- Ой, Ореке, Раушан қайда? деймін мен.

- Ойбай, оның тарихы бар. Раушанмен қалай кездесіп, қалай үйленгенімді білесің. Құлтайдан қашып кеткендей, ол жоқта тайып тұрып едім ғой. Неге, кімге кеткенимді де айтқан жоқпын да. Сонымен не керек Раушанмен, өзің көрдің ғой, тату-тәтті, сыйластықпен 4-5 ай тұрмыс құрдық. Ол уақытты Құлекең бос жібермеліті Раушанның кім екенін, тұп-тұқиясына дейін біліп алышты. Оның бір кезде өкпе ауруына шалдыққанын, сондықтан өз өмірін туберкулезге қарсы құреске арнап, диссертация қорғағанын, бұрын бір күйеуге шыққанын, тіпті анасынан тұғаннан бергі өмір тарихын жинастырган екен. Енді Құлекең жұмыс аяғында мені тосып, ұстап алады да:

- Ореке, бишара өлдің ғой. Раушанның қасында қалай жатасың, онымен бірге қалай тамақ ішесің, қалай сүйесің? Оның маңы, үйдің іші толған кохтың таяқшасы.

Сорлы неме-ау, тұнде ауызынды ашып, дем алғанда аузы мұрныңа неше миллион таяқшалар жыбырлап кіріп жатпай ма? Ауруханадан-тубдиспансерден өкпесін құрт же-ген ауруларды емдең үйге келгенде киімінде, үсті басында қашама таяқша, таяқша емес-ау құрт жабысып бірге келмей ме? Жылы үйге келгеннен кейін олардың көбейетінін білесің бе? Енді солар сен сорлының, сениң өкпендері жей бастады ғой. Қаш, пәледен! Үйге қайт аманында! Өзің 4-5 айда жүдеп қапсың, түрің, реңің маған ұнамайды, сен аурусың, саған күтім керек. Менсіз өлесің, - деп күнде мені ұстап алыш қақсай береді.

Алғашқы кезде мән бермей жүрсемде, тамшы да тасты теспей ме, кейін ойланған бастадым, үйқыдан қалдым. Жұмыстан шәршап келіп, көзім үйқыға жұмыла бастаса-ақ аузы-мұрныма, тіпті құлағым мен көзіме әлгі Кулекен айтқан түберкулездің таяқшалары ирелендер леклегімен кіріп-шығып жатқандай сезіледі. Қалжырап, таң ата қалғып кетсем әлгі таяқшалар ат болып тебеді, ит болып қабады, жан терім шыға ояна келемін. Жүрегім ескі машинаның моторындағы сарт-сұрт соғады. Қаншаға шыдайын, осылай бір айдай қиналып журдім де, бір күні баяғы сары шамаданға көйлек-көншігімді салып алыш, Кулекене қайта келдім - деп әңгімесін аяқтады.

- Бірақ Кулекен де Оразының қызығын ұзақ көре алмады, турасын айтсақ айырылып қалды. Аярлық қылық біреуге жаққанмен біреуге жақпайды. Дүниеде Күлекен-нен де құлығы жағынан да; қызметі жағынан да күшті бір эйел кездесті де Орекенді тартып алды. Орекен жәй жүре ме, бірде Министрлер кеңесінің демалыс үйінде бір эйелмен танысып қалады. Аты Жәмила, жасы 45-тер шамасында, Министрлер кеңесінде әкімшілік-зан бөлімінің (административно-правовой) менгерушісі болып істейді. 10 шақты жыл бұрын күйеуі өлген, сүр бойдақ эйел екен.

Азулы, іскер, қадалған жерінен қан алатын, мақсатына жету үшін еш нәрседен тайынбайтын ер мінезді кісі болып шықты. Бірте-бірте Орекең бұрынғы бостандығынан, еркіндігінен айрылды, еркелік шектеулі, билегенде өзімен ғана. Жәкең Орекенді жұмысқа машинасымен апарып, кешке соғып ала қайтады.

Күлекең де өр мінезді әрі айлакер әйел ғой, алғашқы кезде жұмыс орнына келіп, Орекенді үйіне апарып, кейде қондырып та жіберген көрінеді. Жәмила Күлекенден де өткен айдаңар әйел екен, Күлтайдың адресін біліп алып, милиционер жіберіп Оразды жатқан жылы жерінен киіндіріп үйіне әкелдірген ғой. Содан кейін ғана Күлекең байғұс Оразынан күдер үзіп тынды.

Орекең өткен ғасырдың 80 жылдардың аяғына қарай қайтыс болып, осы Жәмиланың үйінен аруланып, шығарылды. Олар он шақты жылдай бірге тұрып қалды...

Сейтіп Алматыға келген сайын Орекеннің жаңа отауларына келіп жүріп партия мектебін де бітіріп алдық. Қызметте де ысылып алдым, азды-көпті жинаған тәжірибелем бар. Екі-үш жыл обкомда инструктор болып істеген соң бөлім бастығының орынбасары қызметіне бекітті. Бұл лауазымға қазақ болған соң жоғарылатқаны ма деп ойлад жүрдім. Обкомның бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденко ұлттық кадрларды көзінен таса қылмай, қолынан іс келетіндерді көтеріп, қызметте өсіріп отырды. Қай мекеме болсын екі бастықтың біреуі қазақ болғанын қадағалап отыратын еді. Мені жоғарылатқанда осы ұлттық жәйім себеп болды ма дейтінім, менің әріптестерімнің қайсысы болмасын қағаз жазудан да (негізгі жұмысымыз қаулы-қарарлар жазу), іс-тәжіриbesі жағынан да менен көш ілгері ғой деп жобалайтынмын. Әрине, бұл жағдай менің жұмысқа деген жауапкершілігімді арттыра, көп ізденуге, көп оқып, білуге қамшылай түседі.

Сонымен бірге, өзімді партия тұрмысына тәселіп қалғандай сезінетім де рас. Дегенмен кейде терең ойлап, кең піші алмай сыр беріп қалатыным да болып жүрді.

Бірде, бөлім бастығы демалыста болатын. Одақтың Жоғарғы Кеңесіне депутаттар дайындал жатқан кез. Алматыдан, ЦК-ның болашақ депутаттардың қандай адамдар екенін суреттеп беретін уақыт қой. Біздің облыстың үш адам депутат болуы керек, біреуі белгілі обкомның бірінші хатшысы. Екі адамды біз беруіміз керек. Оның біреуі қазақ, ер адам. Білімі орта, өзі механизатор, Ленин, тым болмаса Еңбек қызыл ту орденінің иегері болсын деп, аты жөнінен басқасын айтып беріп отыр. Екінші адам: жынысы әйел, қаладан, өндіріс орнының маманжұмысшысы, ұлты орыс, білімі ортадан тәмен болмасын. Екеуі де 21-27 жастар арасында, - деп жазбаша суреттің жасап берді. Бұл талаптарды алысымен біріншіге көрсетіп, аудандарға, горкомға жібергенмін. ЦК енді осы талапқа сай екі адамның аты-жөнін ертеңнен арғы күні жібер деп қысып жатыр. Аудандардан келген ұсыныстар бар. Солардың ішінен бір қазақ-механизаторды, қаладан Ленин атындағы зауыттың жұмысшысын алып Василий Петровиче бардым. Ол кісі аудан мен қаладан келген мінездеме, анықтама қағаздарын мұқиат оқып, фото-суреттерін жіті қарап шықты да:

- Қосай, қаланың таңдаулысын маған бүтін сағат 15-ке шақыр, ал Ленин ауданы ұсынған механизаторды кешкі сағат 17-де менімен жолықтыр. Әңгімелесейік, - деп мені шығарып салды. Апарған құжаттарымды құшақтап каби-нетіме келдім. Сасуға айналдым. Ертең Алматыға ұшатын кісімен ұсыныстарымызды ЦК-ға жіберу керек, бір сенімді адаммен сөйлесіп қойғанмын. Бүгін шақырған кандидаттарымды бірінші құптаса жарайды, құптамаса не істеймін. Түбінде таяқ жейтін менмін. Амал жоқ каби-

нетке келісімен Ленин ауданының бірінші хатшысын тауып алғып құдай ондағанда, бюро күні, хатшы орнында екен, Василий Петровичтің тапсырмасын жеткіздім, Бексұлтанды (Бұлақ кеңшарының механизаторы) сағат 17-ге обкомға жеткіз деп тапсырдым.

Горкомға, Тауфық Ғалиевичке звондал Трубникова Людмила Ивановнаны түстен кейін, сағат 15-00 шақырдым. Біріншігө апардым. Басекең (Демиденконы өз ара Басеке, ВП дейтінбіз) орнынан тұрып қарсы алғып, Трубникованы ұзын столға жақын отырғызды, өзі де сол столға жайғасты. Мен қыздың сол жағынан орын алдым. Людмиланың құжаттары алдында жатқан. Бірінші хатшы оның өмір жолынан, отбасы тұрмысынан, өндіріс жағдайынан, өзінің табыстары мен пайдаланылмай келе жатқан мүмкіншіліктері туралы шүқшия сұрақ қойып отыр. Біраздан кейін:

- Біз сіздің өндіріс озаты екеніңізді білеміз. Комсомолда қоғамдық негізде жұмыс істеп көзге түскенсіз. Партия мүшелігіне кандидат болып өтуге талап білдірген көрінесіз. Оған асығудың қажеті жоқ (бізге ЦК-ның бергені; біреуі партия мүшесі, біреуі комсомол мүшесі болсын деген). Комсомол комитетінің белсенді мүшесі екенсіз. Жастардың арасында көбірек болып, ақылшы болуыңызды тілеймін, хош сау болуыңыз, - деп есікке дейін шығарып салды. Мен Людмилаға: бөлімде мені тоса тұрыңыз - деп, өзім кабинетте бөгеліп қалдым. Василий Петрович:

- Құжаттарын дайындаі беріндер. Кішкене ұяндау екен. Оны түзетуге болар. Ысылады, ақыл айтып отырамыз фой. Сағат 5-те Бексұлтаның келе ме, көрсеткіштері тәуір сияқты, енді өзін әкел, - деп мені қоя берді. Бір сыннан өттім, енді Бексұлтаным өтсе екен деп бөлімге оралдым. Трубниковадан жұмыс уақытында обкомға шақыр-

ғанымызға кешірім сұрап, неге қозғағанымызға анаумынау сылтау айтып қоя бердім. Күнібұрын: сені депутаттыққа ұсынып едік, - деп айтуда құқығымыз жок. Әлі ЦК не дейді?

Енді Бексұлтанды тосып отырмын. Құжаттары мықты. Ленин орденімен наградталған, партия мүшесі. Бес те болды, Бексұлтан да келді. Зырылдатып Василий Петровичке алып бардым. Мен уақытында келе қалғанына қуанып қалдым. Бастық Бекене шүкшія сұрақ қоя бастады. Бексұлтанды “ия”, “жоқ” дегеннен басқа сөз жок. Мен олардың сұрақ-жауаптарын тыңдай отырып, тұртұрпатына енді ғана көз тоқтатып отырмын. Шынын айтайдын, қарным ашып қалды. Аласа бойлы, кеншар жұмысынан қажыған, 27 жаста дейтін емес, ерте қартая бастаған ауыл адамы. Әңгімелеге шорқақ, әр сөзді суыртпақтап әрең шығарады. Әңгімесін аяқтай келе бірінші хатшы:

- Бексұлтан, өзінді газеттен, теледидардан жиі оқып, тыңдал журміз. Бір кездесіп, әңгімелессем бе деп едім. Сәті бүгін түсті. Қандай сұрағың, бұйымтайың бар. Ленин орденін алған механизаторлар көп емес. Сендерге есік ашық, - деп қарқылдап күліп, арқадан қағып шығарып салды:

- Қосай, Бексұлтанды бұрын көріп пе едің?
- Жоқ.
- Біз КСРО Жоғарғы Кенесіне депутаттыққа кандидат ұсынып отырмыз ғой. Бұл бізден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жоғарғы кеңестің депутаты үлкен республиканың бірі Қазақстанның өкілі болу керек. Сессияда сөйлей қалса да, шет елге бара қалса да “мен қазақ деген халықтың ұлымын” деп тұр-тұлғасымен де, шешендік әрі тапқыр айтқыштығымен де жүртты аузына қаратында болу керек. Мұндайда тұр-тұлғасына да көніл бөлген дұрыс. Сен Сәтпаевтың Англияда болғанда оған

осы тақылеттес сұрақ қойып: қазақтардың бәрі де сіздей бойшаң ба? дегенде жоқ, қазақ деген шетінен алғып ұлт, мен кішкентай, аласасы едім, - депті. Сол сияқты еңбек-іне түрі сай, ашық еркін сөйлейтін бір пысық жігіт таба алмадың ба? дегенде төбемнен қамшымен тартып жібергендей әсер етті. Бірақ, айтуы дұрыс, ақталуға болмайды. Шынында мен де, аудан басшылары да еңбек көрсеткішін негізге алғып сырт пішініне көніл аудармап-пыз. Жұмыс озаты екені, Ленин орденімен маралатталғаны рас, жасы да келіп түр. Өзі партия мүшесі. Суретіне қарал бойын да, ойын да тану қыын ғой. Бексұлтанмен жиекездесіп жүретін аудан басшыларын не қара басқанын қайдан білейін. Таяқты мен жедім.

- Ертең тұске дейін лайықты кандидат тап. Бұкіл облыстын ондай адам жоқ дегенге нанбаймын. Ленин орденін алғандардың ішінде ондай адам жоқ болса, Еңбек қызыл ту ордені иегерлерінің арасынан іздеңдер. Ертең кешкі самолетпен біз ұсынысымызды жіберетін болайық. Бар, уақыт тығыз, - деді.

Барлық аудандарды, бұкіл облысты әбігерге салып дүрліктірмей, қазағы көп 3-4 ауданға шұғыл тапсырма беріп қойдым. Бүгін кешкі 9-00 дейін, асса тәңертеңгі 9-00 тапқан адамдарыңыздың көрсеткішін телефонмен маған хабарлаңыздар, - дедім. Уақыт жағынан қысып жатқаным, бұл мәселемен олар жарты айдай айналысты ғой. Барлық лайықты деген адамдар қолдарында. Сағат кешкі 7-00 кезінде Преснов ауданының бірінші хатшысы телефон шалып түр:

- Қосеке, таптық керек адамынды деп, Талғат Әділбеков деген жігіттің көрсеткіштерін, анықтамасын беріп түр. Фамилиясы таныс сияқты болды да, жүзі де көз алдым елестегендей болды. Жасы 25-те, еңбек Қызыл ту ордені бар, партия мүшесі, трактор бригадасын басқара-

ды екен. Енді есіме түсті өткен жылы драма театрында озат механизаторлардың жиналышында бір еңгезердей қара торы жігіт маған сәлем беріп:

- Қосай Асхатович, сіз мені танымай тұрсыз ғой. Мен Николаевқа мектебінде сізден 5 класта оқығанмын деді. Аты-жөнін айтқан, сол жиында Еңбек қызыл ту орденін алған.

Енді есіме түсті. Ауданның хатшысына рахметімді айтып, сол жігітті ертең сағат 10-00-нан қалдырмай Обкомға жіберіңіз. Құжаттарын пакетке салып, қолына ұстаратыныздар, - деп тапсырып “ух” деп бір дем алдым-ау.

Ертеңінде сағат 10-00 да Талғат келді. Көп кідіртпай Василий Петровичке алып бардым. Ол Талғатпен сөйлесіп отыр, жігітім өзін нық ұстайды, еркін әңгімелесуде. Бастықтың сұрағына жауап қана емес, өзін көптен күпті қылып жүрген жағдайларын да тілге тиек етеді. Бір кезде Бәсекен:

- Талғат, сен Қосай Асхатовичті ертеден білесің бе? деп кенеттеп астарлы сұрақ қойып қалды. Ойында ештеме жоқ Талғат:

- Тұстық қатынасымыз жоқ. Бірақ бұл кісі туыстан да қымбат, менің мұғалімім ғой, - дегені.

- Мен бір жыл Николаевқада мұғалім болғанда 5 класта менен оқыған көрінеді, - деппін ақталғандай. Бірінші хатшы жымиды да қойды. Жақының, окушысын әкеп, тықпалап отырған жоқ па деп ойлай ма деп қысылдым. Бірақ, Талғат бірінші хатшыға ұнады. Алпамыстай деңелі, келісті жігіт екен. Тіл жағына келсек екі тілде бірдей сайрап тұр. Василий Петрович Талғатпен жылы қоштасты. Ол шығып кеткен соң:

- Міне, нағыз қазақтың жігіті, қайда жіберсең де уа-йымдамайсың да, үялмайсың да. Қағаздарынды толтыр. Кешке дейін уақыт бар. Құжаттарынды дайында, сағат

17-00 мен қол қойып беремін. Бұгін жіберетін кісімен сейлес, маңызды құжат екенін тағы ескертіп қой, - деді. Василий Петрович даусын көтере мені сөзбен сойып салмаса да, осы уақиға маған үлкен сабак болды.

Басекең жалпы қазақ кадрларына жәйсіз адам болды деп ешкім айта алмайды. Біреуге қиянат жасады, біреуді қудалады, сотқа берді, себепсіз жұмыстан қуды дегенді естігеміз жоқ. Тәжірибелі шахматтың шебері сияқты, кадрларды орналастыруды өз бақылауына алып, қадағалап отыратын. Ауданның бірінші хатшысы орыс болса, аудандық атқару комитетінің төрағасы қазақ болуы керек. Облыс басшылары арасында осы жүйені іске асырды да, бірінші басшылардың арасында қазақ кадрларын көбейте бастады. Мысалы, бұрын ауданның бірінші хатшылары арасында бір ғана қазақ болса, 3-4 жылдан кейін 5 ауданда бірінші басшы қарқөздер болды, облыс басшылары арасында қандастарымыз 2-3 есеге көбейді.

Василий Петрович аппарат қызметкерлерінің құрамындағы қазақтардың ара салмағын да қадағалап отырды. Қайда барса да өзінің көлеңкесі сияқты көмекшісіне де бір пысық қазақ жігітін табындар деп тапсырма бергені есімде. Бөлім бастығы Панчукпен ақылдасып ондай адамды қазағы көп Сергеев (Шал ақын) ауданынан ізде мекші болдық. Мен іссапармен сол ауданға баруға дайындалып жүрген едім. “Іздеңгенге сұраған” жолым болар деп ырымдадым.

Ауданға келісімен бұрынғыдай партия бөлімі Шумцовқа бармай тұра аупарткомның хатшысы Ніл Әдіғамұлына кірдім. Василий Петровичтің тапсырмасы туралы айттым да: “Ол кісінің талабына сай кадр таба аламын ба?” деп сұрадым.

- Бастықтың талғамына дөп келетін адамды табу оңай емес, өзі жас, өзі пысық, ұқыпты, артық сөзі жоқ, аузы

құлыптаулы жігіт керек-ау. Ондай азаматты білмей отырмын, - деп біраз отырды да, - айтпақшы бір жігіт бар, езің көр, Новоивановка совхозында парторг деді. Менің бұл ауданға келуімнің негізгі себебі: бір жақсы жұмыс істейтін партияның цехтық үйымының тәжірибесін бюро-да (обкомның) қарап үлгі ретінде тарату болатын. Соны сылтау етіп, Новоивановка совхозына баратын болып түстен кейін Шумцовты алып жолға шықтым. Аупарткоммен хабарласып отыrsa керек, кеңшар партия үйымының хатшысы кеңсенің алдында қарсы алды. Парторг орта бойлы, толықтау, қараторы жігіт екен. Жасы орда бұзар отызды орталап қалғандай. Өзін: “Василий Каримович”, - деп таныстырғанда “Василий” дегені құлақ-қа түрпідей тиді. Бірақ таңданғанымды білдірмедім. Бала-сы тұрақтамай жастай өле берсе ырым қылып “Василий”, “Иван” деп қазекен тұқымы көп орыстың атын қоя сала-тыны да болады. Кабинетіне кіріп жайғасып отыра бер-генде кеңшар директоры келді. Көптен бері осы шаруа-шылықты басқарып келеді, облыста танымал - Николай Николаевич Петров. Ескі танысымыздай амандастып жа-тырмыз. Аласа бойлы, жирен шаш, жүзі жылы адам бола-тын. Оларды іс сапарымның мақсатымен таныстырып жа-тырмын (цехтық үйым туралы ғана). Осындай жұмыс тәжірибесін тарататын үйым керек еді. “Райком сіздің кеңшар орталығының үйымын ұсынып отыр” дедім.

- Өзініз көріңіз. Біз не айта аламыз? деді парторг - ал үйымның хатшысы Кузнецов Николай Николаевич, ол - ауылдық кеңестің төрағасы. Шақыртайын ба, орнында бо-лу керек.

- Жоқ, шақырмаңыз. Оның партиялық іс қағаздары қайда сақталады? Сонда барайық, - дедім.

-І с қағаздары, ауылдық кеңесте.

- Біз сонда барайық. Сіз Николай Николаевич өз ша-

руаңызбен айналыса беріңіз. Бізге аландаамаңыз. Бұғін ауылдық кеңесте, мектепте, ауруханада боламыз. Ертең автопарк, машина-трактор парктерінде болып партия топтарының жұмысымен танысамыз. Сондықтан бұғін сіздің уақытыңызды алмай-ақ қоямыз, - дедім.

Сейтіп, Шумцов, Төкішов үшеуміз ауылдық кеңеске келсек Николай Николаевич (директормен аттас) орнында ұзын бойлы, арықша, жасы елудің үстінде, өйткені кеудесінде майдангердің белгісі, отты жылдардың орден-медалдарының лентасы үш-төрт қатар тізілген, салмақты, сөзге сарапдау адам екен.

Көп сөзге келмestен, мен кеңшарға келген мақсатымды айтып бітірісімен сейфін ашып, барлық құжаттарын алып шықты. Жүйе-жүйесімен тігілген жеке-жеке папка-ларға ұқыптылықпен жиналған.

Бірер сағат іс қағаздарын қарап, күн тәртібінде қаралған мәселелерді саралап аяқтан щалар ештеңе таппадық. Енді партия топтарының жұмысын ертең тексеріп болып, бұғін мектеп, аурухана, дүкендерді аралап түстік. Сейтіп, бұғінгі жоспарды орындағандай болдық. Ал, парторг туралы да пікір қалыптаса бастады. “Қонақ аз отырып көп сынайды”, келгеннен бері сұрақтарды жиі беріп, көп тыңдаймын. Жігітім ұстараның жүзіндей лыпып тұр. Бірақ ұстамды, сөзге тоқтайтын қасиеті бар, саясаттан хабары мол, сонда да білгішсініп лағып кетпейді. Тағы бір ұнағаны, айтылған ақыл-кеңестерді қойын дәптеріне түртіп отырады екен. Бірінші хатшының көмекшісіне бұл да қажет. Кешке дастархан басында да іштей парторгты андумен болдым. Ол кезде “ақаңды” қонақтарға да зорлағандай ішкізіп, өздері де аянбай сіміретін кез ғой. Байқап отырмын, Василий Каримович бір ретте шөлмегіне құйылғанды түгел ішкен жоқ. Ол да есепке алынып отыр. Демиденконың облысқа келген кезі, Преснов ауданында

бір совхозға келіп, кешкі қонақ асы кезінде қонақ жай директор Демиденко да өзгелерге де, өзін де ұмытпай, “Маленков стақанына” толтыра арақ құяды да (ол кезде рюмка жоқ).

-Ал, Василий Петрович, келуіңізben дейді де басқа жүртпен соғыстырмaston бір стакан арақты аузына құя салады. Қонағы үй иесі ыдысын босатқан кезде, өз стаканына ернін малмaston “ал кеттік” дейді де орнына қоя салады. Сусап қалған директор, жүрттың бәрі де алып қойған ғой деп парторгке “құй” дейді. Әлгі байғұс алдыартына қарамастан екінші стаканды да босатады. Қысқасы, сол директордың ғұмыры ұзақ болған жоқ. Директормен бірге “маленков стақаны” да дастарханнан қылды, олардың орнын қыпша бел рюмкелер басып алды.

Сол сияқты кадрларды дастархан үстінде де сынақтан өткізіп отырасың. Келесі күні түске дейін болдық та түстен кейін, екі жұмыста бірынғайланғандай болды ғой деп кеңшар басшыларымен қоштасып жолға шықтық. Әрине, Василий Каримовичке ол туралы мәселе бар екенін білдірген жоқтын. Райкомға соғып, Нікеңе осы жігітті ұсынатынымды айтып кеттім.

Келесі күні Текішовтың іс қағаздарын, өмірдерек құжатын алып біріншіге көрсеттім. Бір ыңғайсызданғым оның да аты Василий ғой, сол ілгіш болмаса деп ойладым. Бірақ бастық оған мән берген жоқ. Өзін шақыртып, сөйлесті, ұнатқан болу керек, көмекшілікке алды. Бұл азаматтың Василий Петровичтің көnlінен шыққан-дығы ғой, 1980 жылы Қостанай облысына бірінші хатшы болып ауысқанда оны өзімен бірге ала кетті.

Василий Петрович өте сақ адам еді. “Қай жағымнан шоқпар тисе де құдай ісі” деп жайбарақат отыратын кісі емес, осал жерім осы-ау деген мәселелерді өз бақылауына алып отыратын. Мысалы, қалада өсек-аянын, дау-

дамайын ала жүретін мәселе пәтер туралы болатын еді, әсіресе жеке жобамен эксперименттік жолмен салынған үйлер. Сондай, 40 пәтерлік үй 1976 жылы шілде айында пайдалануға берілді. Қалалық парткомның бірінші хатшысы мен аткомның төрағасы пәтерлерді бөліп сол үйге түсетін басшы қызметтегі адамдардың тізімін Василий Петровичке көрсетіп онымен келіскең болатын. Халыққа ордерларын тапсырып, олардың көбі жаңа үйге көшіп те алған. Сол екі ортада қаланың бірінші хатшысы демалысқа кетіп қалды. Маңызды іс қағаздарын, сол даулы үйді бөлгөн құжаттарын И.И.Давыдов маған қалдырып кеткен болатын. Өткен сенбіде осы үйден пәтер алғандардың көбі көшіп алғанда мен үйде болмай, (іссапармен Алматыда жүріп қалдым) жаңа пәтерге түсे алмаған едім. Енді, бүтін сәті түскен шығар деп, күн сенбі, түске дейін жұмыста болып, түстен кейін нәрселерімді артып жатқанмын. Горкомнан В.Казимиров, салалық хатшы, телефон шалып тұр.

-Қосай Асхатович, сізді Демиденко шақырып жатыр, тез келсін, - дейді.

-Қандай мәселе мен шақырғанын айтқан жоқ па?

-Жоқ. Бірақ, 40 пәтерлі үйдің құжаттарын ала келсін деді.

-Ә, енді түсінікті, біреу тағы жазған еken ғой. “Жазған құлда шаршау бар ма.” Киімімді киіп, горкомға соғып, құжаттарды алдып Василий Петровичке жетіп бардым. Амандастып, алдындағы креслоның біріне отыр деп ишарат жасады.

-Қосай Асхатович, 40 пәтерлі үйді мемлекеттік комиссия қабылдап алды ма? Тұрғындар пәтерлеріне түсіп те алған ба?

-Василий Петрович, үйді комиссия алған. Комиссияның женіл-желпі ескертулері болып, оны түзеген. Өткен

сенбі күні пәтер иелері көшіп те алған. Алматыда болып мен ғана көше алмаған. Бұғін көшем бе деген ойым бар.

-Иван Иванович, сол үйді бөлгөн тізімді маған көрсетіп еді, Өзгеріс бар ма? Сол үйден пәтер алған бастықтардың тізімі қайда? Соны көрсетші. Екеуміз тексеріп шықтық өзгеріс жоқ. Пәтер алғандардың ішінде басшылар қанша, жұмысшылар қанша, мұғалім, дәрігерлер, журналистар қанша, қанша пайызды құрайды. Қазір менің көмекшім екеуің соны жасаңдар. “Правда” газетіне біреу шағым-арыз жазыпты. Соған жауап беру керек. Сен әлгі кестені жаса да үйіңе жүре бер. Жаңа қонысыңмен құттықтаймын, - деді.

Түбінде сол үйден бір пәле туындайтынын сезіп білгендей, алдын ала қала басшыларына сенсе де бақылау керек деген принциппен тексеріп отыр. Бірінші көрмесе, пәтерді ылғый басшылар иемденіп кетсе, таяқ жейтінін топшылап отырғой.

Мені маусым айында (1973 ж.) Петропавл қалалық партия комитетіне хатшы етіп сайдады. Бірінші хатшымыз Иван Иванович Давыдов теміржолшы-инженер, партия қызметінде де талай сыннан өткен іскер, ұйымдастыру қаблеті мол. Бір мінсіз адам жоқ қой. Қызыбалау, шапшаңқой, болмашы нәрсеге болдырып қалатыны бар, бірақ қайтуы шапшаң, ақ көңіл, өзім дегенге қоң етін кесіп беруге дайын жігіт.

Екеуміз жақсы қарым-қатынаста болдық. Алғашқы кездे мені Аркадий Николаевичтің адамы деп сеніңкіремей жүрді. Кейінрек менің ешкімнің “адамы” емес екенімді түсіне бастады.

Мақтанғаным емес, менің Петропавлда қалалық партия комитетінде істегенімнен де емес, сол 70-ші жылдары қаланың экономикасының өрлегені, әлеуметтік мәселелердің он шешімін тауып өркендергені шындық. Бұл

пікір кейбір басшылардың “тоқырау”, “құлдырау” жылдары болды деген тезісімен сәйкес келмейді. Мысалы, М.С. Горбачевтың “тоқырау” деп атаған жылдары Кеңестер Одағында мындаған өндіріс орындары салынды, жаңа өндіріс салалары пайда болды. Одақ бойынша өндіріс өнімі 5 есеге өсті.

Облыстың, Петропавл қаласының көрсеткіштері бұдан да жоғары, қаланың сандық көрсеткіштерін тізе бермей, сол жылдардағы салынып, пайдалануға берілген мәдени, әлеуметтік құрылыштарды атап кетсе де жеткілікті болар. 1970-1985 жылдары жыл сайын бір мектептен салынып отырды. Петропавлдың бой түзеп, өнін ашып, көркін келтірген орыс драма театры, “Қазақстан” кинотеатры, Ленин, Куйбышев зауыттарының мәдениет сарайлары, “Қызылжар” қонақ үйі, “Есіл” мейрамханасы, “Кеңестер үйі”, II-III емхана комплексі, өкпе ауруы диспансери, С.Мұқанов атындағы кітапхана, бассейн, спорт сарайы (Ленин атындағы зауыт), т.б. ғимараттар пайдаланылуға берілді.

Қаламызды онан сайын көркейтетін ғимараттар тұрғызуға болатын еді, эттең бізде құрылыш саласы әлсіз болды. Қаладағы құрылышты негізінен Петропавл құрылыш тресі жүргізді.

“Тоқырау” кезінде (70-ші жылдары) жаңа жылдың алдында облыстың I-ші хатшысы, қаланың бірінші хатшысы мен зауыт директорларын (қаладағы зауыттар бәрі тұра одақтық министрліктерге бағынатын және бәрі отан корғауға қажетті бұйымдарды шыгаратын) алып Москваға аттанатын. Онда Демиденко, Давыдовпен екеуі зауыт директорларын алып, олардың бағынатын Министріне кіріп, алдын ала белгілеп алған объектілеріне ақша сұрайтын. Мысалы, зауытта жұмыс істейтін адамдарды емдейтін қалада емхана жоқ, немесе зауыт жұмысшыла-

ры үшін балабақшада орын жетіспейді, болмаса Мәдени сарайымыз жоқ деп ақша сұрайды. Көбіне көп қаражат алғып қайтады. Бірақ, сол “қайыршылап” экелген қаржыны игере алмай қаламыз. Келесі жылды бөлгөн ақшасын пайдалана алмаған Министрғе қалай барасың? Оның үстіне мемлекеттік жоспарлау комитетінің де қалаға бюджет арқылы мектеп, үй құрылышына, т.б. бөлөтін қаржысы да болады. Оны 1-ші кезекте игеру керек. Жылдана 120-130 мың шаршы метр түрғын үй салатын еді. Соның өзінде келушілер, ескі жер үйде тұруышылар көп-ақ. Үй салуға бөлінген қаржыны тынына дейін орындау үшін трест жанын салатыны сондықтан. Трестің күш-куатын арттыру оңай шаруа емес, техника, әсіресе маманжұмышылар жетіспейді. Сондықтан да қала басшылары әрбір құрылыш объектілеріне бөлініп, ілездеме жасап, бір талай уақыттымызды құрлыс алаңында өткіземіз. Маған бекітілетін мектеп, аурухана, мәдениет-сарайы, сауда орны, Есіл мейрамханасы, т.б. Сонымен бірер жылда мен де құрылышы болып алдым. Маған жүктелген объектілердің ең курделісі Октябрь алаңы мен онда орналасқан архитектура-монументтік ескерткіш комплексі. Погодин атындағы орыс драма театры жағынан аланға көтеріле бергенде Отан соғысында шейіт болған жерлестерімізді мәңгі есте қалдыру үшін бронзыдан құйылып жасалған солдаттардың мүсіні тұр. Сол жақ бетте азамат соғысы кезінде қаламызды ақтардан құтқару, қорғау жолында жан қиған жауынгерлердің композициясы. Салт атты қазақ пен орыс солдатын бейнелейді. Әрі қарай төсеген плитамен 30 метрдей жүрсөң биіктігі 18 метрдей жалауды бейнелейтін төрт стелла. Ортасы ашық. Диаметрі 6 метрдей шеңбер-дөңгелек, биіктігі 80 см, мрамормен қапталған, ортасында лаулап жанған мәңгілік от. Бұл комплекс заңсыз дүниеге келді. Сол кездегі ақшамен 200 мың

теңгеден асатын ескерткіштер тек қана министрлер кеңесінің қаулысымен, арнайы бөлінген қаржыға салынуы керек болатын Республика үкіметі ондай қаржы да берген жоқ, ұлықсатта бермеді. Сондықтан “халықтық құрылым” (народнаястройка) әдісімен салынатын болды.

“Нар тәуекел” деп Демиденконың дем беруімен құрылым жұмысына кіріспін кеттік. Ірге тасын қазудан бастап көп фигуralы композицияны орнатуға дейінгі шаруа маган жүктелді. Бұл ескерткішті салу туралы ой облыс, қала басшылығында бұрын да болған ғой. Москва архитекторлары мен скульптура сәулетшілер тобы бірер жыл бұрын бір есқиз жасаған екен. Мәселені енді сол москва-лықтарды іздеуден бастау керек болды. Ақыры олардың біреуін таптым да. Архитектор Марат Евгеньевич Константинов деген сәулеткөр екен. Ол ескизді тірілтіп қайта жасайтын болды. Мараттың көмегімен Федоров Владимир Алексеевич деген скульпторды тауып, мән-жайды айттым. Екеуінің басын қосып бір айдың ішінде алаңын, ескерткіштің эскизін әкелуді тапсырып үйге қайттым.

Бір айдан соң екеуі де Петропавлға келіп, әкелген эскиздерін қарап бекіттік. Қалалық атқару комитетімен шарт жасасып Федоров, Константинов екеуі Москваға қайтып кетті. Екі-үш ай өткен соң Петр Ноянович Уақпаевпен (облыстық мәдениет басқармасының бастығы), қаланың бас архитекторы үшеуміз Москваға әдейі барып, москвалықтардың жұмыс жағдайларымен танысып, жасасқан шарттарымызды тиянақтап елге оралдық. Одан кейін де екі рет барып қайттым. Үшінші рет гипстен жасаған композицияларды (жаяу жауынгермен атты әскер) қабылдап алуға бардық. Сонымен Москвалықтар өз шаруаларын бітірді. Енді гипстен жасалған фигуralарды брон-

зы түрінде құю керек. Ондай шеберхана-зауыт (мастерская) Ленинградта ғана бар. Біздің жұмыс биылғы жылдың жоспарында жок. КСРО мәдениет Министрлігі ғана бұл мәселені шеше алады. Ескі жыл аяқталып қалды, жаңа жылға жоспар енді қаралмақшы. Соның алдын ала Мәскеуге мені тағы жіберді.

Мәдениет Министрі, СОКП-ның саяси бюро мүшелігіне кандидат П.Н. Демичев демалыста екен. Оның бірінші орынбасары Дрозд Иван Григорьевич қабылдады.

-Қазақстаннан, тың өлкесінен келдім. Петропавл, Омбы қалалары азамат соғысында ақпен қызылдың шешуші майдан шебіне айналғаны белгілі. Бұл қалалар қолдан қолға көшті, көп адам қырылды. Сол азамат, соғысы мен Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан аталарымыз бер ағаларымызға арналған көп фигуralы комплекс, мынау эскизі, осыны Ленинград зауытының алдағы жылғы жоспарына кіргізсөніздер екен, - дедім. Иван Григорьевич министрдің қатардағы орынбасары Тамара Александровна Безобразованы (монумент-скульптура жағын басқарады екен) шақырып алды. Фамилиясы “Безобразова” болғанымен өзі еліктің лағындей сұлу мұсінді, көрікті әйел екен. Бірақ маған керегі оның іскерлігі, келген шаруамды тындырып берсе болды ғой. Дегенмен қойған мәселенді “нет”, “не можем” деп бір дөрекі шеновниктен естігенше “к сожалению” деп нәзік майда дауыспен сыйылта айтқанын есту әлде қайда жанға жәйлі емес пе? Жоқ, министрдің екі орынбасары да көмектесуге уәде берді. Петропавл қаласының тың өлкесінде екендігі, транссибирь магистралында орналасқандығы, азамат соғысындағы қаламыздың тарихы шешуші роль атқарғандығын айтпай кетуге болmas.

-Тамара Александровна, байқап көрініздер Ленинград монумент-скульптура зауытының мүмкіндігі қалай

екен? Степановпен сәйлесіңіз (Степанов Виктор Павлович Ленинград монумент-скульптура зауытының директоры). Екеулеп коллегияда жоспарға енгізуге күш салармыз, тың өлкесінен келіп отыр ғой, көмектесу керек деді. Тамара Александровна мені өз кабинетіне алып барды да, министрліктің бөлім бастығы Попов Генрих дегенге телефон шалып:

-Алдағы жылдың жұмыс жоспарын (жоба) алып маған кіріңіз деді. Ол келген соң, Степановпен телефон арқылы сәйлесіп (Ленинградпен) оның келісімін алды. Нақтылы шешімізді коллегиядан кейін айтамыз, - деп, телефондарын беріп, біздің адресімізді алып қоштасты.

Артынан көп кешікпей мәселе шешілді “Зауытқа барып шарт жасаңыздар” деген жеделхат алдық. “Жазған құлда шаршау жоқ”, енді Ленинградқа баруға тұра келді. Мәскеуде талай болғаныммен Ленин қаласында болып көрген жоқ едім. Тарихи, мәдени мұраларға бай Париж, Рим, Греция, Египет сияқты Ленинградты аралау бір арманым еді десем де болады. Енді, экскурсияға келгендердің бір тобына қосылсаң ештеңе көре алмайсың. Он-дай уақыттым да жоқ. Жеке аралауға машина керек. Оны маған кім береді? Бір жарым, екі тәулікте не көремін деп уайымдап жүргенде атқарушы механизмдер зауатының директоры Петр Григорьевич Калмыков кездесе кетті. Менің Ленинградқа баруға жиналып жүргенімді естігендे:

-Ленинградта менің жақсы жолдасым бар. Сол қаладағы корабльдер жасайтын үлкен зауыттың бас директоры. Телефонын берейін, қандай көмек керек болса да көрсетеді, - дейді.

- Ондай жолдасыңыз болса, Петр Григорьевич, жалғыз ғана тілегім бар, бір жарым, екі күнге машина керек. Соған шамасы келе ме?

-Келгенде қандай, ол ондаған мың жұмысшысы бар,

Ленин қаласындағы алпауыт зауыттардың бірі емес пе. Жолдасымның аты жөнін жазып ал, Георгий Пименович Корсаков, - деп адресін берді. Самолеттен түсісімен алдынан ұзын бойлы жас жігіт шыға келді де:

-Абдрахманов сіз боласыз ба? деді.

-Я, меммін, - деп ұсынған қолын алдым.

-Мені Григорий Пименович Корсаков жіберді. Қарсы алып 2-3 күн сізben бірге боласың деді.

-Рахмет, мен керек уақытта ғана пайдаланамын. Сіздің телефон номерінде жазып алсан.

-Біздің гараждың телефоны 5-42-01-21, сіз қай қонақ үйіне барасыз.

-Мен адресін білмеймін, Смольныйдың қасында Ленинград обкомының қонақ үйі деген біздің Финхоз бөлімінің бастығы. Ол өзінің Ленинградтағы әріптесімен екі-үш күн бұрын келіскең екен, - дедім.

-Ә, ол “Октябрь” қонақ үйі, ол біздің зауыттан алыс емес. Маған телефон шалсаңыз 10-15 минутта жетіп келем, менің атым Сергей, - деді.

-Бүгін күн кештегіп қалды. Мен ешқайда бармаспын. Ертең сағат 8-30 маған келініз. Зауытқа барамыз, - дедім.

Қонақ үй кезекшісі, мен туралы тапсырысты журналидан тапты да, бір кісілік люкске рұқсат берді. Бөлмелері таза, бәрі зауыттан бүгін ғана шыққандай, жайнап тұр. Теледидар, телефон, мұздатқыш, т.б. бір адамның тұрмысына керектің бәрі бар. Бірақ, артықшылық, бей-берекеттік жоқ, бөлмелері шағын, жайғасып болған соң Виктор Павловичқа телефон шалдым. Алдында телефон арқылы 2-3 рет сөйлескеміз. Амандық сұрасқаннан кейін, қайда орналасқанымды айтып, қонақ үйге соға кетініз, - деп тілек білдірдім, жұмыс аяғы бітуге де жақын қалған. Жарты сағат өтпей Степанов жетіп келді. Орта бойлы, толық, төртбақ адам екен. Мандай шаштан айы-

рылған, қаракұстан желкеге қарай сақталған шәштің өзі сиреп, ағарып жаңбыр жаумай күнге күйген шөп сияқты. Жасы алпысқа жақын қалған, кісі жатырқамайтын салдырлаған ақ көңіл адам екен. Әлгіндей болмай ескі таныс адамдар сияқты әңгімеміз жарасып, кәүкілдесіп қалдық. Менің елден ала келген сүрленген жылқы етін, уылдырық, ішімдіктерді столдың үстіне шығара бастағанда қонағым онан сайын күлімдеп барады. 2-3 сағаттай отырып отыз жыл көрмеген туысындай болып кеттім-ау деймін. Виктор Павлович, сонда да араққа мықты екен, қатты қызыса да мас болған жоқ. Менің келген жұмысым туралы ертең түстен кейін сағат 14-30-да зауытта кездесетін болдық.

-Ертең түске дейін мен бос емеспін, алдын ала белгілеп қойған мәжілістер бар еді. Ал уақытыңызды жоғалтпау үшін қаланы аралаңыз, мен бір-екі сағатқа машина тауып берейін, - деді.

-Жоқ, рахмет, машина бар. Өзімде Ленинградты, музей-қала ғой, араласам деп алдын ала дайындалып келіп едім, - дедім.

Виктор Павлович өз қаласының шын патриоты ғой, әрбір тарихи ғимараттар мен жәдігерлерді, әсіресе патша сарайлары мен бақтарының ансамбльдерін аузынан сұықұры баяндаған, маған маршрут жасап бергендей болды.

-Сіз бұрын Ленинградта болып па едіңіз? - деп менен сұрап алды да, ендеше сіз ертең асықпай саспай, ерінбей түске дейін біраз жерді аралаңыз. Мысалы, танысуды эрмитаждан бастаңыз. Қысқы сарай, атақты Растреллидің соңғы туындысы ғой. Ленинград өзінің 300 жылдық тарихында не көрмеді дейсің. 1837 жылы 3 күнге созылған қалың өрт болып, түк қалмай күйіп кеткен ғой. Екі жылға жеткізбей жөндең, қалпына келтіріпті. Отан соғысы кезінде көптеген залдары қирап, тоналып, соғыс біткесін,

сол жылы-ақ қысқы сарай басқа да ғимараттары бұрынғы сән-салтанаттарына ие болды. Мен таң атқанша отырып Петергоф, Стрельне, Екатерингоф, Анненгоф Ориенбаум (Меншиковтың сарайы), Павлоград, т.б. туралы айтуыма болады. Бірақ, жұз рет тындағаннан бір рет көрген артық. Ертең, астыңызда машина болса қысқы сарайға, содан кейін патша селосына, аржағында Павлоград тиіп тұр. Осы үшеуі аз сыбаға емес, - деді. Өзім де осындай маршрут белгілеп қойған едім.

-Ертенгі кездесуіміз туралы тағы бір пысықтап алып, сағат екі жарымда сізде боламын, - дедім, жалпақ қолын уысыма толтыра қысып тұрып.

Ертенінде Ленинградпен танысады мемлекеттік эрмітаждан бастадым. Ленин қаласына жолы түсіп, табаны то-пырағына тиген адамның бұл қасиетті тарихи мұраға бас сүкпай кетегіндері болмайтын шығар. Нева өзенінің сол жақ бетінде, Васильев аралына шыға беріс көпірдің алдында қатар түзелген бірінен бірі бөлек салынған, арасы қосылған бес алып ғимараттар Ресейдің мемлекеттік мұрағаты. Біріншісі атақты қысқы сарай (архитекторы Растрелли), екіншісі, кіші эрмитаж (авторы Ж.Валлен Деламот), үшіншісі, ескі эрмитаж (авторы Ю.Фельтен), төртіншісі сарай театрының ғимараты (авторы Дж.Каверенги) және жаңа эрмитаж (авторы М.Кленце) осы бесеуі Ресейдің басты музейі болып табылады. Картина галереясының негізі 1764 жылы қаланған. Ал, мұндай музей үйін I Петр армандаған кеткен екен. Ол батыстың картиналарынғана емес, статуяларын да жинай бастапты. Мысалы, 1720 жылы Тавриялық венера (Мрамордан жасалған) статуясын сатып алдырыпты. Ал I-Екатеринаның тұсында шет елдерден, Голландиядан, Фламандиядан 225 картина сатып алып қысқы сарайға орналастырайын десе, оған сыймапты. Сондықтан Вален Деламотқа кіші эрмитажды

салдырыпты. Эрмитаж француз сөзі, оқшаулану орыны. Тыныштықта, суретші-өнерпаздардың әсем, таңғажайып туындыларынан әсер алу, түсіне білу.

1764 жылы ашылған музейде он жылдан кейін 2080 картина болса 1785 жылы 2658-ге жеткен жұздеген залы бар, бұл музей дүние жүзіндегі ең ірілерінің қатарында. Барлық залдарын жүгіре аралап шығудың өзіне бір күн жетпес. Мен түске дейін эрмитажды ғана емес, жүгіре, аяндап жүріп, кейде мәшинеден түспей, Нарва қақпасын, Мыс салт атты (Петр I-нің ескерткіші), адмиралтейство-ларды тамашалап, Нева көшесімен жүріп отырып пионерлер сарайына (Юсуповтың үйі) соқтым. Юсуповтардың Распутинді өлтіретін жерін көрдік. Пискарев зира-тына бардық. Астымда мәшине болғандықтан ғана мүншама жерлерді аралауға шамам келді.

Белгіленген уақытта “Монумент-скульптура” зауытына келдім. Кабинетінде карсы алған Степанов бас ма-мандарын шақырып алғып, біздің ескерткішті талқыла-дық. Федоров, Константиновтың эскизын де, Москвада гипстен жасалған көп фигуralы композицияны да алған екен. Бұлардың почтамен жіберген счет-фактурасын мен қол қойдырып, мөр бастырып ала келгенмін. Енді чер-тежді, эсқизді талдаң қашан бронзыдан құйып бітетінін анықтау керек. Екі-үш сағаттай отырып, негізінен ес-керктіштердің орнатылатын жер бедерін, тұғырдың биіктігіне дейін, архитектура нысандарын да сүзгіден өткізе талқыладық.

Виктор Павлович мамандығымен бірге көп жылғы тә-жірибесі бар басқарушы болу керек, талдауға белсене ара-ласып отырды. Ақыры жұмыс ауқымын белгілеуге ауысты, соған қарап істің аяқталар мерзімін де белгілеп хатта-мада көрсету керек. Көпшілігі әр түрлі пікір айтқанымен ақыры біздің белгілеген уақытымыз 1 қазанға дейін біті-

руге келісті. Бізге фигуralарды әкеліп, орнату да оңай ша-
руа емес. Біз 1 қарашаға дейін ескерткішті орнатып, 5-ші
қараша күні митинг өткізіп, ашу рәсімін жасауымыз ке-
рек. Талқылау біткен соң шартымызды, счет-фактура-
мызды заңдастырып, цехтарға бардық. Ортадағы бір
есікті ашып қалсақ таудай болып біздің фигура көзіме от-
тай басылды. Ескерткіштің басқа да фигуralарын көріп
шықтық.

Цехтан шығысымен Виктор Павлович кешкі тамақты
бірге ішу туралы ұсыныс жасады да, біздің орналасқан қо-
нақ үйге алыш келді. Жолда келе жатып: “Сіздің қонақ
үйге шақырганым, Советтер одағында Балтық теңізінде
ғана ауланатын жылан-балық “Останкино” ресторандын-
да үзбей сатылады,” - деп, мені “жылан” деген сөзінен
қорқар, сескенер деп ойлаған болу керек, балықты мақ-
тай бастады. Біздің люкске келіп шешіндік те, төмендегі
асханаға түстік. Виктор Павлович ішімдіктер мен тамақ-
тың түр-түріне қоса су жыланын да әкелініз, - деп тап-
сырды даяшы қызга. Алғашқы да айырдың ұшымен
шүкүлап тіске басып көрсем, тілді үйіріп барады, өзі жу-
андығы қыл арқандай, сарделка сияқты кесілген. Екі са-
ғаттай бос әңгіме, анекдотпен отырдық та бөлмемізге
көтерілдік. Мен ертеңінде кешке қарай 5 кезінде соғып ке-
лісken құжаттарды, бастысы протоколды алатын болып,
қош айттыым.

Келесі күнді өзім жасаған маршрут бойынша қала ара-
лауды жоспарлап қойғанмын. Сол бойынша таңертең, та-
мақ ішісімен патша селосына (Царское село) аттандық. Бұл халықтың ауыз-екі атауы. 1918 жылы қазан төңк-
ерісінен кейін балалар селосы (детское село), ал 1937 жы-
лы А.С. Пушкиннің өлгеніне 100 жыл толуына байланыс-
ты Пушкин қаласы деп аталады. Бұл керемет сарайлар
мен тамаша бақтардың ансамблі (Дворцово-парковых ан-

самбль) бір жарым ғасыр бойы салынды десе де болады. Алғаш салына бастауы 1710-1720 жж. Петр I-нің көзі тірісінде. Содан Патшаның қысқы, жазғы сарайларынан кейін қала сыртынан Петергофта, Кронштатта, Стрельнеде үлкенді-кішілі сарайлар салына бастайды. Осы кезде патшаның Пушкинодағы сарай комплексінің әрі қарай ұлғайтылуы сәл бәсендеренімен үлкенді-кішілі ғимараттар салу қарқыны қайтадан өрлей түседі. Оған себеп болған 1721 жылғы Екатерина I-нің Указы. Петр I Патша селосын 1708 жылы нақсүйері Екатерина I-ге сыйға тартқан. Соңдықтан Екатерина өзінің Суз达尔 маңындағы поместиесіндегі (меншігіндегі село) шаруаларды “Мәнгілік өмір сұруге” патша селосына көшірге бұйрық береді.

Ал эрмитаж, сарай комплексіне жататын басқа ғимараттарды (лицейде бар) Петр I-нің қызы Елизавета Петровнаның тұсында архитекторлар Квасов, Земцовтардың проект-жобасымен салған екен. Кейінірек Растреллидің де қол таңбасы бар дейді. Сонымен 1744 жылы ірге тасы қаланған үлкен сарай кейін қосымша палаталарымен (1746 ж.) ұзындығы 325 метрге жетеді. Осындай алып ғимараттардың ішкі бөлмелері малахит, янтарь, агат, т.б. асыл тастармен безендірілген. Сол сияқты картина залдары, сарай шіркеуі, т.б. сәулетті галалеялары таңдай қақтырмай қоймайды.

Бұл селода (қала) Пушкин оқыған лицейді, патша сарайын, Александр, Екатерина бақшаларын тамашалауда уш сағаттан артық уақыт кетті. Ленинградқа ора-лып, түстен кейін зауытта болып, қағаздарға қол қойып, бір данасын және ақша төлеу счет-фактурасын алдым да кешкі поезға отырып, үйқымды қандырып, келесі күні, таңтертең Мәскеуге келдім. Сол күнгі самолетке билет алып, кешке үйде болдым.

Жолсапардан оралған соң тындырып қайтқан істерімді бюро мүшелеріне баяндап бердім. Ендігі жұмыстың ауыртпалығы бізге ауысты дедім. Октябрь алаңы құрылыш алаңына айналуы керек. 2-3 ай ішінде 6 мың шаршы метр жерді жалаңаштап плита тәсеку қажет. Мәңгілік алау оты жанатын жерде жалауға ұқсас төрт 18 метрлік пилон тұрғызбақшымыз. Ол үшін ірге тасынан басқа, 1000 текше метрге жуық цемент-раствор құю керек. Көп фигуralы ескерткіштерді орнататын екі тұғыр жасап, олар не мрамормен не гранитпен қапталынады. Ұсақ-түйегін есептемегенде негізгі тындыратын жұмысымыз осылар. Осы құрылышқа 1 тында қаржы бөлінбegen. Занды белден басып, күш қолданудан басқа шара жоқ. Бюро құрылыш жұмысын жүргізуі маған жүктеді. Қай құрылыш мемекесіне цемент келсе, вагоннан түсіріп алып, осы құрылышқа жұмсаймыз. Кімнің цемент зауытында дайын құя қоятын материал болса, осы аланға әкелінеді. Эр мекеме, ұйымдарға тапсырма берілген, күнде құрылыш алаңынан шықпай, жұмыс барысын қадағалап отырамыз. Кімнің не істегенін, менің көмекшім А.Плешаков, қалалық партия комитетінің құрылыш бөлімінде инструктор болып істейтін. Кейін ҚазТАГ-тың біздің облыстағы тілшісі болды. 90-шы жылдардың басында мемлекеттік тілге қарсы шыққан топтың алдыңғы шебінде журді. Ал қалалық партия комитетінде істеп жүргенде кой аузынан шөп алмайтын, жуас, қайда жұмсасаң да бара беретін елгезек еді. Тапсырмасын орындаған басшыны осы құрылыш алаңына шақырып, қарсы келіп, бұра тартқысы келгендерді бюроға салып ит терісін басына қаптаймыз. Өйткені, уақыт зымырап өтіп жатыр, жұмыстың ауқымы көп, істегенімізге көңіліміз толмайды. Егер қараша айының біріне дейін көп фигуralы ескерткіштер орындарында тұрмаса біздің сыбағамыз да дайын. Оның ұстіне жыл бойы ат-

қарған істеріміз далаға кеткендей болады. Қаланың кәсіпорын құрылышы, мекеме басшылары бұл “зорлықты” дүрыс түсінер деп сендік қой. Қыркүйектің аяғына қарай Ленинградтан жеделхат келді. Қыркүйектің 25-күні худсовет біздің ескерткішті қабылдауға дайын. Соған Москвадан авторларды: В.А.Федоров пен М.Е. Константиновты және мені шақырыпты. Москваға соғып, екі авторды алып 24 қыркүйекте Ленинградта болдық. Бұл жолы да уақытымды ұтымды пайдаланып көктемде көре алмаған тарихи ес-керпткіштерді аралауға сәті түсетін болды. Баяғы Корсаков, Петр Григорьевичтің тағы бір звоногынан кейін машинасын беріп қойды. Бұл жолы Петергофта болдым, Петропавл крепостында, Васильев аралын аладым. Қыркүйектің 25 күні біздің жұмыс худсоветте қаралып, ұсақ-түйек кемшіліктерін бір жетіде бітіретін уақыт берілді. Жолда бір күн Мәскеуде болып (самолет тосып) келесі күні үйге оралдым.

Ендігі жұмыс - тіркеушісі бар екі КАМАЗ-ды жіберіп Ленинградтан ескерткішті алдыру. Бір жеті де екі алды машиналарды жіберіп, бар жүкті алдырдық. Екі дәнекерлеуші (өздерінің мамандарына болмаса басқаларға сенбейді) бірге келді. Келесі күні кран-машина беріп едік 5-6 күнде ескерткіш-композицияны орнатып берді. Фигураляр тұтас емес болатын, солардың жұмысын білдірмей жікжігін құрап берді. Бар жұмысты 20 қазанға дейін бітіріп ақ тер, көк терге түсіп, талай басшылармен жұз жыртысып жүрген еңбегіміз аяқталды-ау.

Сол жылғы 5 қараша, әлі есімде, күн сүйк, жел қатты болды. Соған қарамастан ескерткішті ашу салтанатына жиналған халықта есеп жоқ. Октябрь аланына қалалықтар симай кетті.

Василий Петрович митингті ашып, 3-4 кісіге сөз берді. Лента қыылды. Мәңгілік алау оты жанды.

Митингтен кейін, Погодин атындағы театрда салтанатты мәжіліс, одан кейін мерекелік концерт, бұларды майдан қыл суырғандай етіп өткізу менің мойнымда. Концергтен кейін театрдың екінші қабатында обкомның бюро мүшелері шешінетін бөлмеде дастархан жаюлы болатын, соған шақырдық. Қонақтарды қарсы алып жүрген қалалық партком хатшылары мен қалалық атком төрағасы.

Василий Петрович бірінші тосты көтеріп, жиналғандарды қазан төңкерісінің жылдығымен (63 жылдығы болу керек) құттықтады да, олардың ішін болған болмағанына қарамастан, орнынан тұрып сөйлеп кетті. Бүгінгі орнатылған ескерткіштің маңызын айта келіп “бұл XX ғасырдағы екі үлкен қырғын соғыста Отан үшін, ҳалқымыздың болашағы үшін құрбан болған әкелеріміз бен ағаларымыздың ерен еңбегін, жанқияр ерлігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ескерткіш” - деді де, қалалық партия комитетінің осы игілікті істі өз қолына алғанын атап өтті. Содан кейін мен туралы бұрын естімеген жылы сөздерді айтып “Қосекең үшін алып қояйық,” - деп сөзін бітірді. Оны айтып отырғаным, жоғарғы жақта бірін-бірі мақтап, жылда орден алып, кеуделерін толтырып жатқанда біз байғұстарға жақсы сөз де бұйырмайтын “Жақсы десе жан сүйінер” деген сияқты бастықтардан мақтау сөз есту орден алғанмен бірдей.

Көнілім көтерінкі үйге келсем үйде қонақтар отыр. Біреуі Сергеевкада (қазір Шал ақын ауданы) тұратын менің бажам Қапез деген кісі. Аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы, дефициттің арқасында бір болыс елді алақанында ұстап отырған бір дүр. Аудандық басшылардың құрығынан да шығып кететін кездері болады. Енді бірі, ол да осал жан емес сол аудандағы “Жаңа жол” кеңшарының директоры, маган кейде іні, кейде аға, әйтеп түстығы бар, Уәлихан деген жігіт. Мен атақты Сары

(Ерсары) батырдың үлкен баласы Сексенбайдан тараймын. Ол батыр атамыздың кенжесі Қыстаубайдың ұрпағы. Бұл Қыстаубай Мағжанның “Батыр Баяндағы” Ноян. Ақын баланың атын өзгертіп алған. Тарихи шындыққа келсек: Сары, Баян ағайынды батырлар, Тәттіқара, Үмбетай, Шоқан, т.б. көбіне екі батырды қатар атайды. Кезекті бір жорықтан олжалы оралады, тұтқындарды да көбірек әкелген болу керек. Сол тұтқындардың ішінде қалмақтың атақты батырының 13-14-тегі қызы да болған екен. Сары батырдың кіші ұлы Қыстаубай, ол да жас жағынан Құралай сұлумен шамалас болғанға ұқсайды, қызды бір көргеннен ғашық болып қалады. Ебін тауып тұтқын қызбен тілдесіп көрсе қызы құрғырдың да жас жігітке көзі түсіп жүрген екен. Сонда да қыздар әккі келеді ғой, жігіттен “кет әрі” деп аулақ қашпай, “келе ғой” деп құшағын ашпай жүреді де Қыстаубайға шарт қояды: “Мен сені сүйемін, айтқаныңа көнемін, бірақ шешемнің батасын алуымыз керек. Оған берген антым бар, ол елде қалды. Менімен біздің елге барасың, сенің аман-сау келуіңе мен кепілдік беремін. Біздің елден келісімен тойынды жаса, мен сендікпін”, - дейді.

Ғашықтықтың отына күйген албырт жігіт, қыз сөзін құп алып, дайындалып жүреді де бір тұнде қашып отырады. Сары батыр Баян інісін шақырып алып:

-Сүйекке дақ салып, Қыстаубай қалмаққа қызбен қашып кетіпті. Қуып жетіп екеуін де өлтір. Ел бетіне қалай қараймыз, мін атыңа, Баян бауырым, - дейді. Баян батыр Жолдызектің бойында қуып жетеді. Бірақ, поэмадағыдай, Баян батыр Қыстаубай (Ноян) мен Құралай сұлуды өлтірмейді. Ақылды Баян інісі мен келініне: “Енді сендер елге оралмаңдар, кіші жүзде, Жағалбайлы елінде нағашы жұртың бар, соларды панаңдар. Мен әкеңе сендерді өлтірдім деп барамын. Көзге түсे көрме, әкең жауға да,

елін сатқан адамға да мейрімсіз, сенің ақ-қараңды айырып жатпайды”, - деп киімдерін қанға бояп, ағасына өлтірдім деп, келген екен.

Сол Қыстаубайдың ұрпақтары 1880 жылдары ғана он шақты шаңырақ елге оралғаны тарихтан белгілі.

Қонақтарға осы әңгімені (әкем марқұмнан естіген едім) кеш бойы айтып бердім.

Қалаға келгенімізге 5-6 жыл болып қалса да, елді сағындырмай келіп тұратын басқа да туыстар бар. Байғожа ағамыз, балдызымыз Сайран, бажам Сэткен, жиеншар Әбу, Қамия апамның балалары, т.б. ағайындар шақырмай да, бір қызық-куанышымыз болып хабар берсек те бір-бір қойларын сүйреп жетіп келеді.

Осы уақыт ішінде қалада да туыстай болып кеткен жолдас-жоралар бір ауыл, біріне аға, біріне іні қатты сыйласатын адамдар. Үлкеніміз облыстың дырдай бір мекемесінің бастығы Мәжит аға, облыстық партия комитетінің хатшысы Тортай Шақтанов, Бескөл аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Серікбай Үмітбаев, педагогикалық институттың кафедра менгерушісі Ғалымтай Сақтанов (Галекенің жұбайы қаладағы Киров ауданының бірінші хатшысы Оразбике) негізгі топ. Бұлардан басқа да қарым-қатынасымыз бар ағалар Ш. Мұсәлімов, Н. Қылдыбаев, Ш. Қабдунасовтар облыста танымал адамдар еді. Жинала қалсақ көбіне карта ойнаймыз. Алғашқы екі бастық преферанс ойнауга құмар-ақ. Бізде ойнаймыз, ойнынымыз шамалы, Мәкең жиі ұтады және ұтқан ақшасын алғысы келіп тұрады. Сондықтан бір күні мен ұран тастанадым: “Ұтсам алмаймын, ұтылсам бермеймін!” Галекен мені қостай кетті. Ал, енді ақшасыз ойын болса да, қыздыра ойнаймыз. Уақыт зымырап түннің бір талайы болып қалады, ертең жұмыс. Эйел жолдастар шәйді екі рет қойдырып ішеді. Сол уақытқа дейін бітірмесек ашық

“бунт” жасайды. Сонда ғана орнымыздан әрең қозғала-мыз, әсіресе Мәкенді тұргызу қын болатын. Кейде ол кісі жоқта жинала қалсақ өлең, әңгімемен тараймыз. Тортай домбыраны жақсы тартады, әжептәуір дауысы да бар, әйелдерге қосыла кетеді, әрі сүйемелдеуші. Әніміз жоқ деп бізде қарап отырмаймыз, қосыла береміз, бүйіріміздің қызып кететін кезі ғой.. сол кездегі ойын-тойымыз 100-200 адам жинамасақ та көңілді өтуші еді.

Бұл кештерді жазып отырғаным, адам баласы робот емес, техниканы да майлайды, жөндейді, бабында ұстайды ғой. Ойын-сауық, ойнап-кулу тек санасыздар үшін бе? Оған да уақыт тауып, отбасыңмен жолдас-жораларыңмен көңілді отырған бір кешің бір ғұмырға тен деп айтып жүрміз ғой. Әттен, ондай кештер адам өмірінде өте сирек. Іссапар, жұмыс, көбіне үйіңе үйіқ-тауға ғана келесің, балаларынды да демалыс күндері ғана көресің. Марат деген балам: “Әке сен жұмысқа кетерде де, кешке үйге оралғанда да біз үйіктап жататын едік, сені жексенбі күндері ғана көретінбіз” деп ойындышынды мені шымшып алатыны бар.

Шындығында, жұмыс көп болды. Жоғарғы, жергілікті кеңестерге депутаттар сайлау, партия конференциялары үлкен науқан, тіпті кәсіподак, комсомолдардың да есеп-беру сайлау жиындарына да басшылық жасау біздің мойнымызда. Мысалы, партия жүйесі бойынша есеп-беру, сайлау науқаны басталды дейік. Мен өзім 2-3 партия тобының, 3-4 цехтың ұйымның, бекітілген аудандарымда екі-үш бастауыш ұйымдарының жиналыстарына қатынасусым керек. Ал, аудандық конференцияларға бір апта бұрын барып, жарыссөзге шығатын коммунистердің сөзіне дейін дайындал беретінбіз. Аудандық конференцияға қатысатын бюро мүшесінің сөзі де біздің мойнымызда. Москвадан, Алматыдан келетін тексерушілер де

кеп-ақ. Мен қалалық партия комитетінде істеп жүргенде, қасымда қалғып кетпесін деп тұртіп отыратын обкомды былай қойғанда Алматы, Москвадан келетін “ревизорлар” қаншама? Қай жағынан шығарын, қай қырынан тиерін білмейсің.

Бірде, бір топ шеруді бастап СОКП-ның партия бақылау комитетінің қызметкері Осипов Георгий Иванович келді. Мақсаты комитеттің мәжілісінде Петропавл (Қазақстан) қаласында маскүнемдікпен күрес туралы мәселе қаралмақшы, қасында бас прокуратура, ішкі істер министрлігі, сауда министрлігі, денсаулық министрлігінен жауапты қызметкерлері бар топ осы жұмыстың жэйкүйімен танысу. Тексеруге келген кісі кемшілік таппай қоя ма? Арақ ішу дегенің, әркімнің мешіт үйінен бастап Кремльге дейін дәстүрге айналып кеткен кез ғой. Бір апта-дай жатты, жағдаймен танысты, тексерді, бір шамадан то-лы материалдар экетті. 15-20 күн өткеннен кейін жедел-хат алдық. Қалалық атқару комитетінің төраға орынбаса-ры Г.М. Постнов, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы генерал Иван Спиридович Гребень, облыс прокуроры Фалеев (аты-жөнін ұмыттым) және мені Москвага “кілем үстіне” шақырыпты. Комитет мәжілісінде есеп беру керек, жаңыңа тиетін ауыр сөздер естіп, азды-көпті берген сыбағасын көтеріп келу қажет. Қашып құтыла алмайсың, бұлтаруға шама жоқ. Белгіленген күні Москвага бардық. СОКП ОК-нің үйін бұрыннан білемін, 3-ші подъезден 7-ші қабатқа көтерілдік те, өзіміз билетін Оси-повты тауып алдық. Ол бізді күтіп отыр екен. “Мәжіліс сағат 14-00-те басталады, қазір бөлім бастығы Алексей Петровичке барамыз” деп бізді дедектетіп бір кабинетке алып барды. Левин ұзын бойлы, арық-тұра, егде тартқан адам екен. Ол Қазақстанда, Павлодар қаласында тың иге-ру кезінде істеген көрінеді. Қазақтар туралы пікірі жаман

емес, бірақ та бұл облыста тыңның әлегінен миллионданған гектар жердің топырағы желге үшіп қунарсызданып қалғанын (эрозия почвы) білмейді екен. “Сұрай-сұрай қарын бөле шығады” - дегендей, әңгіме үстінде бізге жерлес болып шықты. Көбіне қазақстан туралы, облыстың басшылары туралы жалпы әңгімеге көштік те, бүгін мәжілісте қаралатын мәселе жайына қалды.

Белгіленген уақытта қайта келсек, Пельшениң кабинетінде комитет мүшелері (бюро мүшелері сияқты) жиналып қалыпты. Сағат 14-тен бес минут кеткенде бізді шақырды. Ат шаптырым даладай кабинет, ортада ұлкен стол, екі жағына 7-8 ден орналасқан комитет мүшелері. Ортадағы столдың төріне тақай қойылған ауқымды жазу столында (Т әрпі сияқты) жалғыз, осы мәжілісті жүргізіп отырған (Пельше демалыста екен) партия бақылау комитеті бастығының орынбасары Густов Иван Степанович деген кісі. Бұл да алпысқа жақындап қалған, сабырлы адам сияқты. Құн тәртібін жариялад, асықпай-саспай бұл мәселе туралы шақырылған біздерді таныстырып жатыр. Отырғандардың біразы погондарына, киімдеріне қарағанда әр түрлі министрліктен екенін айыру киын емес. Погондары әр түрлі болса да, генералдар.

Густов алғашқы сөзді бөлім бастығы Левинге берді. Алексей Петрович Петропавл қаласында СОКП ОК-нің маскүнемдікке қарсы күрес туралы қаулысы жүйелі түрде іске асырылуда деп бастап, 2-3 минуттай істеген ауқымды шаралар туралы айтқанда көтеріліп қалып едік. Қанша айтқанмен жерлесіміз ғой, енді осы бағытынан тайма дегендей. Бірақ, бұл ойымыз ұзаққа бармады, “сонағымен бірге” деп бастап 10 минуттай қалаға қара күйе жағумен болды. Сондағы Левиннің, оны қостап сөйлегендердің бізге таққан кінәсі: арақ сататын орындарды, дүкендерді (дислокация торговых точек) қалай

болса солай орналастырған, ішкілік сату уақыты белгіленбекен. Көпшілік сауда орындары мектепке, бала бақшаларға, аурұханаларға жақын орналасқан. Соның салдарынан Петропавлда арак-шарап көп ішіледі. “Қазақстан бойынша өткен жылы жан басына шаққанда 29,9 литр арақ ішіліпті. РСФСР бойынша 28,8, ал сіздерде, - дейді Левин екі есеге жуық көп 42 литр ішіпсіндер”. Комитет мүшелерінің бізге шүйліккен тағы бір мәселесі медициналық айықтырғышқа әкелінген маскүнемдерге (олар: азаматтарға - дейді) жәйлі жағдай жасалмаған: ыстық су, ванна, душ жұмыс істемейді. Кровать, матрас дегендер жоқ, топчанға әкеп, арам өлген малша лактыра салады екен, - деп бастарын шайқайды. Сіздің қалада айықтырғышқа түскен эйелдердің саны неге көбейіп барада жатыр, - деп те көзімізді шүқиды. “Петропавлда көрген бір масқарамыз сол, көшеде құлап жатқан “азаматтарды” медициналық айықтырғышқа алып келіп, машинкамен басынан бір жол тартып, шәшін алып, қорлайды екен. Бұл адам құқын аяққа басу емей немене? Осы шәш алу төңірегінде, айықтырғышта бекітілген дәрігер жоғы туралы әнгіме бір сағатқа жетіп болды. Ұзын сөздің қысқасы Гребенге қатаң сөгіс, Постновқа сөгіс, Фалеевке ес-керту жариялады. Маған, “Абррахмановтың мәлімдесі еске алынсын” деген сыбаға тиді. Бұйырған сыбағамызды аз-көп демей женіл-желпі жуып алдық та, аман есен елге оралдық. Әрине, ол құжат артымыздан қуып келісімен қалада жұмыс жалғасын тапты. Бұл шаруаға қатысы бар жаупты адамдар жазасын алып, маскүнемдікпен күресті үдеть бағытында іс-шаралар қабылданды. Сөйтіп, бастауыш ұйымдардан бастап қалалық партия комитеттеріне дейін тағы бір науқанды бастан кешірдік. Науқан дейтінім, бұл құжат көп ұзамай ұмытылды, ішімдікке қарсы күрес еш нәтиже бермеді. Қайдан нәтиже берсін идео-

логтар ішпе десе, үкімет арақты көбірек сатындар, бюджет ойсырап қалды деп ойбайлайды. Екіншіден, бір қала, бір облыс, мемлекет те емес жер жүзіне індеп болып жабысқан бұл аурудан бір қаулымен құтыла қою онай болып па? Арақтан генофоны таза, адаптацияны арам ішімдікті жолатпай жүрген қазағым да аз жылдың ішінде онымен әмпей болып алды. Басқа елдің мәдениетін, әдет-ғұрпын, жаксыларын, бойына жинауға жалқау немікүрайлы қарайтын қазақтар орыстың арағын төріне шығарып алды. Аз жылдың ішінде қазекең арақтан орекендерді шаң қаптырып, бірінші орынға шыға келді, енді жуырда сол орыннан айырылатын түрі жоқ. Өйткені Петропавл айықтырышында түнеп шыққан қандастарымыз “қонақтардың” 30 пайзын құрайды. Құдай үрғанда, өрімдей қазақтың қыздары осы мекемеде қонып шыққанын өздеріне мәртебе көреді.

Осы ішімдіктің салдарынан кейінгі жылдары қазақ даласында болмаған қатыгез, қаныпезер жауыздықтар жиі кездесіп жур. Кісі тонау, біреуді өлтіре салу, қорадан мал үрлау өршіп барады. Соның көбі маstryқпен істелінеді, ішімдіктің салдары. Арақ ішіп отырып ағасы інісін, әкесі баласын бауыздап өлтіре салу тауық сойғанмен бірдей. Жуырда бір танысымыздың шешесі қайтыс болып үй-іші жандарына көңіл айтуда бардық. Қайтарда бірге барған Мәкең деген кісі:

-Шешейдің қалай қайтыс болғанын білесіздер ме?
деп сұрады бізден.

-Жоқ. Жасы жетпістен асқан адам, ауырған шығар, -
дедім мен.

-Естіген жоқ екенсіндер, кейуана немересінің қолынан қаза тауып отыр. Әке-шешесі курортқа кетіп, әжесімен 15-16-дағы немересін қалдырып кеткен екен.

-Иә, содан.

-Жастайынан, қызық көріп ата-анасы шампан ішкізіп, ауыздандырган ғой. Содан 14 жасынан бастап арақтың дәмін тата бастаған. Сөйтіп, бірте-бірте арақпен уланады. Оның үстіне, еке-шешесі үйде жоқ, бақылау аз, өзі тендес балалармен бірігіп арақ алып ішеді. Қызып алған бала “ішкенін аздық еткен” соң, әжесінен ақша сұрайды. Баланың түрін көрген әжесі немересін аялап жатқызып демалдырығысы келіп:

-Айналайын, жата ғой, дем алшы, - деп бәйек болып балаға ұмтыла бергенде: - мә, саған жауыз кемпір деп селебе пышақты екі-үш рет бойлатып, әжесінің өлгенін көреді де, үйдің астан-кестенін шығарып, ақшаны тауып алады. Өліп жатқан кемпірде жұмысы жоқ, даラға жүгіре шығып, жолдастарын тауып алып қайтадан ішеді ғой. Ертеңінде өліп жатқан әжесін көріп шошынған бала үйден безіп кетеді. Өлікті келесі күні көршілері көріп, милицияга хабарлапты деп Мәкен әңгімесін аяқтады.

Қасымызда ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары, полковник Қабланбек Қайдаров бар еді, әңгімені сол кісі жалғап жіберді.

-Осындай арақтың салдарынан болған айуандық қылмыс түрлері қалада ғана емес, берекесі кеткен ауылдың бетімен кеткен жастарының арасында да орын алуда. Ауылда кісі тонап, қорадан мал ұрлаған жастардың қылмысқа еттері үйреніп барады. Арақтың зардабынан шаңырағы шайқалып, айырылысып жатқан жұбайлар, баласы жетім, анасы жесір болып жатқан отбасылары қанша ма?

Осыдан он шақты жыл бұрын дедім мен қызмет бабымен жетім балалар үйіне барып тұратын едім. Ай сайын ондағ қосылып жатқан тастанды балалардың ішінде карадомалақтар жоққа жақын, анда-санда, бір-екеуі ғана кездесетін еді. Енді жуырда барсам, біздің қаракөздер

тірі жетім, тастандылардың жартысына жуығы екен.

-Осы мысалдар ұлтымыздың азып бара жатқанының күесі емес пе? дедім сөзімді түйіндей келіп.

-Тек, мынауың қатал үкім ғой - деді Мәкең.

-Мәке, мен бір мысал айтайын,- деді полковник, - содан кейін бұл үкімді сізде қолдайсыз. Жуырда ішкі істер басқармасына Сәлима деген қазақтың жас келіншегі келді, қабылдауымда болды. Петропавлдағы қаңғырып, панаңыз жүрген балаларды қабылдайтын мекемеде үш бірдей баласы жатыр екен. Соларды балалар үйінен алыш кетуге рұқсат сұрайды. Балаларының, қашан, қалай, қай қалада қалғанын білмейді. Ес-түzsіз бір айдай ма, жарты айдай ма мастықтың үйнан арыла алмаған эйел жарытып ештеңе айта алмады. Әр сөзді суыртпақтап тартып, біздің қызметкерлердің айтуымен, балаларды әкелгенде толтырылған күнделік рапортты салыстыра қарасам мәселе былай болыпты. Бұл эйел Жамбыл қаласының тұрғыны екен. Күйеуі түрмеде, сотталған. Өзі ішкіш, маскунем. Еш жерде жұмыс істемейді. Біздің Возвышен (кейін Булаев одан кейін М. Жұмабаев ауданы болды ғой) ауданында сіңлісі бар екен. Соны ізден шығады. Поеzға отырғаннан і shedі. Балалардың айтуынша жобаласак, шешесі Қарағанды қаласында поездан қалып қояды. Балалары шешесін Астанаға келгенде ізден жүріп, бұлар да поездан қалып қояды. Біреулердің айтуымен балалар Қызылжар қаласына келеді. “Булаев” деген, шешесінің айтқаны естерінде қалған, сол станцияға барып туседі. Енді әрі қарай адрестері жоқ. Возвышен аудан орталығы емес, онда кеңшарғана бар. Бірақ, балалар Возвышен дегенді естімеген, естісе де ұмытқан. Енді не істеу керек. Әйтеуір жаздың жәйима шуақ жылы кезі, қайыр сұрап күн көріп балалар шешесін осы станциядан күтіп жүреді, бір жеті ме, бір ай ма қаңғырып жүрген балаларды милиция қызмет-

керлери Петропавлдағы балалар үйіне тапсырады. Мұнда да бір айдай жатып қалады, іздеуші болмайды. Енді, міне “шешесымағы” келіп тұр. Жап-жас келіншек бет аузы жын сокқандай, арақтың уы бойынан әлі де тарап болмаған. Мынандай жанға бала түгіл қойдың қошақының сеніп тапсыруға болмайды.

- Мен алдында балалар үйінде (детский приемник) оларды көргемін. Өрімдей үшеуі де ер бала, үлкені 9 жаста, аты Айдар, екіншісі Серік 7 жаста, кішісі Нұрқан 5 жаста. Әлгі әйелмен мен бір сағаттай әңгімелестім; ұрыстым да, ақыл ретінде де айтып жатырмын, апырай бір без бүйрек адам екен. Не ұялу деген, не өкініп қысылып, қиналу деген жоқ. Ақыр аяғында: “Бала түгіл мысықтың баласын да сізге сеніп беруге болмайды. Сізді аналық құқықтан айыру туралы материал жасақтап қойдық, балалардың келешегі үшін. Олар сізге берілмейді, үкімет қамқорлығына алынады”, - деп қоя бердім. Міне, осындай да сүмдыш болып отыр.

-Баланы туып, көшеге тастап кету жиіленіп барады. Ауылдан келген жас қыздар өмірді, қаланың тіршілігін білмейді. Сақтанудың түрлерінен хабары жоқ. Қаланың қорқау қасқырына кездесіп қалады. Оларда аяушылық деген жоқ. Екі қабат болып шыға келеді. Ата-анаға қарар бет жоқ, елге маңайлай алмайды. Қасқыр бір өлімтікті екі жемейді. Қыз бала енді не істесін. “Қашарында қашады, бұзауларында сасады”. Бар тапқаны сол, баланы тұа сала контейнерге апарып тоғытады. Қаншама сәби осылай құрбандыққа шалынды? дей келіп, кешегі бір уақиғаны айтып бердім. “Түскі үзілісте асығыстау басып үйге келе жатыр едім, есік алдында (подъездің) көрші мосқал әйел отыр. Өзі күнде, жаңбыр болмаса далада отырады. Бірақ, бүгін қолында жас сәби, шырылдан жылап жатыр, кемпір анадайдан мені көре салып қуанып қалғандай: “Қарағым,

мені мына баладан құтқар. Телефонмен милицияға хабарлайсың ба, бір амалын істе”- деді.

-Апа-ау, кімнің баласы? Мен немереніз бе деп ойласам.

-Жоқ, ойбай, жаңа бір сағаттан асты, бір қазақтың қызы осы баланы “Апа, мына сәбиді бір минуттай ұстай тұрыңызшы, сүт бітіп қалып, үйге жеткенше ызыңдайтын түрі бар. Мен мына дүкеннен сүт, т.б. азық-түлік алыш келе қояйын” деген соң, қазақтың балиғатқа жаңа толған жас қызы ғой, ұстай тұрайын деп баласын алыш қалыш едім, енді міне, бір сағаттан асты әлі жоқ. Жүгіріп қызды іздеуге кірестім. Милицияға хабарладым. Жол апатақына ұшырады ма деп жол полициясына звондадым, қызымыз үшті-куйлі жоғалды. Сөйтсек, әлгі қыздың құлығы, баладан құтылуудың амалы екен.

-Менің ел болудан түнілетінімнің себебі осы сияқты келенсіз жағдайлар ғой. Бір литр араққа баласын сатпақшы болғаны үшін ұсталған қазақ әйелін көрдім, - дейді Қабланбек.

Міне, осындай дережеге жеткен маскүнемдікті бір қаулемен жоямыз дей ме екен. Адам баласы араққа қарсы күрестің талай түрлерін қолданды-ау. Ресейде, Америкада т.б.елдерде құрғақ заң (“сухой закон”) дегендерді қолданып арақ шығаруға тыйым салды ғой. Сонда да нәтиже бермеді. Ішімдіктің тағы бір қауіптілігі жастардың арасында қаулаған өрттей тарап бара жатқандығы.

* * *

Қайта құру, жеделдету, т.б. ұрандардың авторы Михаил Сергеевич Горбачев екенін бұл күнде білмейтін кісі шамалы. Әділдігін айтсақ оның үкімет басына келгенінен халық зор үміт күтті. Черненко байғұс о дүниеге аттанып, 1985 жылғы наурыз айында Горбачевтің генсек бо-

лып сайлануы шет елді де елең еткізді. Өйткені, генсектеріміз топалаң келгендей үш-төрт жылда төртеуі өліп есімізді шығарса, шет елде де осылар басшыларын әдейі өлейін деп жатқандардан әкеп сайлай ма екен деп күлкі қыла бастады. Осылай деп ойлауга, анығында, негізде жоқ емес. Андропов та, Черненко да жазылмайтын қатерге тап болғанын, санаулы күні ғана қалғанын біліп отырып дүние жүзінің тағдырын ұстап отырған елге “басшы бола алмаймын” деуге шамалары келмеді. Халықтың қамын емес, өздерінің атын тарихта қалдыру жағын ғана ойлады. “Алпыс күн атан болып жүргенімше, алты күн бура болып ақырып қалайын” деген қағиданы берік ұстаганы ғой.

Енді міне, оларға қарағанда Горбачев тепсе темір үзетін, денсаулығы бар, ердің жасы елуде, жығыла жұмыс істеп қалжыраған адам емес. Халықтына қалды. Қайтер екен сүрлеу-такырланып қалған жолмен жүрер ме екен, әлде аттың басын басқа жаққа бұрар ма екен? деп ойлады. Көп ұзамай әр жағында не бар екенін бір күдай білсін, сөз жүзінде жаңа бағыт ұстайтынын аңғартып салды. Генсек болып сайланғанына бір ай өтпей жатып Орталық партия комитетінің Пленумын, таққа отырғанына жыл өтпей жатып XXVII съезді өткізіп, өзінің бағдарламасын халыққа жария етті.

Сәуір (1985ж.) Пленумына қатынасып, съезге делегат болып барған біздің бірінші басшымыз (В.Т.Степанов) обкомның хатшылары мен бөлім меңгерушілерін жинап, алған әсерін аузынан сұы құрығанша баяндап берді; Генсекті мақтағанда жерге, көкке тигізбеді.

-Михаил Сергеевич өте шешен адам екен, логикасы күшті, сөзі дәйекті, баяндағы тұжырымдары терең, ойы үшқыр адам екен, - деп келді. Артынан білдік баяндағасы 347 беттік үлкен, қалың кітап (өзі жазды дейсін

бे?"), оны съезд делегаттарына таратыпты да, Генсек өзі негізгі тұжырымдары мен алға қойған міндеттер туралы айтып беріпті. Кітап түріндегі баяндама бізге да жетті, оқып қарасақ толған қайшылық.

Өзіне дейінгі, 1960-85 жылдар кезеңін “тоқырау” (застой) жылдары деп жариялады да баяндамасында: соңғы ширек ғасырда (сол 1960-1985 ж. айтып отыр) кеңестер Одағы айбынды жетістіктерге жетті, өндірістің негізгі қоры 7 есеге өсті, мындаған жаңа өнеркәсіп орындары салынды, жаңа салалар пайда болды. Ұлттық кіріс 4 есеге артты, өнеркәсіп өнімі 5 есе, ауыл шаруашылығы 1,7 есе өсті деп қол жеткен жетістіктерді мойындаған болатын. (Материалы XXVII съезда КПСС, 1987 г. 22 стр.). Егер өндіріс “тоқырап бір орында табандап тұрып алса, қандай айбынды нәтижелерге қол жетеді” жоғарыдағы дай көрсеткіштер қайдан келеді? Сонда да өзіне дейінгі 25 жылды “тоқырау” деп жариялады да, енді жеделдешу (ускорение) керек деп зарлады. Ал ол үшін деді Горбачев қайта құру” қажет. Сөйтіп, жаңа Генсек ұрандата келді. Бір қызығы қайта құруды М.С.Горбачев арак-шараппен күресуден бастады. Бұл науқанға халық “Горбачев - Лигачев (СОКП ОК-нің екінші хатшысы) жорығы” деген айдар тақты. Кремльдегілерге елдегі шаш ал десе бас алатын әпербақандар қосылып Одақты арадай шулатты. Аракпен, маскүнемдікпен күресу қажет екені рас. Бірақ, көшеде кездескендердің аузын искең, үй-үйді аралап, пәтерлерге баса көктей кіріп, арақ ішумен өтіп жатқан тойларды таратуға дейін барғаны есімде. Петропавл “Құрылыстрестінің” бөлім бастығын “100 г арақ іштің” деп партиядан қуып, орнынан алышп, масқаралағаны бар. Кәсіпкерлер одағының бір басшысын да осылай жазалағанын ұмытқамыз жоқ. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ортанышы ұлым Марат институтты

бітіргеніне 2-3 жылдай өтсе де, жұмыстың қызығына түсіп алып, үйленбей жүрген еді. Институтты бітірісімен Куйбышев зауытына орналасып үш жылда мастерден бастап цех бастығына дейін жоғарылаған.

Енді, міне ішімдік туралы Заңның қүшіне еніп, күйіп тұрған кезінде: “Әке, мен үйленемін,” дейді. Көніл қосу, үй болу дегеніңіз жағдай талғамайды екен. Ел басына қандай болмасын ауыртпалық түссе де, тіпті қанды қырғын кезінде де үйлену тойлары бола береді ғой. Сонда да, балам: “үйленем” дегенде бір жағынан қуаныш қалсам да, бір жағынан сасып абыржыңқырап қалдым. Сасқаным осы ішімдік жәйлі. Әр жерде: “пәленше екең арақсыз той жасапты, жақсы өтіпті” деген әңгімені ести бастаған кез. Біреулер мактаса, біреулер даттаң жататын. Мән бермейтін едік, енді басымызға келді. “Көппен көрген ұлы той”, “шешінген судан тайынбайды”, той қамына кіріспі кеттік. Келініміз, балам істейтін зауытта есепші болып қызмет атқарады екен. Әке-шешесі, сол кезде, Алматы бағытына тартылған темір жол бойында, шыға берістегі №1-ші разъезде тұрады екен. Қандай қызмет атқарсанда ата-бабалардың салт-дәстүрлерінен шығасың ба? Бірінші, біздің парызымыз құдалардың алдынан өтіп, олардың талап-тілегін естіп, өзіміздің ой-пікірлерімізді ортаға салып, ақылдасуға тұра келді. Қашан келетінімізді хабарлап, айтқан күні құдаларға жетіп бардық. Жақсы қарсы алды. Құдамыз Арғын өмір бойы теміржолда істеген, қазір құрметті демалыста, зейнеткер екен. Екі иығына екі кісі мінгендей денелі, саусактары бақандай жұмыс адамы екені көрініп тұр. Сөзге сараң, сұрақ қоймасаң өз еркімен тіл қатуы сирек. Оның есесіне құдағиымыз Қалима бар жұмысты сөз бүйдага салмай өзі шешетінін аңғартты. Артық талап, тілектер қойып бізді қыспай, ата-аналарымыздың жоралғы жолдарын еске алып, келісіп

жатырмыз. Құдағи жастардың үйлену той жабдықтарын өткізу мәселесінде жіліктің сүйегін шағып, майын сорған майталман екені көрініп түр. Бұдан бұрын 4 баласын үйлендіріп, екі қыз ұзату тойын өз шаңырағында өткізген ана. Мал сойылып, кешкі қонақ асы үлкен астаумен келіп қалды. Енді жігіттердің ет турай бастағаны сол еді, дастарқанға подноспен самсаған шыныларды алғып келгенде шошып кеттім. Генсектің талабы анау, ішімдікке қарсы күрес жүргізіп жүргеніміз мұнау.

-Құда-құдағи, қазіргі тәртіпті естіп біліп жатырсыздар. Арақ-шарап мұсылманның асы емес. Осы Указдың өзі жақсы болды, бар пәле осымен кетсін, арақ-шарапты дастарханнан әкетіндер дедім. Құдағи:

-Жоқ, қуда, үйімізге келгеніңіз сол, дастарханымызды билеменіз. Арақ-шарап біздің шығарған дәміміз емес. Ойын-тойдың, қызық қуаныштың мұнсыз сәні келмейді, екі жастың келешегі, бақыты үшін бір бокал ақтайнар іштің деп сөгетін кісің кім? деген кезде, біздің жақтан менің қайынбикем Мәруар:

-Құдағи дұрыс айтасың. Құя бер. Құдан да іshedі. Сені осы арада суретке түсіріп тұрған обкомның тыңшылары тұрған жоқ шығар. Өз тойында өзің ішпейтін саған не көрінді. Ал, құдалар, Қосай арақ ішті деп ешкімге айта көрмендер, - деп аяғын әзілге бұрды.

Шындығында арақ қазақтың атасынан қалған асы емес. Сонда да дастарханымыздан орын алғанына көп уақыт болмаса да (40-50 жыл), құдағи айтқандай, онсыз қуаныш-қызық, той-думан өткізбейтін халге келіппіз. Құдайы қонағына қойын сойып, бір жарты ішімдік қоймаса, ертең-ақ “пәленше екен сараң, Шықбермес Шығайбай” деген атақ бүкіл елге жайылады. Міне осындей, “арақтың дәрежесі” артып тұрған кезде “ішімдікке қарсы күрес ашайық” деп ұран тастағанда кейбіреу-

лердің төбесінен жәй-түскендей әсер еткені рас. Сондықтан қалада арақ ішкендерді халық жауындай қудалап жатқан кезде, ауылда мынандай жайбарақттық бізді таңқалдырды. Ал, мен екі оттың ортасында тұрғандай сезіндім. Бір жағынан указдың орындалуы жолында белсене күресіп жүрмін, екіншісі жағынан “чиновник неме шіреніп, бәлденіп” отырғой, баласының, екі жастың бақыты, болашағы үшін ішсе несі кетер деп көзіме айтып отырғандар сыртымнан не демейді. Құдалар да “төресым-мақ” қызметкерлер бізді менсінбей отыр деп ойлауы да мүмкін ғой. Іштей біраз күресіп отырсаң да: “Тәуекел, баяуыр етім балам ғой, несі болса да көріп алармын,” деп құдаларымның ыңғайына жығылдым. Және бұл той емес пе, біздің жақтан 5-6 кісі, құдалар да сол шамада. Оның үстіне құдаларым да құдайға қараған адамдар, іш-іштің астына алып мазалаған жоқ. Аталы әңгімелер айтылып, ара-тұра жастар жағының асқақ әндерін тыңдап, кешті көңілді өткіздік. Ертеңінде той жабдығы туралы “келіссөзді” жалғастырып, бәрін де оңай шешіп алдық. Тойды шілде айының екінші сенбісіне белгіледік.

Ендігі ауыртпалық бізге түсті. Оның бастысы сол ішімдік. Қазақ даласында ұмытылып бара жатқан арақсыз үйлену тойы. Дастанханға арақ-шарап әкелсен басың кетеді. Бермесең тойың көңілсіз өтеді, қонақтарың сөгіп кетеді. Енді не істеу керек? Қиналған “Жамбыл” жері осы, ешкім жарытып ақыл бере алмайды. Некеге отырғызу мекемесінде жастарды құттықтап бір-бір бокал аққайнар ішкіздік. Той басталды.

Жастар келді, жар-жар, беташар айтылып жатыр. Орындарына отырғыздық. Стол үстінде суық тамақтармен бірге, қымыз, сусын ішімдіктің түр-түрі. Қымызбен тос-тілектер айтыла басталды. Өлеңге жол берілді. Біздің ага буын, ақсақал, қарасақалдарымызға бірдеме жетіс-

пейтіндегі, бұрынғыдай гүжіл-әңгіме жоқ, самарқау. Оның есесіне жастар жағы көнілді, секіріс биге көшті. Қонақтарымның аға буыны 3-4 сағат отырғасын қабырғасы сөгіле бастады. Мен құдаларымды, елден келген ағайындардың ересектерін үйге алғып келдім.

Екі жақтың құда-құдағилары танысып үлгерген екен, шүйіркелесіп, әңгімелесе кетті. Алдын ала жасалған стол, арақ-шараптар көрінбейді. Қолдарын жуғызып, отырғызып жатырмын. Қонақтар орналаса бере Қапез деген бажам:

-Бажа, сен құлықты қой, есік-терезенді жап, арагынды әкел. Жаңа мейрамханада жүзден артық кісі болды, үнде-медік. Тойың арақсыз өтті. Жақсы өтті, әсіресе жастарға. Ал, бізге бұл тәртіпке бірден көшу қыын. Африкадан әкелген маймылдай сезіндік. Бізді өз тәртібімізге көшір. Арақпен ертең құрес. Дұрыс па құдалар? дегенде “дұрыс” деген дауыстар қаттырақ шықты. Өзімізде осылай болар деп ойлағамыз. Жігіттер шынылардың аузын ашып, біреулер рюмкелер тасып, енді біреулері құйып таратып жатыр. Сөйтіп, есік-терезені жауып, бұрынғы қалыпқа түстік. Бір-екі тілек айтылған соң үндемей отырғандардың өздері көздері күлімдеп, тілдері шешіліп гүжілдей бастады.

Дегенмен, ара-тұра Указды да еске алғып қоямыз. Соның өзінде басқа үйде жататындар түн ортасында тарай бастады. Сөйтіп, арақсыз отken үйлену тойларының бірі (үйдегіні есептемегенде) біздің шаңырақта өтті.

Әрине, Горбачев-Лигачевтардың мақсатын түсінуге әбден болады. Бірак, шарап істейді деп жүзімді шаптырып тастауын ақылды адамның ісі деуге болмайды, Баяғы Дон-Кихоттың дәл өзі. Соны біле тұра бұл асыра сілтеу ғой, “көздің былшығын алам деп, қылшығын алу емес пе?” деп қарсы шыққан ешкім болған жоқ. Ал

халық іштей қарсы болды, бұл шараларды құптамады. Оған мысалдар көп-ақ. Осы Указ ақпарат-құралдарында жарық көргеніне бір жыл болмай Мәскеуден, СОКП-ның жауапты қызметкери Вячеслав Дмитриевич Ткаченко звондал тұр. Ол кісі осыдан үш ай бұрын біздің облысқа КСРО-ның Жоғарғы Кеңесіне депутаттарды сайлауға дайындық науқанын тексеруге келген. Мен екі-үш ауданға апарып, қаланды аралатып үш-төрт күн бірге болғанмын. Амандық сұрасып болғаннан кейін Ткаченко:

-Қосай Асхатович, СОКП-ның секретариат мәжілісінде Саяси бюроның ішімдікке қарсы құрес туралы қаулысының Жезқазған облысы бойынша орындалу барысын тыңдау жоспарланып отыр. Сол мәселені Секретариатқа дайындау үшін топ құрып едік. Соған сізде кірдіңіз. Бүгін маусымның 13, сіз келесі дүйсенбі күні Жезқазғанға келіңіз. Давыдовтың -обкомның бірінші хатшысының кабинетінде кездесейік. Обком сіздің келетініңізді біледі. Біздің топта 5 адам бар, - деді. Партия тәртібі - әскер тәртібі. “Құп болады” дедім.

Маужыраған маусым айының бір жексенбісінде Петропавл-Шымкент рейсімен Жезқазғанға келдім. Аэропортта обкомның үйімдастыру - партия бөлімі бастығының орынбасары, менің әріптесім қарсы алды. Алматыда жиналыстарда кездесіп тұратынбыз, аты-жөні Тұрсын Досқараев. Saғat 16-00-да келіп қонсақ та, күннің ыстығы басылмаған, машинаның ашық әйнегінен соққан желдің лебі, жанып жатқан пештің қызыуындей. Қалаға дейін дағы, ағаш, жасыл орман, қалың тоғай түгіл шөпте көрінбейді. Тап-тақыр, жол-жол болып жатқан құм, аратұра тас, төбешіктер көрінеді.

Қаландың шетінде, айдын көлдің (қолдан жасалған екен) жағасындағы үш қабатты шағын үйге алыш келді. Бұл жоғары жақтан келген қонақтарды, Жезқазған маңы-

на қонған космонавтарды қабылдап, демалуларына, медициналық тексерістерінен өтулеріне жағдай жасайтын орталық екен. Мені екінші қабаттағы бір шеткерірек нөмерге орналастырды. Содан кейін 1 қабаттағы асханаға апарып тاماқтандырды да:

- Ал, Қосеке сізге ертең тоғызда машина жіберемін, бос болсам өзім келіп алып кетем. Бүгін дем алышыз. Кешкі, тәнгеренгі тاماқты осыдан ішесіз. Ткаченко бұгін, сағат кешкі 10-да келеді. Онымен ертең кездесесіз, - деді.

Тұрсын 9 болмай келіп қалды. Ткаченкомен кездесуге әлі бір сағат бар. Тұрсынның кабинетіне кіре берісте Сабыр Сауыт деген біздің жерлесіміз, осында облыстық газеттің редакторы болып істейтінің билетінмін, кездесе қалды. Амандық сұрасып жатырмыз. Әлгіндей болған жоқ, Тұрсынның бөлмесіне тағы бір жерлесіміз, Қайыржан Мәдиев кіріп келді. Ол осы обкомда ғылым және оқу орындары бөлімін басқаратын. Амандық сұрасып мәресіре болып қалдық. Менің не шаруамен келгенімді біліп отыр. Бірақ, мен оларға:

-Секретариатқа керек материалды Ткаченко менсіз де табады. Менің бұл өнірге бірінші аяқ басуым. Ел көрейін, жер көрейін деп келдім. Қандай ақыл бересіндер. 2-3 ауылға, бір-екі ауданға барсам, деймін, өндірістің қарашанырағы Қарсақпайды көрсем (бала кезімізде Қарағанды Қарсақпай деп өлең айтатынбыз)-дедім. Сабыр:

-Қосеке, Жезқазған өңірінің географиялық жағын, жер көлемін өзің білесің, облыстың бір шетінен біршетіне үшқан құстың қанаты талатын, тұлпардың түяғы мұжілетін жер. Анау, Шет ауданы облыс орталығынан 1200 шақырым жерде, Қарағандыны басып барасың, тіпті ортадағы Балқаш қаласының өзі 800 шақырым. Бұл

облыстың Жезқазғанға жақын орналасқан және тарихи мұраларға бай, адым аттасаң тау-тасы сөйлейтін ес-керткіші мол Жезді деген ауданы бар. Одан 60 шақырымдай әріекте қазақтың хан сайлаған қасиетті жері Ұлытау, өзімен аттас ауданы бар. Қайда барғың келеді деп сұраса, осы екі ауданды таңда. Әр қазақтың баласы ат басын әдейі бұратын жерлер ғой, - деді.

Уағадаласқан уақытта Жезқазған обкомының бірінші хатшысы Давыдовтың кабинетіне кірдім. Ткаченко сонда отыр екен, бізді таныстырыды, тағы үш кісі ұзын столға жайғасыпты, біреуі Мәскеуден, СОКП-ның қызметкері, екіншісі Теміртау қаласының хатшысы екен, енді бірі Алматыдан. Вячеслав Дмитриевич Жезқазғандықтарға топтың құрылу мақсатын айтЫп, оларға да бізге де өзінің Мәскеуде жасап әкелген сұрақ-естелігін (памятка) таратты. Онда қандай мәселелерге жауап іздеу керектігі тізілген. Сұрақта (Политбюро) Саясибюро қабылдаған “Алкоголизм мен маскүнемдіктен арылудың жолдары туралы” қаулыға қатысты мәселелер ғана емес, жуырда өткен сәуір Пленумының қаулы-қарапларының орындалу барысын тексеру де ескерілген.

-Осы мақсатта - деді Ткаченко В.А. шағын топқа кірген бес адам обкомның көмегімен бір жетінің ішінде 4 қала, 7 ауданның жұмысын сараптап шығуы керек. Өзімнің тілегіме байланысты Орталық комитеттің қаулы қарапларының Жезді және Ұлытау аудандарында орындалу турагын 4-5 бет анықтама жазу маган жүктелді. 4-5 бет деп айтуға оңай, таблицалары, даму диаграммалары, сараптама жасау, т.б. бір кісінің бір айда жасайтын жұмысы. Сондықтан біз жергілікті басшылардан (көбі обкомның қызметкерлері) қосымша топ құрып, алыста орналасқан екі ауданмен, екі қалаға, жырақтарты ауыл селоға аттандырыдық.

Тұстен кейін Тұрсын екеуіміз Жезді ауданына аттандық. Бұл ең жақын аудан, жолы асфальт, әлгіндей болмады, аудан орталығына жетіп келдік. Ат басын райкомға тіредік. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мәкен Төрегелдин деген кісі екен, жас шамасы елуді деңдеп қалған етде тартқан адам.

-Мына жігіт Қапанов Белгібай, райкомның екінші хатшысы, мамандығы агроном, ал мына қызымыз Жақыпова Келет Әжібайқызы идеология жағын басқарады. Қонағымыздың бұрын бұл аймақта болмағанын ескеріп (оны кім айтты екен. Шамасы менің жерлестерімнің бірі болса керек), мен ауданымыздың арғы-бергі тарихына қысқаша шолу жасайын деді. Содан кейін уақытыңыз жеткенше көзге ілінерді арапап көрерсіз. Бұрын бұл өлкеде елдімекен болмаған. Қарсақбай деген байдың жайлауы екен. Ертеде Ұлытаудан бастау алған үш өзен болған, қазір сілемі бар, көктемде, күзде суы молырақ болады, жаз айларында кеуіп қалады. Қаракенғір, Сарыкеңғір бұрын өткел бермес өзендер екен. Алқа толған қалың тоғай, шүйгін шөп шығатын, малға жайлышы жер болған гой. Міне, Қарсақбай осы алқапты жазда жайлаған көрінеді. Оны айтып отырғаным, Қазақ металлургиясының шымылдығын ашқан, тұсауын кескен кенқорыту зауыты осы байдың жайлауында салынған.

Халық аузындағы әңгімелер мен Қаныш Имантайұлының зерттеулері бойынша бұл өлкені Массегаттар жайлаған екен, сак заманындағы садақтың жебелері мыспен үшталғанын тарих дәлелдеп отыр. Бұл бабаларымыздың өте ерте заманда-ақ мыс қорытумен шұғылданғанының айғағы.

Орыстың белгілі купесі Никон Ушаков қазақ даласын тіміскілей жүріп, Қарсақбай маңында мол байлық жатқанын сезеді. Осы жерді 400 теңгеге жалға алады, бұргылау

жұмысын жүргізеді. Күпес жайдан жай ақша шаша ма, мол байлыққа кезігеді. Бірақ, байлықтың үстінде отырып, оны ала алмайды, не мыс қорытатын зауыты жоқ, не болмаса алыстағы зауытқа таситын темір жолы жоқ. Түйе жолы да ауыр, ауыз су кез келген жерден шыға бермейді. Жезқазғаннан мыс қорытатын зауыты бар Орал алыс және жолы ауыр. Ақыры Ушаков Қарсақбайды ағылшындарға 260 мың тенгеге сатады. Ағылшындар да ашық ауыз емес қой сатып алысымен (ақшасын толық төлемей) 1906 жылы Уэст деген инженер бастаған бір топ геологтар келіп Жезқазған, Қарсақбай өнірін қазып, қопарып, іздеу жұмыстарын жүргізеді. Мол дүниеге ие болатындарына көздері жеткен соң ғана 1909 жылы құжаттарын толтырып, ақшасын төлеп, заңдастырады. Бірақ, бай қазынаның бар екеніне ағылшындардың көздері жетсе де, қолдары жетпейді. Сол Ушаковтың басынан өткен қыншылықтар ағылшындарды да ойландырады. Ақыры, бұлар мыс қорытатын зауыт салудан басқа жол жоқ екенін түсінеді. Эрине айдалада зауыт салу, оған жұмысшылар іздең табу оңай шаруа емес. Қазақтар мал бақсан халық. Жер астына түсіп, кен қазу көрге түскенмен бірдей. Екіншіден, зауыттың ішкі жабдықтарын, станок, т.б. өндіріс құралдарын қалай тасиды. Ақыры, зауыт салудың да амалын тапқан ғой. Шахтаға, зауытқа қажетті жабдықтарды 280 вагонға артады да, біріне бірі тіркелген 5 паровоз бен сүйрейді. Соңда темір жолын қайда? деп сұрамайсың ба? Ең жақын деген станция Қарсақбайдан 480 шақырым. Ол кездегі техника күрек пен сүймен болса, теміржол салу үшін неше жыл көттінін білесің бе? Ағылшындар мынандай құлық ойлап тауыпты. Жаңағы бес паравозбен 280 вагонның ұзындығы екі жарым шақырымға созылған екен. Соңдықтан 13 шақырым жерді тегістеп темір жол салып эшалонды

жүргізеді де. Жүріп өткен жолды бұзып, тағы 13 км жылжытады. Осылай 13 километрлек жылжыта ілгерілей берген. Сөйтіп 3 жылдай уақыт өткенде 280 вагондың жүкті Жосалы станциясынан Қарсақбайға 1917 жылдың 8 қазанында жеткізілті.

Зауыт салуға енді кірісуге болады. Құрылышылар даян, оларға үй салып, құрылышқа материалдар жеткілікті деп іске кірсе бастағанда қазан төңкөрісінің дүмпүі алыстағы қазақ даласына да жетіп, ағылшындар “байтал түгіл бас қайғы”, - “Малымыз жанымыздың садақасы” деп, қашып отырған екен. Еліміздे азамат соғысы аяқталағып, ес жия бастаған кезімізде зауыт туралы мәселеге де кезек келеді. Бірақ, мамандар Қарсақбайдың байлығы туралы әртүрлі пікірде болыпты. Біраз геологтар Қарсақбайдың жер астындағы қоры (мысты айтып отыр) ондай көп емес, зауыт салып шығынға бататын біз бай емеспіз десе, Қаныш Имантайұлы бастаған жас ғалым-геологтар өздерінен бұрын зерттеген ғалымдардың ең-бектеріне сүйене отырып, зауыт салудың қажеттілігін дәлелдеп берді. Олар біріншіден, жалғыз Қарсақбай емес, Жезқазған төңірегінде жер астындағы жездің қоры мол екенін айтты. Екіншіден, ағылшындар әкелген зауыт жабдықтары даян, енді көп қаражаттың керек емес екенін де тілге тиек етті. Ақыры Қ.И.Сәтбаевтардың пікірін үкімет қолдап іске кіріседі. 3000 жұмысшысы бар зауыттың алғашқы пеші 1928 жылдың 19 қыркүйегінде пайдаланылуға беріледі, кейінірек қазан айның 19 күні Қарсақбай зауыты мыс қорыта бастанды.

Міне осындай тарихы бар, көптеген қыншылықтармен, текетірес-күреспен салынған Қазақстанның тұнғыш зауытының ғұмыры ұзақ болған жоқ. 1975 жылы жабылды. Дегенмен, еліміздегі өндірістің атасы Қарсақбай өз қызметінabyroimylen oryndadys. Әсіресе, ұлы

Отан соғысы кезіндегі еңбегін бүкіл КСРО, бүгінгі ТМД елдері жақсы біледі.

Міне осы сияқты, Қарсақбай қаласының (бір кезде 15 мың тұрғыны болған) тарихы бай. Ол туралы қаланың мұражайынан көп мәлімет алуға болады деп бірінші хатшы әңгімесін аяқтады.

Ауданның кешегісі мен бүгінгісі, келешегі туралы бірнеше сұрақ беріп, Мәкеңмен қоштастық та, Белгібайды алып ауданды аралауға кірістік. Мәкеңнің Қарсақбай туралы әңгімесінің әсері тарқамай тұрғанда аралауды сол қаладан, музейінен бастауды жөн көрдім. Алдын ала ес-кертіп қойған ба, мұражай бұрынғы зауыттың цехтарының қасында, әкімшілік кеңесіне орналасқан еken. Бізді қарсы алған қараторы, орта бойлы, құлынның мұсініндей талдырмаш әдемі келіншек еken. Қарсақбай қаласында алғаш салынған үйдің орнын да білетін, зауыт тарихын адамның өмірбаянында тартымды тілмен баяндал берді. Әсіресе адамдар... туралы. Ал ерекше қадір тұтып, мұражайдан тұтас бір бөлім берген адам академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еken. Қарсақбай зауытының өркендеу жылдарында академиктің қызметін айттып жеткізу қыын.

Қарсақбайдан шығып кенбайыту басқармасына бардық, директоры Сарынов Әшім деген азамат еken. Жалпы жағдай туралы бір сағаттай сөйлесіп отырғаннан кейін шахтага түсуді ұсынды. Бұрын шахтаны кинодан көріп жүрген адамға таңсық. Шамасы 40-50 метрдей төмен түскен шығармыз, жер асты қайнаған еңбек, ана жақта жылтыраган шамның жарығы сықсияды, конвейермен тоқтаусыз жүріп жатқан тас аралас кен. Көп болғамыз жоқ сыртқа шықтық жер астындағы жандардың бәрі жұмыс үстінде, сенімен сөйлесетін кісі жок. Құмырсқаның илеуіндей абыр-сабыр.

Сол күні Жездіде қонып ертеңінде Байқоңыр совхозына жол тарттық. Ол Қаракеңгір өзенінің бойында екен. Совхозда болып, халықпен кездесіп, сонда тұскі тамақ іштік. Қазақшылық жолымен мал сойып, басын көрсетіп жатыр. Ет туралып бола берген кезде үй иесі ыңғайсыз бір күйге түсіп тықырши бастады. Мен оларды қинамайын деп:

-Мал сойып қарсы алғандарыңа рахмет. Сіздің қозғалып, ас үйге қарай бергеніңізді мен түсініп отырмын Козғалмаңыз. Адал дәмді арақпен араластырмайық. Біздің төл асымыз емес, арақты қазақтар женіл, қиналмай-ақ қоюп кетеді. Мен, мына орыс ағайындарды аяймын, олардың ата-бабасынан бері келе жатқан самогонынан қайтып арылар екен деп әңгіме аяғын әзілге бұрдым. Мен ол ауылға қонаққа келіп отырған жоқпын. Арақтан арылдындар ма? - деп, тексеріске келген адамға қалай арақ әкелсін.

Тұстен кейін Сәтбаев кеңшарына аттандық. Ол аудан орталығынан 150 шақырым. Екі сағаттай жүріп бардық. Жол жақсы, асфальт, оның үстіне жері құм тас. Мидай да-ла; ағаш, тоғай түгіл қаңбақ шөптегендегі, құлазыған меніреу алқап. Бұрын үйір-үйірімен сайғақтар, өзенге қарай топ-тобымен құландар жүреді екен, қазір шамаланып қалса керек, аңшылыққа сондықтан тыйым салыныпты. Кеңшардың кеңсесіне тоқтап, машинадан шыға бергенде 3-4 адам бізге қарсы жүрді. Амандықтан кейін таныса бастадық. Директормын деген жігіт қамал бұзар қырық жастың төңірегінде, аласа бойлы, жауырынды, төртбақ жігіт екен. Аузын ашса жүргегі көрінетін ақкөңіл болу керек, күле сөйлейді, аты Нұрғали. Совхоз жағдайын баяндап отыр: кеңшарда 570 мың гектар жер бар екен (Біздің жакта екі ауданың жері деп айтуга болады). Өркеш-өркеш құм басқан далиған дала, 4 бөлімшесі бар, 40 мың қойы

бар, жылқы 1800, қара мал 500-дей ғана. Кеңшарда төрт жүзге жуық жұмысшы бар, біз осы совхозда қонақ болдық, қонақ үй жоқ. Нұргали өз үйіне шақырды. Амал бар ма баруға тұра келді. Алаша, көрпе төсөлген, дәңгелек аласа стол. Біз жайғасып отырар отырмастан үлкен тегене толы қымызды бір жігіт алып келді. Сапырып отырып сары қымызды құйып, таратып жатыр. “Бисмиллаң” деп ұрттаң көрсем, менің бұрын ішпеген қымызым, дәмі балдай, өлтіре пісіп тастаған қазақтың қою сары қымызы. Бір литрден ішіп алдық. “Ішпеген қымызым” дегенім артықтау болар. Бізде, елде, малмен бірге өскен қазақпыш ғой. Үйімізде шешем қайтыс болғанға дейін қымыз үзілген жоқ. Бие сауатынбыз, қымыз ашытатынбыз. Шешем марқұм мен жазғы каникулға келгенде, қымыз ішіп әлденіп алсын деп, өзі ауырып журсе де бие сауатын. Кешке жатарда 100-150 рет піс деп тапсырма береді. Кейде сол күмпілдетіп пісे беруге ерініп қоя салсам қымыз ертеңінде қышқылдау болады.

Сол сияқты қымызды бізде ашытқамыз. Оны дайындау технологиясынан хабарымыз бар. Бірақ, биелердің таулы жерде бағылып, тастың арасына шыққан құнарлы шеп жегендіктен бе қымызы қою, тіл үйіретіндей дәмді болады еken.

Әңгімемен отырып, ас келгенін де абайламай қалыптыз. Үлкен астаяу, үйеме. Ол кезде бізге, біздің жаққа ырысы мол астаяымыз әлі келмеген болатын. Екі жігіт бәкілерін алып, жүрелерінен отыра салып ет турауға кірісті. Бұл үйде де үй иесінің бір нәрсе жетпей тұрғандай тықырши бергенін сездім де:

-Нұреке, сіз ауыз үйге қарай берменіз. Қысылмаңыз. Арак-шарапсыз да осы дәміңізді дүшпаныңыздай жейік. Біз бұрын қонақтарымызды орыстың арағынсыз құрметтегенбіз. Соған қайта оралып келсек қандайabyрой. Гено-

фонымыз тазарады. Енді Указ туралы айтпай-ақ қояйын, өзіңіз де түсінесіз, - дедім.

- Қосеке, сіз тексеруші емес, қымбатты қонағымыз деп қарсы алып жатырмыз. Елдің шетінде, желдің өтінде тұрасыздар. Қазақтың қонақ-жай дәстүрі деп айттыңыз ғой. Қазақ қонағын дәммен ғана сыйлаған жоқ. Өлең-эн мен де сыйлаған. Біздің мына жігіт, - деді Нұргали жасы 25-тер шамасындағы бір жігітті көрсетіп, - халық әндерінен биылғы республикалық конкурс байқауының жеңімпазы Фазез Сұрағанов. Әдейі сізге орталық Қазақстан өлкесінің ән-күйлерін тыңдасын деген ниетпен алдырып едік, ән тыңдаңыз, - деді директор

Фазез де ауыздықпен алысып, тізгінді қашан босатар екен деп тыптырышып тұрған тұлпардай әлгі сөзді естісімен домбыраға жармаса кетті. Аспанда ән қалқып тұрды деген сол екен, шырқай салған әуен үйдің ішін толтырып жіберді. Ара-арасында күй де тартып, бізді бір сағатқа жуық ән мен күйге бөледі. Мен мұндай көмейінен жыр төгілген, бармағынан күй құйылған әнші-домбырашы өнер иесін жиі кездестірдім деп айта алмаймын. Міне, осылай қазақтар қадірлі қонақтарын ән мен жырмен қарсы алса, қандай есуас арақ қоймадын деп өкпелеп кетеді.

Ертеңінде Ұлытау ауданына жол тарттық. Оның Амангелді совхозында болдық, директоры арық, ұзын бойлы, қараторы жігіт екен, жасы қырма сақал қырыққа таяп қалған, партия үйіміның хатшысы Эбиев Тұрсын деген жер орта жасқа келген, егде тартқан адам екен. Кеңшар директоры шаруашылықтың экономика, әлеуметтік салаларынан әңгіме қозғап кетті. Мен кейбір көрсеткіштерін, басқа да қажет болады-ау деген ақпараттарын қойын дәптерімे жазып жатырмын. Кеңшар негізінен қой шаруашылығымен (жер жағдайына байланысты егін екпейтіні белгілі) айналысады екен. 51 мың

қойдың қазір 37200 аналық ол 70 пайызы. Жұз бастан өткен жылы 88,5 қозы алышты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жоспардан тыс 1 млн. сом кіріспен шығыпты.

Жер көлемі 80 мың гектар, дәнді дақылдар аз, жері күм, тас экологиясы өте ауыр. Байқоңырдан ұшқан жер серіктерінің, ракеталардың сынықтары, темір бөлшектері, қаңылтыры үзіктегі аяқ бастырмайды. Кешегі қазақ халқының хан сайлаған Ұлытауының бүтінгі халы осындаиди. Әрине, ол кезде бұл туралы жүйелі әрі терең әңгімелеге бара алмайтын едік.

Совхоздың асханасында дәм дайындағы қойған екен. Ас үстінде ел тарихы, әсіресе сол аймақтың тарихы төңірегінде біраз ой бөлістік, мағлұмат алдық. Тұрсын ақсақал (өзіміз жастау кезімізде жасы 50-ге келгендерді де ақсақал дей бердік қой, қазір жігіт ағасы дейміз) Ұлытаудың тарихын сонау ноғайлы заманынан “Ел қамын жеген Едіге”-ден бастады. 300 мыңдай әскері бар қол бастап жер-жаңанды дірілдеткен Ақсақ Темірдің басқан топырағын басып, атын суарған жер екенін жыр қылышпайтты.

-Ел ішінде мынандай бір аңыз бар. Осы өздеріңіз машинадан түсіп тамашалаған Алтын шоқыға әскерімен көтеріліп Темір жауынгерлеріне бүйірк береді. Жауға аттанып бара жатырмыз, шығынсыз соғыс болмайды. Осы майданда қанша сарбаздарымыз шейіт болып, елі, жері үшін құрбан болғандардың санын білуіміз керек. Ол үшін әрбір жауынгер бір-бір тастан бір жерге үйіп кетейік. Соғыстан оралысымен, әркім бір-бір үйілген тастан алыш басқа жаққа лақтырып кететін болсын. Сонда неше иесіз тас қалғаны арқылы майданда неше жауынгеріміз шейт болғанын білеміз, - депті.

Тұрсекен Алашахан туралы да тамаша бір әңгіме айтты. Осы ауданға қарайтын “Сарыженгір” кеншары же-

рінде IX ғасырда хандық қурған Алашаханның кесенесі бар екен. Ертеде Аламан деген хан болыпты. Бірнеше әйелдерінен көрген ұл-қыздарында есеп жоқ. Күндердің бір күнінде соңғы алған тоқалы босанады. Сазандай бір ұл туады, эттең денесі алапес екен. Аламан баласын көргенде намыстанып “бұл бір шіріген жұмыртқа болды,” деп ренжіп, жаңа туған балаға Алаша деп ат қойып, шешесімен бірге баланы қырық күндік тамағымен елден аулақ, айдалаға апарып тастатқызады. Сондағы тоқал мен баланы әкелген жері осы Сарыкенгірдің бойы екен. Шешесі де бір боркемік болмай, еркектің өзін атқа теріс мінгізіп жіберетін қайратты, әрі сایыпқыран мерген болса керек. Сол еті тірлілігімен баланы ер жеткізеді гой. Он үш жасқа келгенде Алаша саусағы білектей, қеудесі есіктей жігіт, құланды ұстап ат қылып, аң мен балықты аулавап ас қылып, өседі. Ержете келе Алаша жан-жағына кез салады. Жағалай қонған ел бар екен, бір-ақ басшысы болмай, азып, тозған. Көрінген барымташының жемі болған халын көреді. Енді бірде қалың қол келіп көрші отырған елді ойрандал, халқын қынадай қырып, малын айдал барады деген хабар алып, жаудың соңынан тұра шауып, жаудан көршілерінің жандарын құлдықтан, малын барымтадан құтқарады. Мұны естіген жарлы-жақыбайлар ауылдары Алашаға елші жіберіп, соның тәңірегіне топтала бастайды. Сөйтіп, жылдар өткенде Алаша сол елге хан болып сайланады, беделі өседі, атағы алты алашқа жайылады. Ел аман, жұрт тыйыш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болған екен, - дейді Тұрсекең өзі сол хандықты көзімен көргендей.

Тұрсын ақсақал Жошының да осы тәңіректе Қара-кенгір өзеніне таяу кесенесі бар, оны көрмей кетуге болмайды, - деп ескертіп жатыр. Жошы туралы аңыз-әңгімелер бірнеше кітапқа жүк болары белгілі және Шын-

ғысханның тұнғышы тұғанынан өлгеніне дейін сирек ашылмаған жұмбақ адам ғой. Тұрсекеңе жол адамдары екенімізді, уақытымыздың тығыз екенін ескертіп жүріп кетуге рұқсат сұрадық, екі кесенені де көреміз, - деп уәде бердік.

“Сарыкеңгір” кеңшарында болып, Сүлейменов Әбілханмен кездестік. Шаруашылықтың экономика, әлеуметтік салалары туралы ғана емес, ауылдың әрлібері тарихынан мағлұмат алдық та:

- Эбеке, мен Қазақстанның тұп қазығындай орталығы кіндігіне келіп, әр тасы тарих, әр шоқысы шежіре, ел бастаған көсемдер, қол бастаған батырлар орда тіккен, зирағы жатқан жерге келіп, аруақтарына тағым етпесек кім болғанымыз. Осы сіздің кеңшардың аумағында Жошы мен Алашаханның кесенелері бар дейді, дұға оқып, мазарына бас иіп кетсек деп едік, - дедім мен, шаруашылық туралы әңгімені аяқтай келіп.

- Олай болса не тұрыс бар, өзім бастап апарамын. Сіздердің жолдарыныздан онша бұрыс емес, - деді директор. Мазарлар шынында да асфальт жолдан алыс емес екен, бірақ жол күлгін топырақ. Машинадан түсіп, топырақты басып қалсаң шаңы 10 метрге көтеріледі. “Волгагород” ішіндегі төрт адам бір-бірімізді көре алмаймыз, қалың, қою тұтін сияқты шаң. Қолқамызға кіріп, дем алдыраш емес. Машинаның шыны терезесін жауып қояйын десен, онда да шаң аздау болса да бар, екіншіден, күн ыстық жабық кабинада тұншығып кете жаздайсың. “Бұл қайта жел жок, тынық кезіндегісі,” - дейді жол сөріктеріміз.

Әйтеуір, Жошыханның мазарына жеттік-ау. Мавзолейде ремонт жұмыстары жүріп жатыр екен. Сыртқы ою салған плита сияқты қабаты жел мен дауылға, қар мен жауынға ғасырлар бойы төтеп беріп келсе де, әр жеріне си-

зат түсіп, мужіліп, шеті сынып кетіліп, ескіре бастаған ғой. Сол сыртқы майлау сылақ қабатын сыйырып алып, жаңа плитамен алмастырып жатыр еken. Сол ескі қабатының бір сынығын ескерткіш ретінде алып едім, тамаша сақталған, көкшіл бояумен сырланған еken, өнін бермен қалпында. 8-9 ғасырға шыдаған неткен бояу?

Алашаханның кесенесі де осы маңда деген. Мазарға дұға оқып ішіне кірсек, сол жақ бетте жоғары көтерілетін басқыш бар еken, сонымен көтеріліп келе жатсам ирелен-деп бір жылан қарсы келе жатыр. Жылан көрмеген елдің баласымын ғой, қалай кейін секіріп кеткенімді білмеймін, қатты шошысам керек. Ел адамдары:

- Қорықпаңыз, бұл жыландар кісі шақпайды, басып кетпесеңіз болды, - деп өздері жыланға жол беріп қарап тұр. Біз көрген екі кесененің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, жалпы жобасы бірдейге жақын. Ал бұл ұлы адамдардың ашылмаған сырларын, аяқталмаған жырларын тарихшыларымыздың еншісіне қалдырып, жергілікті аудан, кеңшар басшыларымен хош айтысып облыс орталығына тұра тартып кеттік.

Келесі күні Жезказған облыстық ішкі істер басқармасына барсам, бастықтың қабылдау бөлмесіне кіре алмай, есік алдында 10-шақты шал-кемпірлер отыр еken. Біз амандастық та, мен өзімді, менімен бірге келген обкомның бөлім бастығының орынбасарын таныстырдым да оларды әңгімеге тартып, не шаруамен жүргендерін сұрадым.

- Бастыққа кіре алмай отырмыз, бізді қабылдамайды. Қалалық милиция шара қолданбайды. Қиратып жатыр, шауып жатыр, - дейді

- Нені қиратып жатыр, нені шауып жатыр? Қиратып жатқандар кім? Сіздер кезекпен айтыныздар, түкке түсініп тұрған жоқпын дедім.

- Шауып жатыр, қиратып жатыр ... - тағы шулап кетті.

-Осы шаруаларыңды дұрыстап айтып беретін арала-
рында сенімді адам бар ма?

-Бар, мына Иван Сергеевич Филатов. Нағыз бағбан.
Осыған сенеміз.

- Онда сіздер далада тұра тұрыңыздар, біз Иван Серге-
евичпен бастыққа кірейік, - дедім. Алдымен бастыққа
өзіміз ғана кірсек, ол кісі біздің келетінімізді білетін,
ішімдікке қарсы қандай шаралар істеліп жатқанын баян-
дауға дайын отыр екен. Амандықтан кейін біз есік алдын-
дағы топтың тұрғанын, олардың өкілі Иван Сергеевичтің
қабылдау бөлмесінде тұр екенін айтып, қабылдауын
өтіндік. Ол біздің ұсынымызды селсоқ болса да қабыл-
дал, Филатовты шақыртты.

-Ол келгенше: бұл мәселе туралы біз арыз иелерімен
бір емес, бірнеше рет сөйлескеміз. Түсінбейді, - деді.

Тағы бір рет тыңдайық. Көшеге әжептәуір халық жи-
налып қалды. Түсіндірейік, - дедім. Сол екі ортада бөлме-
ге кірген Филатовтың өзі:

-Біз партияның ішімдікке қарсы күресін құттаймыз,
Арақ түбімізге жетіп бара жатқаны рас. Бірақ жүзім ағаш-
тарын құрту ақылға қонбайды. Кір сумен бірге шомылған
баланы лақтырып жібергендемен бірдей. Жүзім ерте-
ден келе жатқан жеміс, ауырғанға ем, сусағанға сусын,
тіпті саясында дем алып жатқан қандай. Енді сол жүзім
ағаштарын құрту керек, - деп, балтамен қаруланған бри-
гада құрып үй-үйді аралап жүр. Самогонды бидайдан, ар-
падан, қара бидайдан, қызылшадан, тіпті картоптен де жа-
сайды. Сонда қалай, бәрін де құртсақ немен күн көреміз.
“Бояушы, бояушы дегенге сакалын бояпты” дегендей,
ішімдікпен күресу үшін бәрін құрту керек пе? дейді Фи-
латов. Шалымыз қолдарын ербендетіп, даусын көтеріп
қызып барады. Енді қайтсын, сұы жок, топырағы құнар-
сыз құм жерге талай жылдар тер төгіп, денсаулығын жой-

ған, баласындағы баулып өсірген жүзім ағаштарын “құрт”, балтамен шап дегендері қылмыс қой. “Тапа-тал түсте қиратып жатқанда милиция - қорғанымыз, бізді жақтаудың орнына өздері қолдарына балта ала бастады” деп шырылдайды Филатов байғұс. Бұған біз не айтайық. Партия комитеттерінде Е.К. Лигачевтің хаты бар, онда жүзім ағаштарын Қазақстанда ғана емес Қырымда, Кавказда, Ресейдің, Украинаның оңтүстік аймақтарында да азайту туралы айтылған. Филатовқа арақ-шаралтың зияны туралы, жалпы Одақтағы жағдай туралы түсіндіріп жатырмыз. Бірақ өзімізді өзіміз сендерге алмай отырып елді қалай сендереміз? Мен не деймін, домбырам не дейдінің кері.

Келесі күні, өзімнің бір жетідей уақытта, көрген білгемінді, ішкі істер басқармасында болған әңгімені де жасырмай справкамді Ткаченкоға тапсырып елге оралдым.

Алланың берген ризығын пендесіне бұйыртпай бүкіл Орта Азияны, Қырым мен Кавказ, Украина мен Молдава т.б. республикаларды өрт жалмағандай қылды. Халықтың қарғысына тап болды.

Сейтіп, Горбачев-Лигачевтармен бірге мен де арақпен емес, жүзіммен құрескенім бар. Халық қолдамаған заң орындалмай қалатынын көріп жүрміз ғой. Бұл заң да сиырқұйымшақтанып барып із-түзсіз жоғалды.

Дегенмен кеңестер кезінде адамның моральдік саулығы, ар-ұжданының тазалығы туралы қоғамдық бақылау болды ғой. Әсіресе коммунистер тізгінді тарта ұстауға мәжбүр болды. Ал, бірлі-жарым қолға түскен жігіттіктің “құрбандары” жазаланатын, жарияланатын. Сол жылдары қаладағы мекеменің бірінде бір қызметкер сонда істейтін әйелмен түскі ас кезінде жігітшілік жасаймын деп, қолға түсіп қалыпты. Ондайды партия бюросы қалт жіберсін бе, жігіттің өзі коммунист. Партия жи-

налысында, сүтке түскен күшіктей қылып жан-жақтан іреп-сойып, жазаның түрлерін “ескертү”, “сөгіс” деп айттып жатыр. Мекеме бастығы Өмекен қытайдың боғдаханы сияқты, креслосында үн-түнсіз отыр. Жұрт сөйлеп болды, ол үнсіз. Партия үйымының хатшысы шыдай алмай:

-Өмеке, сіз не айтасыз, қандай ұсынысыңыз бар? - дедей ме, бір жағынан “бәркі бірдің намысы бір” деген бастық женілдеу бір жаза ұсынар деген де дәмесі бар. Бастық ыңырана орнынан тұрып:

- Бұл итті ме? Бұл итті партиядан шығару керек. О несі ей, бес минуттік жұмысты бір сағатқа созып, қолға түскені, - деп “иттің” істегенін сөкпей қолға түсіп қалғанына ыза болып қатаң жаза ұсыныпты ғой.

Сол жылы мен обкомның үйымдастыру бөлімі бастығының орынбасары қызметінде істеп жүргемін. Бірде Преснов ауданының бірінші хатшысы Александр Петрович Рыбников звондал тұр.

- Қосеке, сіздің досыңыз қақпанға түсіп қалды! деді. Александр Петрович бұрыннан білетін таныс, жақсы жолдас. Мен Преснов аупарткомында бөлім бастығы болып жүргенде, ол Благовещенка совхозында бас агроном болатын. Аудандық активтер тізімінде, қоғамдық жұмыска бейім, елгезек, білікті азамат еді. “Досыңыз қақпанға түсті” дегеніне түсіне қалдым. Жамбыл совхозының директоры Анатолийды айттып тұр. Онымен Рыбников бірге оқыған, бір селодан.

-Александр Петрович, дос екеумізге де бірдей, қалай, екі аяқтан да ілінді ме? Қапқан мықты ма? - деп едім.

-Екі аяқтан да, қапқан мықты болып тұр. Бізге қарай шықпайсың ба? Ақылдасайық, - деді. “Екі аяқтан ба” дегенім “арақ пен бірге әйелмен де шатасты ма?” деп түспалдағаным ғой. Және олай сұрап жатқаным “атым сыры

өзіме мағлұм” дегендей Анатолийдің көк етікті әйелді құр жібермейтінін білемін ғой. Совхозда істеп жүргенде Толя мен Зинаның некесін жұма сайын қиятынбыз. Осы еki “кемшілігі” болмаса, адамгершілігі мол, жолдастыққа жақсы жігіт еді. Шамамнан келсе қол үшін беріп керейін, сырт айналып кеткенім дұрыс болмас” деп сол ауданға іссапарға шықтым. Бюро болатын күні ертерек райкомның алдына тоқтасам, көшеде, анандай жерде Зина (Колывановтың әйелі) тұр екен. Жалпы жағдайды Рыбниковтан естісем де, Зинаның не айтатынын да білген артық емес. Зинамен амандасып, райкомның бір бөлмесіне алып кіріп жағдайды сұрап жатырмын.

-Анатолий кейінгі кезде ішімдікті де үдетіп жіберді. Ішіл келген күні үйдің шырқын бұзатын болып барады. Балалар қоркуға айналды. Онымен қоймай басқа әйелдермен жүреді. Бұрын ондай өнері туралы әртүрлі әңгімелер естіп жүретінмін, бірақ онша мән бермейтін едім. Жылда егін орағына, өзініз білесіз, механизаторларғана емес студенттер де, мекемелерден жұмысшылар көмекке келетін еді ғой. Биыл Алматының медицина институтынан студенттер келген болатын. Солардың басшысы асистент қыз ба, қатын ба сол Анатолийдің кабинетіне жиі келеді деген сөзді естіген соң аңдуға айналдым. Бір күні совхоз кеңсесінің маңын төңіректеп жур едім сағат түнгі 12-00 кезінде, кеңсенің алдына келіп директордың машинасы тоқтай қалды, ағаштың тасасынан шыға бергенім сол еді, артқы есіктен бір әйел секіріп түсіп қаша жөнелді. Өзі де ұзын сирақ неме екен, қуғанмен жете алмаймын, жеткенмен (Зина-бөденедей денесі шағын, еті тығыз әйел болатын) әлім келмейтінін түсініп, қолымның қышуын Анатолийден алайын десем ол рульде отыр екен. Секіріп артқы есіктен ішке кірдім. Әңгімені үйге барғасын бастайын дегенім ғой. Мәшинаның іші жа-

рық, артқы орындықта бірдене ағараңдайды, қыздың орамалы ма деп көтеріп көрсем, әлгінің іш киімі. Ашуланғаным сондай балағынан Толяның басына кигізе қойдым. Сол іш киімді Рыбниковке өткен жолы арызыммен бірге бергемін. Бұгін бюроға мені де шакырыпты. Бәрін де айтамын.

-Зина? Жан-жақты ойлап, пішіп алдың ба? Оның ғана тағдыры емес, өзінді, балаларды да ойлау керек қой. Айтартмыз, сөгіс беріп, оны есеп картішкесіне жазып қойса, кісендеген аттай аяғын алшаң басуды қояр, - дедім.

-Қосай Асхатович, мен сізді сыйлаймын. Анатолийды жақтایтыныңызды да білемін. Бірақ бұл жолы кешірмеймін. Менде тағы бір дерек бар, студенттердің елдеріне кеткеніне екі жұма да болған жоқ. Әлгі мединституттың қаншығы хат жазыпты. Ол хат менің қолыма түсті. Кеше әдейі осында келіп, Рыбниковқа беріп кеттім. Сол хатта: “Северный мой, медвежонок!”, солтүстіктегі менің қонжығым!- деп бастап, қоштасқандарына екі-ақ жеті өтседе қатты сағынып қалғанын, совхозда болған бір айдай уақыты бар өміріме тең болды” дейді де, ләzzат алған кейбір сэттерін аузынан сұы құрып, балама сөз іздең әуре болмай-ақ баяндапты. Бұл әңгімені айтқан кезде тым екіленіп кетті. Менің айтқан басу сөзім құлағына кірер емес. Әбден қаны қарайып алған. Оны да түсінуге боллатын шығар. Біреудің жарасы біреуге бата ма? Бюро басталмай Рыбниковқа кірдім. Зинамен кездескенімізді баяндағым. Ол Зинаның фактілерін бюро материалдарына қосқан жоқпын. Сейфмде жатыр, саған көрсетейін - дегенде мен шошып кеттім, өйткені сейфке қыздың ішкімін салып қойған шығар деп ойлағанмын. Ол күліп жатыр.

-Жоқ, ішкімді қайтейін, қастерлеп сейфке салып, мен хатты айтамын. Оқы, өзің эротикалық көп білім аласың дейді қалжындал.

-Рахмет, оқымай-ақ қояйын. Колывановты не істейміз? Ақырғы сөгіспен, әрине жазбаша түрде, құтыла алмаймыз ба, бюро мүшелерінің пікірі қалай? дедім.

-Бюро мүшелерімен ақылдасып алған едім. Жазбаша сөгіске оларды көндіргүе болады. Бірақ, Зинаң соған келісе ме? Обкомға, ЦК-ға жазып пәле болып жүрмей ме?

-Есті әйел ғой, тулап-тулап қояр. Партиядан шығару, қызметінен де алу деген сөз. Сонда ол не пайда табады. Бюроның артынан екеуін де алып қалып сейлесейік. дедім. Бюрова да осы байлам бойынша шешім қабылданды. Бірақ, бір үзілген арқан қанша жалғасаң да бола ма? Бір жыл өтпей, екеуі айрылысып кетті.

Ал, сол Колывановтың қатаң жаза алуды да шығар. Сонда да кеңестер кезіндегі әйелдердің “партия” деген папасы, ауылнай деген “анасы”, профсоюз (кәсіпкерлер одағы) деген “агасы” болды. Әйелдер шыбық тимей шыңқ етіп не папасына, не мамасына, не агасына жүгіретін. Қазір ешкімнің сенде шаруасы жоқ, көлденең жүрісің, көлденең тапқан табысың сияқты кешіріле береді. Тіпті болмаса тоқал алам деп қоқандай бастасаң, әйелің өзі келіп белбеуіңе жармасады. Бұл Горбачевтың демократиясынан бастау алды.

* * *

Горбачевтың таққа отырғаннан қақсағаны демократия, “жариялышық” болды. Бірақ, бұл қасиетті ұғымды түсінбеді ме, әлде түсінгісі келмедине. Рас, Михаил Сергеевич елді, кеңестер Одағын көп аралады. Әр қалада бір-бір топ адамдармен кездесті. Ол жергілікті әкімдердің жинап қойған аппарат қызметкерлері еді. Горбачевтың шовинистік пиғылын да одақтас республикалар сезіп журді. Мысалы, Қазақстанның 5 облысын Ресейге беру туралы ойын жасыра алмады. Ал, Қазақстанға, оның басшыларына да қөзқарасы теріс болды. Біздің республикаға арна-

йы келмей, Ресейдің облыстарын аралап жүргенде жолсоқты соғуы, ел астанасына (Алматыға) ат басын тіремей кетуі нені көрсетеді? Басқа республика халықтарына шекесінен қарағанын кім жоққа шығарады. Рас, халықаралық мәселелерде оң қадам жасадық, орынсыз сенімсіздікпен жаппай қарулануға шығарған қаржыны әлеуметтік мәселелерге жұмсауға мүмкіншілік алдық. Оны жоққа шығаруға болмайды. Көршілес шет елдердің ішкі ісіне араласуды, шет елдік партияларға қаржылай көмек беруді, қару-жарақ сатуды дөгару сияқты саясаты халықтың көңілінен шығып жатты. Аз да болса демократияның, жариялықтың желдеткішін ашуы, кеңестер кезіндегі заңсыздықтарды мойындауы да халықтан қолдау тапты.

Бірақ, ішкі саясаты, ел экономикасы туралы бағдарламалары демографияға - сылдыр сөзге құрылған болып шықты. Ал өткен жолымызды, кешегі тарихи табыстарымызды жоққа шығаруы қиянат еді. СОКП-ның XXVII съезінде, (такқа отырғанына бір жыл да толмай) “Кеңестер одағы соңғы ширек ғасырда “тоқырау” жылдарын басынан өткізді, ел экономикасы бір орында тұрып алды, - деп салды. Анығында сол 25 жылда өнеркәсіп көлемі 8,9 есе, ауыл шаруышылығы 6,2 есе, құрылыш 8 есеге артқан екен. Бұл көрсеткіштерді сол съезде өзі де мойындағы. Бұл кезеңде Қазақстан да даму үстінде болды. “1955-1985 жылдары Қазақстан 9 рет 1 миллиардтан астам үкіметке астық сатқан, осы жылдары ірі қара екі есе, ет пен сүт өндіру 5 есе, құс етін сату 50 есе өсті. Алып заводтар іске қосылды, өндірістің жаңа салалары жедел дамыды. Республикада 1940 жылды 194 совхоз болса 1984 жылды оның саны 2000-нан асып түсті. Тың игерудің 30 жылдығы қарсаңында еліміз 1 миллиардтан астам таза пайда тапты.

(Д. Конев, Өтті дәурен осылай. 1992 ж. 322 бет)

Бұл көрсеткіштердің шындық екеніне аудандарды арапал жүргенде өзіміз де көрдік.

Бірде мен іссапармен Ленин (Есіл) ауданына шықпақшы болып дайындалып жатқанмын. Алматыдан Орекең звондаپ тұр. Бір жағдаймен Петропавлға ұшып шыққалы тұрмын. Мені Преснов ауданының Орталық аулына жеткізіп сал, - дейді. Орекенді қарсы алып, үйге қондырып келесі күні Ленин ауданына жолға шықтық. Кеше ол келісімен өз жоспарымды жасап, оны көндіріп қойғанмын. Мен оны өзім бара жатқан Ленин ауданына ала барап, “Дружба” совхозында Қайыrbайдың үйіне қонып, келесі күні Орталығына жеткізіп тастайтын болдым.

-Ореке, - дедім мен, - сен министрліктеге істеймін деп сиырдың қалай сауылатынын да ұмытқан шығарсың. Бізбен жүр, совхозды аралайық, - деп ұсыныс жасадым.

-Жарайды барайын, мен үйде қалсам келіннің қою шэйін ішіп терлеп отырайын деп едім. Сен де тиыштық бермедің ғой деп бізбен ере шыққан. Сонымен сиыр фермасына келсек бір ауыл 5-6-ақ шағаладай сыртын ақпен майлап, сырлап тастаған, тәбесі шатырлы мал қоралары зауыттың цехындей. Ферма қоршалған. Әрбір базаға кіру үшін табалдырыққа тақай жасалған дезинфекция өткелі, он жақтағы бөлмеге кіріп, сырт киімді тастап, ақ халат киесің. Мен ауылдық жерге қатынасып жүремін ғой Қайыrbай Орекеннің таң қалып тұрғанын көріп асықтырмай мал қораларындағы жаңалықтарды айта бастады. Сиырға жем беру, су ішкізу автоматтандырылған, сұт сауу аппараттарының жұмыс істеге әдісін айтып жатыр. Бұрынғы Орекен белетін керте қора, сиырдың астына төселген сабан күні-түні бір күргамай, саз болатын. Сиырдың жамбасы, желіні, емшегі қатып қалған лас сауыссауыс нәжіс. Кейбір, құдайға қарағандары, егер, ферма бастығы берсе орамалмен емшегін ғана сұртіп қолмен

саууға кірісетін. Қазір жататын жері құрғақ, асты таза, соңда да сиырдың желінін, емшегін жылы сумен жуып, орамалмен сұртіп құрғатып барып сауыншылар іске кіріседі. Елден өртерек кеткен Орекене бәрі таңсық. Базаларды аралап бола бергенде Қайыrbай: -“Саунаға түсуге қалай қарайсыздар? Медициналық пункт те осы базаның ішінде” деп, үлкен бір бөлмеге кіргізді. Толған кабина. Мұнда деді директор біздің сауыншы-малшыларымыздың ешқайда бармай-ақ, дәрігерге көріну үшін де, емделеуі үшін де осындай жағдай жасалған, мына кабиналарда озикирит, балшықпен емделулеріне болады. Сол сияқты электро-физиотерапия құралдары бар, массаж алуларына да болады деп келесі бөлмеге апарды. Тұпкірдегі үшінші бөлме сауна екен.

-Мен 50-ші жылдардың басында, - деді Ораз Киров ауылшының мектебінде директор болып істедім, қоғамдық негізде партия үйымының хатшысымын. Есім Шайкин колхоздың басқармасы. Аудандық комсомол комитетінің хатшылығынан бізге келген еді. Біз бір-бірімізді бұрыннан білетінбіз, мектепте бірге оқығанбыз. Жолдастыққа таптырмайтын адам, ал жұмыста тыйышсыздау. Мені ақы алып істейтіндей көреді. Мектептің таусылмайтын шаруаларынан-ақ қажып жүргенімді қайдан түсінсін, менің өзімен бірге жүргенімді қалайды. Кешкі 9-10-да колхоз жиналысын шакырады, ол таңға дейін созылады. Содан кейін таңғы тамағынды ішпестен фермаға бара-мыз. Есім шаршаша дегенді білмейді. Сондағы ферманың жағдайы бүгінгімен салыстырсақ жер мен көктей. Керте қора, тәбесін қамыспен жапқан. Устінен шыммен бекітеді. Қораның іші батпақ, белден келеді. Есім әр сауыншыға барып, сирының желінін көреді. Көзінше тазалатқызады, - деп 30-40 жылғыны есіне алды.

Совхоздың фермаларын аралап жүріп күннің

кешкіріп қалғанын да байқамаппсыз. Бізді үйіне алыш келіп Қайыrbай:

-Ореке, рұқсат болса бір жарты сағат сіздерді келінде-ріңізге тапсырып, кешкі лездеме жиынымызды өткізіп келем. Сіздер мен келгенше шәй ішіп, сусындап алыңыздар, - деді.

-Е, отыра тұрмაғанда, осы кеште қайда барамыз. Сен жұмысынан қалма, бірақ бес минуттік жұмысты бір сағатқа созып алма! деді Орекен. Біз жайланаң отыра бергенде шәй келіп қалды. Қамаш (Қайыrbайдың жұбайы) шай жасап, сонымен бірге “шыныларды” әкеліп, рюмке-ге құйып жатыр. Бұл Указдың шықлаған кезі болатын.

Мен, шәймен арақ ішкенді артық санап және үй иесінің дастарқан басында жоқ екенін ескеріп:

-Қамаш, шәймен арақ ішпейміз. Құйып әуре болма! - деуім мұң екен, Орекен:

-Әй, Қосай, сенің жағаласпайтын жерің жоқ екен. Қамаш қонақты жаңа күтіп жүр дейсің бе? Өзі біледі ғой, - дегенде Қамаш та күліп жіберді.

Сол күні “Дружба” совхозында қонып, тәңертең Орталық аулына Орекенді Қайыrbай жеткізіп салатын болды да, мен Сергеев ауданына жүріп кеттім.

Аудандық партия комитетінің Пленумына қатысқалы келдім. Құн тәртібінде: аудан экономикасының жәйі мен міндеттері. Ауданның бірінші хатшысы жас та болса тәжірибесі мол, екі ауданда аудандық атқару комитетінде тәраға болып істеген, Москваның одақтық партия мектебін бітірген білікті Ысқақов Жақсылық деген жігіт болатын. Бүгін Жәкеңнің баяндамасын тыңдал отырмын. Аз жылда жеткен аудан шаруашылығының даму жолына таңданбасқа амалың жоқ. Республиканың солтустік өнірінде аумақты “Тың теңізі” деген су қоймасының пайда болуы ертегі емес пе? 5000-дай тұрғыны бар Марьевка

селосы су астында қалып, 18 шақырым жерден айдалада деуге болады, аудан орталығын Сергеевка қаласын салды. Қазір (1980 ж.) 18 мың тұрғыны бар қала. Тың игеру кезінде құрылған Тимирязев ауданына 7 совхозын бергенімен әлі де екі ауданға жетіп артылатын халқы, егіс алқабы бар екен. Астық өндіру, сату жоспарын артығымен орындалап, кей жылдары 18-20 млн пүт астық сатқаны елге аян. Мал шаруашылығы да жедел қарқынмен дамуда. Баяндамада көрсетілгендей 1975-1985 он жылда қара мал саны 46 мыңдан 54 мыңға жетіпті. Сол сияқты аталарымыздың “Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір” дегендег ауданда қой шаруашылығына айырықша көніл бөле бастапты, нәтижесі де жоқ емес. Осы бес жылдықта қой басы ауданда 40 мыңдан 56 мыңға жетіпті. Жетістігі осылай көзге ұрып тұрған ауданды “тоқырау” үстінде тұр, - деп айтуда бола ма?

Үзіліссіз жүргізілген пленум мәжілісі сағат 11-де басталып, 14 сағатта аяқталды. Түскі тамақтан кейін “Бірлік” деген кеңшарға бардық. Кеңсеге тоқтап директордың қабылдау бөлмесіне кірсек, хатшы қызы жалғыз отыр екен. Жақсылық Ғабдоллаулы:

-Сәлематсың ба, Гүлжан. Бастық қайда? деп сұрады.

-Зейнолла Жоламанұлы ауданнан кешірек келіп, үйінде шәй ішіп жатыр, - деді. ·

-Біз директор келгенше есік алдында тұра тұрайық деп даға шықтық. Әңгімесіз тұра алмайтын Жәкен 50-ші жылдардың аяғында осы ауданда Анатолий Арефьевич Макаров деген кісі аупарткомның бірінші хатшысы болып істегенін айтты. Сол кісі біз сияқты бір колхозға келіп “Басқарма қайда?” десе, “Шәй ішіп жатыр”, парторг қайда жиналыс өткізіп жатыр, зоотехник қайда етке өткізуге мал артып жатыр.

Міне, осылай кімді сұраса да “жатыр”, өзі қазақ тілін

жетік білетін адам ғой. Колхоздың басқармасын кенсеге алдырып:

-Сендердің жұмыстарың қайдан оңсын, шэй ішсендер де жатып ішесіндер, жиналысты да жатып өткізесіндер, малды жатып артасындар, жатып сауасындар дегенде, ешкім үндей алмапты. Бір жағынан әзіл сияқты айтса да зілі бар шындықты айттып түр. Колхоздың көрсеткіштері ауданда ең төмен, шаруашылықтары нашар, ауылдары көріксіз, колхозшылары жалқау. Қазақтың “жатыр” деген сөзі арқылы мақтамен бауыздағаны емес пе? Бұл сияқты шаруашылықтары сын көтермейтін жеке колхоз, совхоздар болғанымен жалпы аудан, облыс, республика экономикасы өрлеу үстінде болды.

Бірақ “жеймін” деп аранын ашқан қасқыр қоя ма, “тоқырау” Қазақстан экономикасын да буындырып, “қан жүргізбей тастапты” деген желеумен Республиканы 25 жыл басқарған Д.А. Қонаевты орынан тайдағып “өзім білемі” көп, Колбин деген біреуді республика басшылығының орынтағына отырғыза салды. “Қазақ” деген халық барын кітаптан оқып, “Қазақстан” деген ел барын картадан ғана көрген, оның экономикасынан хабары жоқ адамды таққа отырғызуы ақылға сыймайтын еді. Қелдeneң көк аттыға бүкіл бір мемлекеттің тағдырын, 17 млн. қазақстандықтардың тұрмыс-тіршілігін сеніп тапсыру халқымызды қорлау сияқты қабылданды. Әсіресе, бұған ар-намысы бойын бұған жастар жағы; студенттер ашық қарсылық ретінде көшеге шығып, Орталық партия комитетінің алдындағы, бас алаңға жиналып СОКП шешімін айыптады. Қателігін түсініп халықтан кешірім сұрайтын Горбачев па? Алаңға шыққандарды күшпен таратындар, қарулы әскер күшін пайдаланындар” деп зіркілдеді. Бас-қа қалалардан әскер топтарын самолетпен алдырып, кісі талайтын иттерді пайдаланып, жастарды күрекпен ұрып,

етікпен тепкілеп, соққыға жығып, қанға бөктіріп екі күндей ойран салды. Бұл 1986 жылдың 16-17 желтоқсаны еді.

Желтоқсан оқиғасынан зәрелері үшқан жергілікті басшылар, көлеңкесінен қорқуға айналды. Обкомның бір хатшысы студенттер жатақханасын аралап журіп, қазақтарды неге орыстармен араластырып жатқызбайсындар, - деп бірынғай қазақтардың бір бөлмеге жиналудына тыйым салғаны әлі есімде. Сол сияқты обкомның бюро мүшесі: біз қырағылық жасауды қойып барамыз. Сақ болған дүррис. Мен бүгін жұмысқа келе жатсам, қалалық бақтың алдында 3-4 қазақ жинала қалыпты, жастар. Олардың ойында не бар екенін кім біледі. Комитет қайда, милиция қайда? - дегенін де естіген адамдар бар. Кешегі интернационалистиң деп жүргендер осындауда сыр беріп қойды. “Қойши қойды бірге санаса, бай бөліп санайдының” кері. Ал осы “қырағылықты күшейтіндер, қапы қалмандар, қазақтар тағы бас көтеруі мүмкін” деп отырған Колбиннің өзі екенін түсінбеу мүмкін емес.

Н.В. Колбин экономикадан да хабары жоқ адам болып шықты. Ол басқарған 3-4 жылда республика экономикасы нағыз құлдырау кезеңін бастап кетті. Өнеркәсіп өндірісінің өсімі 24 %-ға кеміді. 2000 жылға дейін “бүкіл республика бойынша пәтер мәселесін шешемін, ол үшін құрылыш индустриясын дамытып, үй салу қарқынын еселең арттырамын”, - дегені де бос сөз, орындалмайтын қиоял екен. “Қайта құру”, “жеделдету” әншейін ұран екенін біздің облыс жағдайы да дәлелдеп берді. Астық өндіру жоспары 1989 жылы 42 пайызға, картоп өндіру 45 пайызға ғана орындалды. Ауыл шаруашылығының шығыны жылдан жылға өсе түсті, 1987 жылы 93,3 млн. сом облыс бойынша зардап шексек, бұл көрсеткіш 1988 жылдың алты айында тағы көбейіп 57,5 млн. сом болды. 1987 жылы

облыс 363 мың шаршы метр тұрғын үй салса, 1988 жылы 340 мың, ал 1989 ж. 315 мың шаршы метрге кеміді. Жоғарыда айтқандай, үй құрылышын үнемі бақылауға аламын, жоспарды еселеп орындаимын” деген уәдесін ұмытып кетті.

Колбиннің, Камалиденовтың көмегімен алысқан “әділетсіздігі” кейбір оқу орындарында студенттер қабылдау кезінде орыс ұлтының өкілдеріне жеңілдік жасалмайды екен. Соның салдарынан арнайы орта және жоғары білім беретін оқу орындарының бірталайында қазақ жастары бүкіл республика халықтары құрамындағы пайыз көрсеткішінен көбейіп кетіпті. Мысалы, Колбиннің жаман есебі бойынша, Солтүстік Қазақстан облысында халықтың 17 пайызын қазақтар құраса, студенттер ішінде қандастарымыз осы көрсеткіштен аспауы керек. Бұл ертегі емес шындық. Колбин бір күнде бірнеше жинальыс өткізетін және оған бұрынғыдай обкомның хатшылары мен шектелмей бөлім бастығына дейін шақыратын. Залдың аузы-мұрнына дейін толық болғанын ұнататын. Колбиннің құрғақ демагогиясын тыңдал, қалжырауды мен де бастан кештім. 1987 жылдың бас кезі ме екен? Орталық комитеттің залында халыққа білім беру мәселеі қаралды. Бірінші қабаттағы үлкен зал, халық лық толы. Белгіленген уақытта түкпірдегі есіктен бір топ адам шыға келді. Алдында 5-6 адымдай жеке дара келе жатқан төртбақ, орта бойлы кісінің Колбин екенін бірден таныдық. Мұрыны қолағаштай, жирен биенің салпиган ерніндей насыбайшыға ғана лайықты ерін. Жирен шәшін қарсы қайырған, жалпақ бет адам екен. Президиум столына жақындаған бере сөзін бастап жіберді. Студенттердің құрамында қазақтардың көп екендігін тілге тиек қылыш жатыр. “Басқа ұлт өкілдеріне бұл жасалып отырған қиянат. Мысалы, ҚазМУ-дың заң факультетінде студент-

тердің жартысынан көбі, архитектура, медицина институттарында студент-жастардың 70 пайызы қазақтар” деп екпіндете соғып тұр. Сонда қалай, қазақтар өз елінде оқымағанда қайда оқиды. Екіншіден, біліміне қарамай, үлттына қарап алсақ, отанға қандай мамандар дайындеймыйз.

Бір мезгілде Колбин тіл мәселесіне тоқталды. Екі тілді, орыс және қазақ тілін қосақтап тұрып, “жастар қазақ тілін үйренулері керек. Тіл үйрену онша қыын емес екен,” деді ол. Мен, мысалы, Грузияда екінші хатшы болып жүріп аз уақытта сол елдің тілін меңгеріп алдым. Сол сияқты енді қазақ тілін окуға кірісемін. Келесі жылы, үлкен жиында баяндамамды қазақша жасауға уәде беремін, - деді. Бірақ, жыл ғана емес екі жыл, үш жыл өтсе де оның “жолдастар” дегендеген басқа қазақша сөйлегенін ешкім естіген жоқ.

“Ұрының қатыны өзіне сай” дегендей Горбачев Колбиннен бастап облыс басшыларында сөйлеу қабілеті бойынша таңдады ғой деймін. Мағынасыз сездерді қардай боратқан, күргақ уәдемен елді аузына қаратқан, “Мұқанша (Әуезов) айтқанда “қырттың” бірі Сергей Александрович Волков еді.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып 4-5 жыл істесе де не қылышымен, не қызметімен халықтың есінде қалмады. Қөп сөйлеген адамның сөзінде де, өзінде де тамтық бола ма? Волковтың саяси көзқарасы қалыптаспаған, белгілі позициясы жоқ, бүтінгі айтқанына ертең өзі қарсы шығып жататын “саясаткер” еді.

1989 жылдың аяғында Орталық комитеттің Москвада Пленумы болды. Бір күні кабинетте 5-6 адам отырғамыз, радио сөйлеп тұрған, құлақ тігіп, елең ете қалдық, таныс дауыс. Сөйлеп тұрған біздің Сергей. “... Надо живее, активнее, а главное смелее действовать. А то мы все время стали выглядывать из окопов. ... Сделать, подчеркиваю,

можно все, ибо партия еще сильна и организованно. Нужно действовать!" деп Компартия көсемдерін демократияға қарсы құреске шақырса, облысқа келген соң нағыз демократ бола қалады. Келесі бір мәселелерді талқылауда керегар пікірлер текедей сүзіскен кезде, бұғып қалатыны тағы бар.

* * *

1989 жылдың екінші жартысында республикада қазақ тілінің тағдыры туралы қызу пікір талас жүріп жатты. Облыстың цицероны, "жалынды" жаршысы аузына құм құйылғандай дыбысы шықпай қалды. Тұған тіліміздің Республикалық маңызды мәселе ретінде бүкіл халық болып талқылануының себебі болды. 1989 жылы 16 шілде күні барлық басылымдарда "Қазақ ССР-нда тіл туралы" Заң жобасы жарияланып, пікір таласына ұласып кетті. Оның алдында "Егемен Қазақстан" газетінде шілденің 12 күні еліміздің зиялды, интеллигенция өкілдерінің бүкіл халқымызға арналған үндеуі жарық көрген болатын. Онда: қазақ тілінің мүшкіл халы туралы айттылады да, өз елінде, өз жерінде бұл тілге мемлекеттік дәреже берілмейі кіянат, тілдің мәртебесін көтеру үшін бүкілхалықтық қолдау қажет делінген. Осындай болатынын болжап, біліп отырғандай шовинистер мен экстремистер өре туре келмесі бар ма. Олар қазақ тілінің жеке жоғары дәреже алуына қарсы шықты орыс тілі де мемлекеттік тіл болсын деді, оған біз көнбедік. Өйткені өткен ғасырдың 20-30 жылдары бұл екі тілде мемлекеттік тіл деп жарияланған. Нәтижесі не болды? Орыс тілінің жүлдізы жарқырап шығып, қазақ тілі қалың үлттың астынан шыға алмай қалған. Орыс тіліне де мемлекеттік дәреже берілсін дегендердің арасында орыс тілді қазақтарда болды.

Кейде талас текетірес кезінде тіл төңірегінен шығып та кететін. "Қостілділік" пен қоса "қос азаматтық", Қа-

закстанның солтүстігінен “дербес автономия құру керек” тілті “шекара мәселесін қайта қарau қажеттілігін де көтеріп жатты. Әрине, бүтін дербес автономия құру дегені, ертең ол автономияны Ресейдің құрамына өткізу деген сөз ғой. Кейіннен шовинистер мен экстремистер соңдай әнге басты да. Ол туралы кейінректе айтылады.

Осы кезде біздің қаладағы, облыстағы жағдайлар туралы шет ел баспасөздерінде де материалдар жариялап еліміздің ішкі шаруасына араласып кететін. Мысалы: Москвада шығатын “Русский вестник” деген газеттің 22 ақпаны (1992 ж.) күнгі санында “Поправки внесет жизнь” деген журналшы В. Плещаковтың сұхбаты жарық көрді. Ол газетті жаздырып алмақ түгіл оқымайтынын. Бір күні, кімнің үйінде екені есімде жоқ, Нұрболаттың (Келдібаев КНБ-нің полковнігі) үйінде болу керек, қонақта отырғамыз. Ол кезде, қайда болсақта аузымыздағы әңгіме-тәуелсіздігіміз туралы, туған тіліміздің тағдыры туралы болатын. Әңгімeden әңгіме туындай отырып, Нұрекен:

-Қосай, сен “Русский вестник” деген газетті оқисың ба?, - деп сұрады.

-Жоқ, - дедім.

-Соңғы, 22 ақпан күнгі нөмірін тауып алып оқы. В.Плещаковтың сұхбаты жарияланыпты.

-Плещаков сұхбат берсе, Қазақстанды тағы жамандап шығар. Жерін жерлеп, сүйіп отырып өз елін жамандаудан алдына жан салмай келеді. “Атым сыры өзіме мағлұм” дегендей оның не айтқанын оқымай-ақ білемін, - дедім.

-Дегенмен оқы, сұхбат тақырыбының астына эпиграф ретінде бадырайтып: “так называемые национальные партии стремятся провести в жизнь лозунг “Казахстан для казахов” деп қонжитыпты.

-“Национальная партия” дегені “Қазақ тілі қоғамы”

ғой. Біз де, біздің облыста да Қазақстан қазақтардың ғана Отаны деп айтып жүрген кісі жоқ. Өзі “сен тимесең мен тимейін бадрақ көз” деп отырып ондай ұран сала аламыз ба? Өздері жағдайды ушықтырып, Қазақстанның солтүстік өңірін Ресейге беру керек, - деп жұлынып жүрген жоқ па? Тағы қандай жаласы бар екен? дедім.

Сені де, “Қазақ тілі” қоғамын да ондырмапты. “Қоғам нағыз ұлтшыл ұйым, орыстарды қазақстаннан күшін құрылған. Жұмыстан босататын орыстардың алғашқы тізімін жасапты. ”Қазақ тілі” қоғамы құрылғаннан кейін облысымызда орыстардың жағдайы тіпті нашарлай түсті. Қазақтардан басқа ұлт өкілдерін қуып жатыр. Қазақстаннан жоғалындар!” деп үйімізге телефон да шалады, қорқытады дегені тағы бар, ал кадр мәселесін де көтеріпті, мамандарды, басшыларды іскерлігіне қарай емес, ұлтына қарап іріктендер деген жоғарғы жақтан нұсқау бар көрінеді”, - деп соғыпты Плешаков мырза.

-Плешаковтың кейінгі кезде шовинистік пиғылышының күшейіп келе жатқанын шамалаушы едім, бірақ дәл мынандай дәрежеге жетеді-ау деп ойлаған жоқпын, - дедім ағымнан жарылып.

-Әлі біткем жоқ, - деді Нұрболат, - “Қазақ тілі” қоғамына тиіскенде, қоғамның өзінің газеті бар. Сол арқылы Петропавл қаласының атын өзгертеік деп пікір таратып, лаң шығарып жүр. Қаланы Қызылжар деп атамақшы деп те лағыпты.

-Бұл да өздерінің ойдан шығарып жүрген жаласы. Рас, қоғамның “Қызылжар” деген газеті бар. Редакторы - Өмір Есқали. (Газет бір жылдай шығып, қаржы тапшылығынан жабылып қалған). Бұл басылым қала туралы мәселе көтерген жоқ.

Тілімізді түзеп, ел тәуелсіздігін нығайтып алмай тұрып, ол мәселеге соқтығатын ақмақпыз ба? Әрине,

кейін мұндай ұсыныстар түсіі ғажап емес, ол занды да. Бұлардікі күні бұрын байбалам сала беру ғой. Сонау Қожаберген жырау Сегіз сері шығармаларында, Мағжан, Сәбит, Габит басқа ақын -жазушылардың еңбегінде Петропавл деген ат жоқ Қызылжар дейді. Әр нәрсе кезінде, қалаға да кезек келер.

Плешаковтың сұхпатында бір ғана шындық бар еді. Ол “Қазақ тілі” қоғамының құрылып, аз уақыттың ішінде ұлтжанды азаматтардың төңірегіне топтасып, бұқаралық саяси күшке айналуы. Соңдықтан да, ұйымдастынан, ішкі, сыртқы күштерге сүйенген экстремистер, сепаратистер, шовинистер, т.б. “истерге” төтеп берген, көбінесе ауыздарын аштырмай, арам ойларын әшкереlep отырған “Қазақ тілі” қоғамы болды десем өтіркіші болмаспын.

Алдымен В. Плешаковтың үнін өшірдік. Ол КазТАГтың біздің облыстағы тілшісі болатын. Жоғарыда айтылған “Русский вестникке” берген сұхбаты сияқты дәйексіз, жалған деректерге толы материалдарын республиканың басқа басылымдарына (мысалы “Казахстанская правда”) тоғытып тұрды. Қазақстанды, гардың есінде болар: “Әуелі тотайды ұрып жық!”- деген тапсырма алған Плешаков “Казахстанская правда” газетінде Д.А. Қонаевты мұқатпақ болып мақала жарияладты. “Қонаевтың, - деп жазады Плешаков, - облысқа келгені патшаның губернијаларын аралағанындей салтанатты жағдайда өтеді. Әр облыста патша сарайындей ғимараттар. Мысалы, Петропавл қаласының түбінде “Пестрое” деген көлдің жағасында Қонаевқа арнап салдырған үлкен сарай, оның ішінде 8 қанат киіз үй тігілген деп бөсіпті...” Үйдің ішіне үй тігу деген қазақ тарихында болмаған ғой. Міне жорналишының қиялды. Осылай “өтірік пен өсекті жүндей тутип” жүрген Плешаковтың қылышына шыдай алмай, оның Алматыдағы бастығына қоғам атынан хат жазылды. Жау-

ап болмады. Плешаков облыстық мәслихаттың депутаты болатын. Бұл шіркінді басқа секіртіп қоямыз ба, енді депутаттығы жағынан мәселе қозғап көруді үйғардық. Біздің қоғам атынан сайлауға түсіп, халықтың сеніміне ие болған облыстық мәслихаттың белсенді мушелері Мәлік Мұқанов, Сабыр Сенкібаев, Жарасбай Сүлейменов, Виктор Зайберт депутаттық сұрақ-талап қойды. 15 баптан тұратын хатқа ауыз тұшыраптың тай жауап ала алмадық. Келесі сессияда “Қазақ тілі” қоғамының атынан сөз алған қоғамның төрағасы Плешаковтың ұлттар арасына сына қағуға, ел тыйыштығын бұзуға бағытталған іс-әрекеттерін әшкөрелей келіп, оны мәдениет, білім комиссиясы жетекшілігінен босату туралы мәселе қойды. Амал не, көпшілік дауыспен біздің ұсынысымыз қабылданбады. Өзіміз де солай болатынын сезгеміз. Алғашқы, тәуелсіздік жағдайында өткен сайлауда жалған демократияны жамылған щовинистер мен экстремистер депутат болып алғанды, біздің ұлттың өкілдері аз болатын. Енді бұған не істейміз, бір ұрымтал кезеңін тосайық деп жүргенде өзі келіп қақпанға түсті. “Социалистическая индустрия” (Москва) газетінде 1992 ж. сәуірдің 2 күнгі нөмірінде Солтүстік Қазақстан облыстық және Петропавл қалалық “Қазақ тілі” қоғамының төрағаларына жала жапқан мақала басылды. Ол материал кейінірек “Северный Казахстан” газетінде жарық көрді, ол мақалаларда политехникалық институттың директоры Қ.Оразов (қалалық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы) Занды белден басып, бір топ оқытушыларды жұмыстан аластады. Сол кезде обкомның ғылым және оқу орындары бөлімінің менгерушісі болып істеген Абдрахманов оны қолдады деп көріне көзге пәле салып отыр. Әйттеуір жауласып жүрген төрағаларға бұл таптырмайтын материал болды. Қала-лық сотқа арыздандық. Исті жан-жақты тексерген соттың

судьясы 27 шілде күні (1992 ж.) шешім шығарды: біздің талап-тілегімізді толық қанағаттандырып, қос төрағадан кешірім сұрап “Северный Казахстан” газетінде соттың шешімін жариялауды Плешаков пен редакцияға жүктеді.

Осыдан кейін ғана Плешаков тұмсығы тасқа тиген үйректей есептіреп қалды. ҚазТАГ-тан (қазақтың телеграф агенттігі) да шығып қалды. Мәлік Мұқановтың “Разговор на чистоту с коллегой” деген мақаласы да, біздің “Қызылжар” газетінде жарық көрді.

Бірақ, мемлекеттік тілге сайланып қарсы шыққан жалғыз Плешаков па еді? Жоқ! “Тіл туралы” Заңның жобасы баспа беттерінде жарияланысымен шовинистік пиғылдағы бір топ ғалымдар шабуылға шыққан болатын. Алғашқылардың бірі болып “Ленинское знамя” (“Северный Казахстан”) В. Черниковтың “Помните о прошлом, думайте о будущем” деген мақаласы жарық көрді. Онда педагогикалық институттың доценті: “Полагаю, что возвведение в ранг государственного того или иного языка это попытка при помоши ручной тачки остановить поезд” деп жазған еді. Одан кейін доцент Гармстың мақаласы жарияланды.

Ал баспасөз бетінде қазақ халқын қорлауға дейін барған институттың тағы бір доценті, әдебиетші В. Любушин деген: Дело мне кажется, не в статусе, а в социальных деформациях, низкой культуре населения, отсутствии духовных потребностей, низком качестве обучения и воспитания. И вина здесь в значительной степени лежит на казахстанской интеллигенции, самих казахов деп келіп қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға жарамайды, әлжуз, сөздік қоры аз, келешегі жоқ деп сөүегейлік жасады.

Обкомда (соңғы түяқсерпер кезінде) өткен тіл туралы дәңгелек столды жүргізуші обком хатшысы Н. Иванова да, жарыс сөзге шыққан “Ленинское знамя” газеті редак-

торының орынбасары Хорольский де, облыстық радио-комитетінің редакторы Торопкин де ауыздарына түкірп қойғандай, бәрі бір ауыздан мемлекеттік тілге қарсы шықты. Қыза-қыза қарсыластарымыз тілді қойып саясатқа көшті. “Қос азаматтық” болсын, Ресеймен шекарамыз қайта қаралсын деп жанталасты. Бұл мәселелер туралы да баспасөз беттерінде В. Плешаков бірінші болды. “Русский вестник” жариялаған мақаласында: “Забыли, видимо, просветители, что от южного Урала до Омска и дальше по Иртышу пролегла казачья горькая линия. Держа границу, сибирское казачество защищало и казаховскотоводов от вырезавших их Джунгар” деп жазған еді.

Плешаковтың тарихтың бетін ашып көрмеген сауатсыз екенін бұрын да білетінбіз, бұл жолы мектептегі оқушылар дәлелдеп беретін шындықтан хабары жоқ екеніне таң қалдық. Біз тарихты ұстай отырып Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастанын еске алайықшы:

Әз Тәуке болсадағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі ел де бізге мылтық

.....
Соғыстан көрші елдерде босамаған
Сонда да жерімізге көз тастаған
Бастаған Ойрат ісі ұрыс болды.
Бұл соғыс көрші ел үшін дұрыс болды.
Қалмақты жабдықтаған қос көршінің
Әуелден көздегені қоныс болды.

Сол соғыста Ордабасы болған Қожабергенге сенесің бе, тарихтың бетін ашпаған сауатсыз Плешаковқа сенесің бе? “Сатпады көрші екі ел бізге мылтық” дегені Ресей мен Қытай. “Жерімізге көз тастаған” да сол екі көрші туралы. Бұл соғыс Ресей үшін дұрыс болды, өйткені патша соғыстан әлсіреген қазақ елін бодандықта ұстaudы ойлады. Міне, тарихи шындық, Ресей қазақтарды қорғау

үшін қамал салды дегені аярлық. Ал, қазақтарға сатпаған оқ-мылтықтарын патша жонғарларға сатқаны да тарихи шындық.

Плешаков сияқты "тарихшылардың" 1754-1758 жылдары жонғарларды қиратқан Ресейдің әскерлері - деп жазып жүргенін қазір де кездестіресін. Ол да бекер. Соғыстан қалжыраған қазақ елін берік құрсауда ұстau мақсатында Петропавл крепосын салу мәселесін шешу үшін 1745 жылы патша 5 полк қаруланған әскерді бастағып генерал-майор Киндерманды жіберді. Сібірде қазақ жерін басып алу осы кезде қүштейе тұсті. Әуелі "Ескі Есіл шебі" дегенді құрды. Кейін қазақты тықсырып, жерін зорлықпен қамти тұсу үшін шепті онтүстікке қарай 50-200 шақырымға жылжытып, 1752 жылы "Жаңа Есіл шебін" жасады. Бертін оны бұрынғы қамысты көлінің орнында қалған сортаң көлдердің бойымен өткізгеннен кейін "Горькая линия" (бұл қазақтың "Ащылы өзек" деген атауынан алынған) деп атады. 1752 жылы Есіл өзенінің қазақтар Қызылжар деп атайдын тұсына осы линияның "Ащылы өзек" шебінің бас Қамалын салып, оған Петр мен Павел әулиелердің атын қойған. Ол бүтінгі Петропавл.

1763 жылы Екатерина Екінші Ертістің жоғарғы жағына қамалдар салу үшін төтенше тапсырма беріп Сібірге генерал-поручик Шпингерді жіберді. Ол 1765 жылы 31 желтоқсанда "қазақтар Ащылы өзек" шебінің онтүстігіне 10 шақырымнан астам тақап келмесін" деп нұсқау берді. Тарихқа "10 шақырымдық меже" деген атпен кірген осы шұрайлы шабындық жер қазақтан тартып алғынып, 1822 жылы "казачествоның запас жері" деп жарияланды. (Қараңыз, "Ана тілі" №24, 1991 ж. К.Исабаевтың мақаласы).

Міне, Плешаков жолдас, орыс тарихшылары архивке көміп тастап, бізге мұлде ұмыттырғысы келген тарихи

шындық осындай. “Горькая линия” біздің қазақ халқы үшін басқыншылық, зорлық-зомбылық линиясы болған, қазақ жерін талауға салу линиясы болған.

Плешаков: “Забыт и факт добровольного вхождения Казахстана в состав России”, - деп жазады.

Бұл да орыстың тарихшы-жазушыларының ойдан құраған өтірігі. Қазақстан ешқашан өзінің еркімен Ресейдің құрамына кірген емес.

Тарих қазақтың (Қазақстанның емес) үштеген бір бөлегі кіші жұз хандығы 1731 жылы Ресейге бодан болып бас игенін раставиды. Кіші жүздің Ресейге бодан болып бас июі, Ресей империясының Орта жұз бен Ұлы жүзді құшпен отарлауының басы болды.

Орыстар қазақтың ұлы өзендерін бойлай бекіністер мен қамалдар салуды шұғыл қолға алды. Жергілікті халықтың қарсылығын құшпен баса отырып, қазақтың кең даласына үнгіп кіре берді.

Абылай баласы Уәлихан 1819 жылы қайтыс болғаннан кейін оның тағына занды түрде отыруға тиісті Ғұбайдолла, патшаға Көкше өніріне қала салуға жер бермейді. Қала салуға қарсы шыққаны үшін патша үкіметі Ғұбайдолланы тұтқынға алып, жер аударды. Хандыққа ырқына көнетін Айғанымды (Уәлиханның бәйбішесін) қойды.

Абылайдың ұлы Қасым хан жеңгесі Айғанымға патшашыл, губернаторшыл болғаны үшін наразылық білдіріп, онын ордасын шапқан.

Қасым хан да орыстың қазақ жеріне баса-көктеп кіріп, қала салуына, қазаққа қиянат жасауына қарсылық білдірген. Оған Қасым ханның 1824 жылы 17 қыркүйекте Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичке жазған наразылық хаты куә. Бұл хатта: “Обитающим в пределах наших неверноподданым киргизам вреда не делать, ибо по миролюбивому согласию государя императрица и отец,

мой хан Аблай учредили черту линии. Если же не будет здесь уничтожено строение, и не престанется чиниться киргизам вред, то в таком случае на нас не прогневайтесь. Что же касается до пределов российских, то мы ко вреду никакого намерения не имеем. Если же с вашей стороны произойдут военные действия, то и мы по возможности своей глядеть не будем и не в состоянии терпеть чинимые от России в пределах наших народам вреда, притеснений и всякие обманы,” делінген. (Қараңыз, “Сарыарқа” журналы, №1, 1991 ж. 14 бет)

Міне, осылай қырқыспен Қазақстанның Ресейге, “өз еркімен” қосылуы, шынын айтқанда, Ресей империясының отарына айналуы 133 жылға созылып, 1864 жылы Черняев пен Веревкиннің әскерлері Қазақстанның Шолаққорған, Түркістан қалаларын құшпен басып алғаннан кейін аяқталды.

Тарихи деректер осылай сайрап тұрғанда бықсыма өтіріктің отын көсөу Плешаковке не үшін керек болды еken деген заңды сұрақ туады.

Қазіргі демократия жеңістеріне қуанатындармен бірге қуанбайтындарда бар екенін бүтінгі тарихи сілкініс кезеңі айқын көрсетіп отыр. Сол сияқты Қазақстанның егеменді ел болғаны да біреуге ұнаса біреуге ұнамайды. Республика тұрғындарының жартысынан көбін құрайтын аз қазаққа осынша кең байтақ, асты мен үсті мол байлық жерді көпсінетіндер де көрініс беріп жүр. Осындай бір арам ойды Мұхиттың аржағында жатқан Солженицин айтып еді, оны Жириновский сияқты сыйбайластары қағып алды да “Литературная газета”, “Комсомольская правда” сияқты өсек-аяңға, дау-жанжалға жақын тұратын газеттер басып жіберді. Ал “Омская правда” осы арам пиғылды әрі қарай дамытып: Қазақстанның солтүстігі түгел орыс жері. Орыстар мен казактар келгенде

бұл өнір бүрын ел қонбаған иесіз жатқан дала болатын, - деп сөкты. Экстремистер шет ел саясаткерлерінің көмегімен осы сияқты Қазақстанның халықтары арасына сына қағып, жер дауын ойлап тапты. Бірінен бірі соракы проблемаларды ту қып көтеріп журген де солар болатын. Түпкі мақсаты Қазақстанда ел тыйыштығын бұзу. Осы мақсаттарын іске асыру үшін ұлттық мәдени орталық құрамыз деген желеумен “Лад” қозғалысын (В.Кардашов басқаратын “Лад” мәдени орталығы емес), орыс қауымдастығын тіркеуден өткізіп алды. Бірақ жарғысында көрсетілгендей орыстың тілін, мәдениетін дамыту мәселелерімен айналысады орнына саясатпен шұғылдана бастады. Жұма сайын “Күлтөбенің басында күнде жиын” деңгендей пікірлестерін шақырып жиналыс өткізіп, ел басына, үкіметке жала жапқан әңгімелер өткізіп отырды. “Қазақстан Ресейге астық сатудан бас тартты, артық астықты Орта Азия мемлекеттеріне жөнелтуде. Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда қанша есек барын біледі, ол қанша орыс тұрып жатқанын білмейді... Милицияға сирақтары сидиган қотанаяқ қазақтарды алады, одан да тәртіп сақтауды казакорыстарға тапсыру керек...” Монголиядан келген қазақтарға үй кезексіз, тегін беріледі, ал “біздің” қазақтар (жаны ашыған болып), орыстар бүкіл өмір бойы кезекте тұрып келеді. Оларға пәтер жоқ. Біздің облыс бүкіл Қазақстанды асырап жатыр, өз халқының тұрмыс-тіршілігі төмен.” Міне, осы сияқты халықтар арасына іріткі салуға дейін барды. Дербес экономикалық аймақ құрған дұрыс депте шу көтерді. Түпкі ойлары, әрине, Солтүстік Қазақстан өнірін беліп Ресейге қосу, әйтпесе “экономикалық аймақтың” не екенін өздері де білмейді.

Супрунюк бастаған “Орыс қауымдастығы”, “Лад қозғалысы”, “екі мемлекеттік тіл болсын”, республикада “екі азаматтық алуға рұқсат етілсін” деп даурықты.

“Ақтың ісіне құдайдың өзі жақ” дейді ғой, казачествоны тіркеу туралы біздің хаттарымыз бір батыл, әділ адамның қолына түскен екен. Әділет министрлігі заңға қарсы іс-әрекеттері үшін “орыс қауымдастығын” тіркеуден бас тартты. Заңға бас иетін Супрунюк пе, енді “Лад” қозғалысы, облыстық Компартия мен Украина мәдени орталығымен ауыз жаласып, іс-шараларын бірігіп өткізетін болды. Оркестр жаңарғанмен әндері бұрынғы, музыканнттары бұрынғы болып қала берді.

Б.Супрунюк өзінің арам ой-арманына жету жолында күрес түрлерінің қандайынан болсын жеркенген жоқ. Қарсыластарына жала жауып, сottасуға дейін барды. Алғашқы таңдаған адамы облыс әкімінің орынбасары М.Төлебекова болды. Сот залына орыс-қазақ ақсақалдары, ешкім шақырмаса да, толып кетті. Сөз сұрады. Сот жүргізуісі амалсыздан облыстың, республиканың мақтан тұтатын құрметті азаматтары Петр Филиппенко, Ніл Болатбаев, Сергей Пресняков, Мәжкен Ғаббасов, Шамат Мұсәлімовтарды, т.б. тындаады. Бәрі де бірауыздан Супрунютің елді “ала тайдай” бұлдіріп жүрген ланқойлық іс-әрекеттерін әшкереledі. Сот шешімі де әділ болды. Супрунюк “Сүтке тиген күшіктей”, басы салбырап жала-корлығы әшкереleнип шықты. Ұятсыз адамдар тұмсығы тасқа тиіл талай соққы жесе де, өткеннен сабак алмайды екен.

Б. Супрунюк енді казактар қауымдастығымен ауыз жаласты. Дүркін-дүркін митингілер өткізіп, сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі экономикалық қыншылыштарды тіліне тиек етіп ел ішіне іріткі сала бастады. Ұрынарға қара таба алмай отырған содыр “Қазақ тілі” қоғамының белсенділеріне тиісті. Әсіреле қоғамның алқа мүшесі, сол кезде жауапты хатшысы болып істеген Мәлік Мұқановпен соттасты.

Екінші сот ұзакқа созылды. Сол күндері біздің облыс-қа республиканың бас прокуроры Жармахан Тұяқбаев пен Президенттің кеңесшісі болып істеп жүрген Қайырбек Сүлейменов келе қалды. Әкеміз келгендей қуанып қалдық. Біз, облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Н. Болатбаев екеуіміз, айрандай ұйып отырған еліміздің сыйқын бұзған содырдан құтқарар деген үмітпен әкімшілікке барып қонақтармен кездестік. Бірақ, қонақтардың жүзінен бұл әңгімеге елең етіп, мән беретін түр байқалмады. Қайта түймедейді түйедей қылып отырған жоқсындар ма деп өзімізге сезіктене қарады. Оның алдында Супруньюкті 2 жылға соттағанда республикалық соттың сол кездегі төрағасының орынбасары 1992 жылдың 17 қазандағы үкімі мен облыстық сот шешімін бұзып содырды сүттен ақ, судан таза деп ақтап жіберген еді. Сөйтіп, ұлттар арасына сына қағып іріткі салған содырды онан сайын басқа секіртіп алдық. Республика сотының шешіміне наразылық ретінде Петропавл қаласы тұрғындары атынан (300 адам қол қойған) бас прокурорға хат та жаздық. Любушин, Плещаков, Супруньюктердің сүйенген күші 40 шақты Қазақстанның сүйін ішіп, нанын жеп, ауасын жұтып жүріп құдайын ұмытқан топ. Көбеймейді де, азаймайды да. Митинг десе ішкен асын жерге қойып білекті сыбанып шыға келуге дайын “Орыс қауымдастыры” десе де, “казак-орыс жерлестігі” десе де, Украинаң ұлттық мәдени орталығы десе де осы топ жер астынан шыққандай лезде жинала қалады. Бұлардың ұлты, тұрмыс тіршілігі, білімі, т.б. әртүрлі болып келгенімен түпкі мақсаттары бір. Ол Қазақстанның тәуелсіз дербес мемлекет болуына қарсылық, бұрынғы билік пен аға ұлттың артықшылығын сақтап қалу, қазақтарды бодандық бұғауынан босатпау, қазақ тілін өлі тілге айналдыру. Өзара кейде қырқысып қалса да жергілікті ұлт өкілі топ-

тасқан “Қазақ тілімен”, оның жанашыр, белсенділерімен қақтығыста біріге қалады. Мысалы, Б.Супруньюкті олар да ит етінен жек көреді. Бірақ, “Қазақ тілі” қоғамымен құрескенін ұнатады.

Бір күні ұлт мәселесі “Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі алғашқы қадамдары туралы” облыс әкімшілігі дәңгелек стол өткізді. Қарсыластар жағынан Любушин (“Лад” қозғалысы), Супрунюк (орыс қауымдастыры), Ачкасов бастаған казактар жерлестігінен барлығы он шақты адам. Біздің жақтан Болатбаев Н.А., Мұқанов М., Оразов Қ. және мен “Қазақ тілі” қоғамының тағы басқа өкілдері.

Алдымен сөз алған атаман Ачкасов “казак-орыс жерлестігін” Занды түрде тіrkете алмай жүргенін баяндады.

- Біз мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, патша кезіндегі тұрмыс тіршілігімізді қайтарып беруді талап етеміз” - деді. Облыс басшысы В. Гартман.

- Мақсат-талаптарыңызды ашығырақ айтсаңыз - деді. Сонда Ачкасов:

- Тұпкі мақсатымыз бұрынғы казачествоның билеу жүйесіне, ескі тәртіпке көшу.

- Сөйтіп, олардың бет пердесін түсіріп ашық әңгімеге көштік. Біз де бірімізден соң біріміз сөйлеп: казачество этносқа да, субэтносқа да жатпайтынын, ондай ұлт болғанда жоқ, болмайтынын Карамзиннен бастап барлық тарихшылардың, казачествоға берген анықтамасы бар екенін дәлелдеп бердік. Ол патшаның артықшылық берілген әскери сословиясы. Оның міндеті патша үкіметінің отарлау саясатын іске асыру; жаңа жер, елді-мекендерді жаулап алу, көрші елдерді талау. Міне осы ойымызды деректермен дәлелдеп айтып жатырмыз. Өз кезегім келгенде мен:

-Казачествоның ел болу тәртібіне, бұрынғы билеу

жүйесінә қайта көшіру дегені не? Казачествоның патша ағзам берген артықшылығы неде? Ол қарууланған, ұйымдасқан бандылар тобы, патшаның ерке тотай алып келшауып келі. XIX ғасырдың 50 жылдары Кузминский, Да-рышев, Михаилов деген атамандары 200-ге жуық қазақ ауылдарын шауып, 150 елді-мекендерді өртеп, қазақтардың 250 мың малын айдал әкеткен. Қазақтың бейбіт жатқан ауылдарын аюандықпен шауып, жас баланы найзаның ұшымен шанышқанын сонау Лонданда жатып А. Герцен өзінің “Колокол” журналында әшкерлеген жоқ па еді. Белгілі тарихшы А. Левшинде бұл сүмдық туралы жазып кеткен. Казактарды атқа мінгізіп, қолына қару беру өз көрімізді өзіміз қазу дегендеге, казактар шыдай алмады, айғай-шуга ерік берді. Гартман әрен басып, әңгімені жалғағанымен келелі жиынның мәнісі болмай қалды. Осы жиыннан кейін 2 ақпан (1992 ж.) күнгі “Северный Казахстан”, сол жылдың 18 ақпанды “Казахстанская правда” газеттерінде менің “Чего хотят казаки” деген мақалам басылып казак-орыстардың арам ойын әшкерелеп бердік. Өздерінің жарғысында (занды түрде тіркелу үшін жасаған той) әскери жасақ құрамыз дейді. Не үшін, кімнен кімді қорғайтын жасақ, (әскери отряд туралы) “Патша кезіндегі билеу жүйесін қайтару” дейді. Ол да әскери тәртіпке көшу, екіншіден шұрайлы, қонды жерлерді казактарға беріп, станица тәртібімен атамандар билігін жүргізу. Бұл талаптары да тәй-тәй басқан тәуелсіз еліміздің зандарына қайши. Казактардың айтуынша жартылай әскери тәртіпке көшкен соң, жастарды оқыту, тәрбиелеу мәселесі де соған орай шешілмекші.

Міне, осы сияқты “жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты” дегендеге казачество проблемасы сопаң етіп шыға келді. Заң қызметкерлерінің ескертүіне қарамастан өздерінің арам пиғылдарын іске асыруға жантас-

ласты. “Мемлекет ішінен мемлекет құрамыз,” деулері, қазақ халқын басынғандықтары еді. Алғашқы кезде жинағандары он-он бес шақты казактар болды да, оларды елемей “айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады” деп күле қарап журе бергенбіз ғой. Сөйтсек үй артында не болып жатқанын білмеппіз. Іргемізден ін қазғандар біраз жерге барып та қалыпты. Ресейдің казактары, Солженицин, Жириновскийлердің айтақтауымен, Қазақстанның солтүстік, шығыс, батыс, жетісі жерлерін сыртыныздан иемденіп алғанынан хабарсыз екенбіз. Жуырда Е. Ертісбаевтың “Казахстан и Назарбаев” деген кітабынан бір құжатты кездестірдім:

Начальнику Главного управления казачьих войск

Генералу Семенову А.П.

Копия:

Председателю подкомиссии

Госдумы по делам казачества

Господину Лебед А.И.

В связи с тем, что большинство районов Кокчетавской и Акмолинской областей, входящих в состав Республики Казахстан, являются исторически казачьими землями, просим Вас рассмотреть вопрос о прохождении молодежью призывающего возраста действительной воинской службы в частях западносибирского военного округа.

Атаман 1-го отдела

Сибирского казачьего войска

В. Антошко

Байқайсыздар ма, тұтіннің қайдан шығып жатқанын. Бұл кезде Қазақстанда 7 казактар одағы құрылып та қалыпты (Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Өскеменде, Талдықорғанда, Алматыда, Оралда)

Енді өздерінің күш-қуатын халыққа пәш етпек болып Петропавл қаласында Үлкен шеңбер өткізіп, көшеде ше-

ру, митинг жасамақшы болады. Казактар тобырына, орыс қауымдастығынан, Украина мәдени орталығынан жанжал іздел, біреудің төбелесін сатып алуға дайын же лөкпелері қосылып 200-дей жасақ жинаймыз-ау деп жоспарлаған ғой. Ол аз болғандай көрші Ресей облыстарының атамандары он шақты баскесерлерімен келмекші болып уәде берсе керек. Атамандар алдын ала кездесіп Қызылжарда өтетін шеңбер мәжілісінің күн тәртібін белгілеп алыпты. Олар мыналар: шекара мәселесін қайта қарап Қазақстанның солтүстігін Ресейге беру. Қос азаматтық пен мемлекеттік тілдің екеу (қазақ, орыс) болуын талап ету. Жоғарыда айтқандай бұл аймақтарда казактардың патша кезіндегі иемденген жерлерін және басқару жүйесін қайтару. Жалпы казактардың патша кезіндегі артықшылықтарын қалпына келтіру.

Бұны естіген қазақ жастары казактардың бұл басынуына жол бере алмайтындарын танытты. Ақсақалдар жастарға басу айтып, мәселені бейбітшілік жолмен шешуге кірісті. Сол екі ортада “Азат” қозғалысына іш тартып жүрген жастар Алматыға телефон шалып қозғалыстың басшыларына хабарлап қойыпты. Республикалық үйимның (“Азат”) басшылары Жамбыл облысының жастарын көтеріп, Қызылжарға көмекке шақырып, “аттан, аттан” деп үран тастайды.

“Азат” қозғалысының Жамбылдағы мүшелері, 50-60 қыз-жігіттер жиналып Тараздан өтетін поезға мініп, солтүстікке жорықта аттанады. Осы жағдайдан хабардар болып отырған Гартман, өзінің орынбасарлары мен органның ішкі істер басқармасы, сот, прокурор, ҰҚҚ және бізді, Болатбаев екеуімізді жедел шақырып алды да, мәнжәйді баяндал берді. Ақылдаса отырып бір ауыздан шешкен түйініміз: Жамбылдықтарды Қызылжарға жеткізбей тоқтату, жағдайды айтып, елдеріне қайтару. Қандастары-

мыз қалаға кірсе, бұлардың келе жатқанынан хабардар қа-
зактар қан төгіске барулары мүмкін еді. Сонымен тараз-
дықтарды Ақмолада қарсы алып жігіт-қыздарды жинап
әңгімеғе тартып жағдайды айтуға М. Қанғожин бастаған
үш кіслік топ аттанды. Ахметбеков Мәркен екеуміз
Көкшетауда қарсы алатын болдық. Гартманның өзі бас-
таған үшінші топ Смирново станциясында тосып алаты-
нын айтты.

Көкшетауга біз Мәркен екеуміз машинамен шыққан
едік, Жамбылдықтар келе жатқан поездан бұрын жеттік.
Көкшетау станциясында тараздықтардың 11, 12 вагонда
келе жатқанын біліп алғамыз. Тура 12-ші вагонға отыр-
дық. Біздің елшілер олардың басшыларымен сөйлесіп
көрген екен, бірақ Қызылжарға жетпей қайтатын түрлері
жоқ көрінеді. Басшылары бір жігіт пен екі қыз екен, бір ку-
пеге біздің адамдармен бірге жиналдық та бар шындық-
ты актара айтып бердік. Сендердің келе жатқандарынды
буқіл облыс естіп отыр. Қазақстанның солтүстік облы-
сы қадау-қадау ғана қазағы болса да, оңайлықпен тақым-
ға басатын көкпар емес екеніне көздері жетті. Көрші об-
лыстан келген атамандар елдеріне кетті. Жергілікті қа-
зактар көшеге шығып шеру өткізбейтін болды. Енді сен-
дердің Қызылжар қаласына келулерің, мүмкін кері әсерін
тигізіп тыныштала бастаған жыланның құйрығын бас-
қандай болып жүрер.

- Жоқ, ағалар, - деп сөзімді бөліп жіберген бір қыз, -
бізді кейін қайтарамын деп әуре болмаңыздар. Біз кеше
ғана Қазақстанның тұластығы үшін атқа міндік. Казак-
тарды басқа секіртпейміз. Орта жолдан қайтып елге не ай-
тамыз.

- Сіздердің, - дедім тізгінді қайта қолға алыш, - елдің
шетінде, дау-дамайдың өтінде тұрып жатқан қандаста-
рымыздың басына күн туған да қалай “аттан” салмай оты-

рамызы, - деп, бізді еске алғандарыңа раҳмет. Қадау-қадау қазактарды, ормандай орысы қалың елде жұтып қоюы мүмкін деп атқа мінгендерің құптарлық, қуанарлық жәй. Осының өзімен қыр көрсегтіндер. Үлкен қала емес, Петропавлдың шығысындағы сыйырды батысында тұрып ақ ести бересің. Казактарда біздің қымылды біліп отыр. Олардың шеттен келген атамандарын шақырып, Қазақстанның іргелі ел екенін, ешкімнен қаймықпай-ақ, өз елінің заңымен шара қолдануға мәжбүр екенін сездіріп 24 сағат ішінде елдеріне кетулерін талап еттік. Олар ендігі кеткен де шығар. Енді сіздердің қалаға кірулерініз қалғи бастаған жалғыз көзді дәуді мезгілсіз оятқанмен бірдей. Келгендеріңізге раҳмет. “Жаман айтпай жақсы жоқ”, - дейді ғой, егер Қазақстанның солтүстігін өрт шалса сөндіруге келер өздерің сияқты жігіттер мен қыздар бар екен. Бірақ, ондайдың бетін аулақ қылсын. Араларынан Қабанбай да, Қожаберген жырау да, Сары-Баян да, Домалақ әже де шығатынына көзіміз жетті, - дегеннен кейін жігіттер иліккендей болды.

-Біз бір 5-10 минут тайм-аут алайық, - деп штаб мүшелері ақылдасуға кетті.

Ақыры, сөзге түсінетін жігіттер екен, “келістік” деді.

-Жігіттер, қазір Смирново деген станцияға келеміз, облыс басшылары сіздерді қарсы алмақшы. Бұл станция Петропавлдың өзі болмаса да шеті, облыс орталығы 40-ақ шақырым. Смирновоның түбінде пионер лагері бар. Сіздер сонда тамақтанып Петропавлдан қайта оралған осы поезден үйлеріңізге қайтасыздар. Араптарынан 4-5 жігіт пен қыздарды қалдырыңыздар. Олар ертең жағдаймен танысып, кешкі поезден олар да оралады. Қазір облыс әкімі осындай жоспар ұсынады, - деді Мәркен.

Айтқанында, В. Гартман қарсы алып, жамбылдық-

тарды екі автобусқа отырғызып пионер лагерінде тамақтандырып, сол өздері келген тұнгі поезбен елдеріне қайтардык.

Келесі күні сағат 10-да облыс әкімшілігінің үшінші қабатындағы кіші залында жамбылдықтарды (5-6 өкілдерін) В.Гартман қабылдап, облыстағы жағдайды баяндап берді. Бізде қатыстық. Артық әңгіме, қыңыр мінез көрсету жок, салиқалы ой бөлісіп, пікір алмасу жағдайында өтті. Кешегідей емес қонақтарымыз да сабасына түскендей. Қалай десек те тараздықтардың сол жорығы казактарға да ой салғаны анық. Оның алдында теледидардан сез сөйлеген Омбының атаманы: “Қазақстанның солтүстік өңірін бір күнде жалғыз танкпен басып аламыз,” деп қоқан-лоқы жасаған болатын.

Казактардың мысын басқан тағы бір оқиға, атаман Ачкасовты заңсыз шеру, одан кейін рұқсатсыз митинг өткізгені үшін екі аптаға түрмеге отырғызып қойғаны.

Олар да қарап жатпады. Б.Супрунюткің ұсынысымен Ресейдің Президентіне, Думасына үсті-үстіне хат жазып отырды. Қазақстандағы орыстардың “мүшкіл” халы туралы “ертеғілер мен” бірге, шекара туралы да мәселе көтеріп, Ленин немесе Калинин қол қойған екі елдің шекарасы туралы құжат жок, - деп дәлелдеуге тырысты. Олар хаттарында: “Ресей дипломаттары Кавказдан, Молдавиядан айрылып қалды, енді Қазақстанның айрыласындар,” деп ақыл айта бастады. Митинг өткізе алмаса да, әр жұманың сенбісінде “Достық” үйінің үлкен залына жиналып, орынды-орынсыз үкіметімізді, Қазақстанды, ел басын сынап қана қоймай балағаттауға дейін барды. Оны “демократия, сез бостандығы” деп түсіндірді. Олардың жиындарына қатынасып тұруды “Қазақ тілі” қоғамының алқа мүшесі Шәміл Молдашовқа жүктегенбіз. Кейде өзімізде барып, реті келгенде сөйлеп те жүрдік.

Бірде “орыс қауымдастығы” және казак-орыс бірлестігінің ұйымдастыруымен облыстық мәслихаттың акт за-лында үлкен бір жиын өтетінін естідік. Олар не айтар екен, көріне көзге тағы жала жауып жатса қарап тұрамыз ба, біз де пікірімізді айтайық деген оймен қоғамның 5-6 басшылары жетіл бардық. Үлкен залға кіре бергенімізде алдымыздан түйенің жарты етіндей болып Б.Супрунюк: “Вы куда?” деп шыға келді. Құдай ақыл-ойдан жүрдай қылғанмен бойды аямапты, тау сияқты. Осы кезде Зейнолла Экімжанов алдымызға шыға келді. Екі көзден жа-лын атқан, екі қолды боксерлерше жұдырығын жұмып ке-удесіне ұстап Супрунюкке қарсы ентелей ұмтылғанда жа-нағы дәү дегеніміз “ты что?, ты что?” деп шегініп барады. Осы оқиғадан кейін “алыпты жолдан тайдырған Зейнолла” деп атап жүрдік. Өзі де сол жолғы батылдығын батырлықта балап, мен бес ғасыр бойы батыр туғызған Уақтың жиенімін гой деп мақтануына мүмкіндік берді. “Шындығына келсек, Супрунюк Зейнолланың артында келе жатқан Жарасбай Сүлейменов, Мәлік Мұқанов, т.б. қарулы денелі жігіттерді көріп шегінді гой,” деп ойлаймын.

Әрине, “Қазақ тілі” қоғамының жұмысы экстремис-тер мен шовинистер сияқты керауыздармен алысу-таласумен шектелмейтіні белгілі. Біздің негізгі мақсаты-мыз туған тілімізді мемлекеттік тұғырға қондыру. “Тілдер туралы” Заңның орындалуына ат салысу. Бұл міндет жалаң ұранмен біте қалатын шаруа емес. Тіл ұлты-мызben бірге жасайтыны белгілі. Ұлтымыз мың өліп, мың тірілсе, тіліміз де бір жығылып, бір түрумен болды. Тілімізге қарсы шабуыл XIX ғасырдың жартысында бас-талды десек те болады. Бұл қазақ жеріне келімсектердің құмырсқадай қаптал келе бастаған кезі еді. Патша әкіме-ті қазақтардың жер-суын ғана тартып алған жоқ, оларды орыстандыру саясатын да ойладап пішіп қойғанды. Тіпті,

ұлт ретінде құртып жіберу де ойларында болғаны сөзсіз.

Екінші думаның депутаты Марков деген біреу: “Қазақтар Шыңғыс хан мен Темірланның үрпақтары, сондықтан оларға ана американдықтардың қызылтерілерге (краснокожие) істегендерін біз де істеуіміз керек” деп күпсінді. Американдықтар жергілікті халықты құртып жібермен пе еді.

Міне осы кезеңнен қазақтардың ұлт-азаттық құресінің екінші кезеңі басталды. Оның алғы шебінде Әлихан, Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұқаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, т.б. болды. Бұлар ел тәуелсіздігімен бірге тіл тәуелсіздігі үшін де қуресті, тізгінді қатар ұстады. 1913 жылы “Қазақ” газетінің 2 санында басылған бас мақалада: “қазақ деген қашаннан ұлт болып Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әртүрлі жүрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?. Осы біздің төсекте дөңбекшіп үйқымызды бөлөтін нәрсе. Басқа жүртпен арасқанда өз алдына ортақ ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі бар (әдебиеті) жүрттарғана тұрады. Өз тілімен сейлескен, өз тілімен жазылған жүрттың ұлттығы, еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы Тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалауды. Өз ұлттына басқа жүртты қосамын дегендер әуелі сол жүрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.”

Міне сол Ақаңдардан бастау алған тіл үшін құрес әрі қарай жалғасын тапты. Қазан төңкерісінің алдында да одан кейін де қазақ деген дербес мемлекеттілігімен бірге тіл мәселесін де көтеріп отырды. Осы қазақ зиялыштары-

ның тегеурінен бе кеңес үкіметі, әділдігін айтсақ, алғашқы кезде ұлттар мен ұлыстардағы автономиялық дербестікке үеде беріп, тілдерін дамытуға бірталай қаулы, қарарлар алғаны да рас болатын. Мысалы, 1923 жылы 22 қарашада Орынборда тіл туралы алғашқы декрет жарияланып, онда қазақ тілімен орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берілген еді. Обалы не, бұл декретті із-түзсіз кетті деп айта алмаймыз. Туған тіліміз үшін азды-көпті енбек етті.

Қазақтың біртуар азаматы Сәкен Сейфуллин сияқты, ұлтжанды зиялды тұлғалардың құштеуімен алынған бұл декрет бойынша жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін мекемелер 9 айдың ішінде іс-қағаздарын қазақ тіліне көшіруге міндетті болды. Сонымен бірге мемлекеттік аппаратты қазақыландыру бағытында іс-шаралар белгіленді. Қазакша сауаты бар адамдардың тапшылығын ескеріп сол декретте “қызметкерлер дайындайтын кәсіпкерлік курстарда қазақша іс жүргізуі үйрететін пән енгізілсін” деп жазылған болатын.

Осы құжатқа сай Қазақ ССР-ның Еңбек халық комиссариаты “орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілін біletін қызметкерлермен ауыстыру” жөнінде жер-жерлерге хат жіберілді.

Сол, 1924 жылы шілде айында “мемлекеттік мекемелермен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізуі үнгізетін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын көбейту және қазақ тілімен жазуын біletін мамандармен ауыстыру туралы” тағы бір құжат қабылданып күшіне енді.

Амал не, қаулы-қараплар аз болған жоқ. Бірақ, кей жерлерде олардың орындалуына мән берілмеді. Ал, Мәскеудің бұл декреттердің орындалуына көмек беріп, қолдау көрсетудің орнына кедергі жасағаны да рас. Қазақстанға

орталықтан келген кадрлар бұл қаулыларға жүре қарады. Оған бір мысал, 1927 жылдың аяғында БК(б)П Орталық комитетінде ұлт мәселесіне арналған үлкен мәжіліс болды. Оны Л. Каменов жүргізіп отырды. И.Сталин дүркін-дүркін сөз сөйлеп, Т. Рысқұловты, С. Ходжановты, Э. Икрамовты, А. Әдігамовты, Валиевті, т.б. “ұлтшылсындар” деп сыйнады. Осы жынға Қазақстаннан қатысқан Сәлімгерей Қаратілеуов деген кісі сөз сөйлеп былай депті: “... Қазақ тілін енгізу жөнінде жарлық декреттерге қарамастан қазақ тілін үйренуді ойна алған, не бастаған бір жан жоқ. Өткен төрт жылдың ішінде Орталықтан қазақ жеріне жұмысқа келген қызметкерлердің ішінен қазақ тілін енгізуі аузына алған бір адамды да көрген жоқ-пын. Олар қазақ тіліне мәдениетсіз, қызықсыз тіл деп қарайды және Қазақстанда көп тұрмаймыз деп ойлады.

1920-21 жылы Орал Губкомы қызметкерлерді қазақ тілін үйренуге міндеттеп еді, бірақ оған құлақ асқан ешкім болған жоқ... Республикамызда қазақ тілінде 5 газет, тиражы 7555 дана, орыс тілінде 17 газет 21700 дана, қазақ тіліндегі 1 журнал, орысша- 6. Мектеп саны 690 олардың 36 пайызы қазақ, 64 пайызы орыс мектептері, оларда оқитын 49246 баланың 29 пайызы қазақ, 71 пайызы орыс”.

Осы мәжілістен кейін Қазақстанда қазақ тіліне қайта көніл бөліне бастады.

БК(б)П қазақ өлкелік комитетінің 1933 жылғы 4 сәуірдегі қаулысы бойынша: Орталық атқару комитеті, наркомпрос, денсаулық сақтау халықомы, т.б. республикалық комиссариаттар мемлекеттік тілге көшірілді. Кейбір мүмкіншілігі жоқ мекемелер іс қағаздарын уақытша екі тілде жүргізетін болды. “Қазақ тілін білетін мамандарға женілдік” беретін қаулы қабылданды. “Алғашқы жұмысқа кірген адам қазақша еркін сөйлесе 10%, іс қағаздарын

жүргізе білсе 15%, жоғары оқу орындары мұғалімдеріне 25% қосымша еңбек ақы төлесін” делінген. Қазақ тілі мектептерде міндегі түрде оқытылсын деген қаулы 1934 жылы қабылданды.

Осылай қазақ тіліне тағы да жол ашылды, мэртебесі енді көтерілетін болды деп жүргенде, 1941 жылы 1 тамызда алынған Одақтық Үкіметтің қаулысына сәйкес осы уақытқа дейін ұлттық тілдерді дамытуға бағытталған декреттер, қаулы-қараптар күшін жойып, архивке жөнелтілді. “Жығылғанның үстіне жұдырық” дегендей 1955 жылы КСРО министрлер кеңесінің маусым айындағы қаулысы қазақ тілін тұралатып тастады. Өйткені бұл күжат орыс мектеп оқушыларын қазақ тілін оқудан босатты. “Қашайын деп тұрган қоянға оқ деген соң не зорық”, “былдырлаған осы тілдің керегі не?” деп жүрген тың игерушілерге бұл нұсқау көктен тілегендерін жерден берді. Әсіресе тың игеруге келген бастықтар мен бастық-сымақтар қазақша жазылған арыз-өтініштерді жыртып, қазақтың шал-кемпірлерін, орысша білмейтін азаматтарды кабинеттерінен күтәніштің күні болдық. Тіліміз тағы да кемсітушілік көрді, тұралай бастады. Қолдану аясы тарайлды. Шарль Монтескье: “Тіл ұлттың ең соңғы қорғаны” десе, біздің де қорғанымыз құлауға шақ қалған еді.

Колбинның тұсында қазақ тілі туралы жарымжан болса да қаулы шығып, “тәуба”, “тәуба” деп ауыз жиғанымызша орыс тілі туралы сондай қүжат қабылданды да тұған тіліміз баяғы кебін қайта киді. Бір жылда қазақ тілін үйренемін деп уәде берген Колбин бір жақ иығына ұлтымыздың жас ұл-қыздарының қанын артып, бір жақ иығына қазақ халқының алдындағы борышын арқалап Мәскеуді басып, о дүниеге сапар шегіп кетті. Қасиетті тіліміздің халі мүшкіл күйде қала берді.

Міне, 1989 жылы 22 қыркүйекте тіл туралы алғашқы

Заң қабылданғандағы жағдай осындай еді. Алғашқы құжат кеңестер Одағы тарамай тұрғанда қабылданғандықтан, еліміз тәуелсіздік алған соң, қоғамдағы өзгеріске сай жаңа заң қабылдауға мәжбүр болдық. Міне, 1997 жылдың 11 шілдесінде “Қазақстан Республикасында Тіл туралы” Заң осылай дүниеге келген еді. Бір жарым ғасыр осындай азапты басынан кешірген тіліміз еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өрге басар, өз тұғырына, мемлекеттік тұғырға қонар деп үміттенгеніміз рас.

Туған тіліміздің тарихынан сыр шертіп, оның бір құлап, бір тұрып, бір өліп, бір тіріліп келе жатқан тағдырына қысқаша шолу жасауымның да себебі бар. Бұтін тәуелсіз ел болып жоғалтқанымыз табылып, өшкеніміз жаңып бодандықтың бұғауынан құтылған кезді тиімді пайдаланып, тілімізді мемлекеттік тұғырға қондыра алмасақ кім болғанымыз! Тілдер туралы екі бірдей Заң қабылдануының да, “Қазақ тілі” қоғамының құрылуының да негізгі мақсаты осы емес пе?

“Қазақ тілі” қоғамы 1989 жылы 22 қыркүйек айында алғашқы Заң қабылданысымен жер-жерлерде құрыла бастаған болатын. Біздің облыста қоғам 1990 жылдың қантарында шаңырақ көтерді. Айналасы 3-4 жылда қоғам 215 бастауыш, 13 аудандық, қалалық ұйымдарға топтасқан 20 мыңнан артық мүшесі бар бұқаралық үлкен бір беделді ұжымға айналды.

Қоғаммызыдың ешқандай кедергісіз құрыла қоюның себебі СОКП-ның өзіне тықыр таянып, шықпажаным шықпа жаңып дег қос өкпеден дем алып тұрған кезі болатын. Халықтар съезі КСРО конституциясының 6 бағындағы Компартия Кеңестер Одағында басқарушы қүш - деген тұжырым алынып тасталған соң шаруасы біте бастады. Сонда да ескі дәстүр бойынша обкомның идеология жөніндегі хатшысы алғашқы құрылтай мәслихаты-

на қатынасып отырды. “Қазақ тілі” қоғамы сөйтіп дүниеге келді. Алғашқы төрағасы болып, белгілі ақын М. Қантожин (қоғамдық негізде) жауапты хатшы болып (жүкті арқалаушы) ғылым кандидаты Қабдөш Қалиев сайланды.

Рас, бір жылдай істеді де, алқа мүшелерімен кейбір мәселелерде келісе алмай, екеуі де өкілеттілігін тоқтатты. 1991 жылдың 25 ақпанында қоғамның төрағалығына мені сайлады да (ақылы), жауапты хатшы етіп Өмір Есқалиды бекітті (қоғамдық негізде).

Ал, алқа мүшелері жазса қаламы жүйрік, сөйлесе ойы ұшқыр, ұлтжанды, туған тілі үшін от пен суға түсуге дайын, “сен тұр, мен атайын” дейтін батыл жігіттер болды. Олар: Мәлік Мұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Қайырбек Фалиев, Қайролла Мұқанов, Қошан Қалиев, Сабыр Сенкібаев, Жарасбай Сулейменов.

Аға буынға жататын ақсақалдарымыздан ақсақалдар алқасы құрылып оның мүшелері: Мәжікен Ғаббасов, Ніл Болатбаев, Рәшиит Бәдірленов, Қайырбек Сыздықов, Сапар Дүйсенов, Қилаж Мағазов, т.б. сияқты ағаларымыз ақыл-кенестерін аямады. Сол кездегі қоғамымызда қалыптасқан жағдайға сай жұдырықтай жұмыла кетіп, “біріккен жұз, бытыраңқы мыңды алар” дегендег тіл үшін күресте біз көп едік, сөзіміз де, ісіміз де бір еді.

Бұл арада “Ленин туы” (“Солтүстік Қазақстан”) газетінің, оның бас редакторы Бақыт Мұстафиннің тілдер туралы заңның маңызы мен мәнін насихаттап, халыққа жеткізудегі қызметін атап кеткен орынды. Жаңа құрылған “Қазақ тілі” қоғамының алқа жиынында газет редакторы Бақытқа:

-Бәке, сізге рахмет, тұралап қалған тіліміздің төрт тағандап тұруына мұрындық болып келесіндер дегенде Ніл Әдғамұлы:

-Осы газет қай тілде шығады? деп көлденен сұрақ қойды.

-Эрине, қазақ тілінде, - дедік. Сондағы Нікеңнің айтқаны:

-Е, онда рахметті оған не үшін айтамыз. Қайта ол бізге айтсын. Біз тіл үшін күреспесек Бақыттың газеті шықпай қалмай ма? - деп күлдіргені бар. Қарсыластарымыз “Северный Казахстан” басылымының төңірегіне топталғанда біз “Солтүстік Қазақстан” газетіне сүйендік.

“Солтүстік Қазақстан” қазақ тілінің тағдыры туралығана емес, ұмытыла бастаған мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің қайта түлеп дамуына да өз үлесін қости.

“Қазақ тілі” қоғамының еселеіне, бұқаралық күш ретінде нығаюына әсер еткені де шындық. Газет “Қазақ тілі” қоғамының өз үніндей болды.

Біз Алматыға қазақ тілі жөніндегі жиындарға барғанымызда басқа облыстардан келген әріптестерімізben пікір алысып ой бөлісеміз ғой. Сонда байқағаным, кей жерлерде облыстық газеттің редакциясы мен “Қазақ тілінің” филиалдары бір-біріне жөн айтып, қырық пышақ болып қырқысып жатады. Оның шетжәғасы республикалық газет беттерінде ара-тұра жазылып жүрді.

Соларды естігендे өзіміздің облыстық газеттің журналистеріне дау-дамау түстеріне де кірмей, көмектесіп жүргеніне риза болдық.

Классикалық гимназияның құрылышы жүріп жатқанда “Ленин туы” газеті (қазір “Солтүстік Қазақстан”) арнайы айдармен құрылыш барысын бақылауға алыш, мақалалар жариялап отырды.

Қоғам әсіресе, қазақ тілінде сынып, мектеп ашу мәселесін бірінші кезекке қойды. Өйткені Қызылжар қаласында облыстық мектеп-интернаттан басқа бірде-бір қазақша тәрбие беретін мектеп болмады. Аудан орталықта-

рында бір сынып та жоқ еді. 77 қазақ ауылдарының 15-інде, бірде-бір орыс тұрмаса да аралас мектеп жұмыс істеді.

Ал 18 “таза” қазақ ауылдарында оқу-тәрбие жұмыстары орыс тілінде болды. Бір масқаралығы сол кешегі орыс тілін білмейтін мұғалім бүгін сол тілден сабак берді. Сөйтіп, не орысша, не қазақша білмейтін мәңгүрттер пайда болды.

Бізді қинағаны - өз бауырларымыздың өз тіліне сенімсіздікпен қарауы. Қызылжарда “Тілдер туралы” Заң шығысымен үй-үйді аралап тіл жанашырлары не бары 15 ата-анадан арыз әкелді. Сөйтіп алғашқы жылы өз тілінде окуға 15-ақ бала ынта білдірді.

“Орыс тілін білмесен нан сұрап жей алмайсың” дейтін кез ғой. Нан сұрап жерсің-ау, бірақ қалаған институтына түсе алмайсың, тіпті жұпның жұмысқа да орналасуың онай болмайтын. Міне, осылай “демократиялық” елде, өз ауылсың, өз жерінде “екінші сортты” азамат болып шыға келесің. Қазағының қағынан жеріген құландаі өз тілінен өзі шошып жүрген кезі міне осы.

Айналасы 5-6 жылда 40 шақты ауылда жабылып қалған қазақ тілінде білім-тәрбие беретін мектептер қайта ашылды, аудан орталығының бәрінде қазақ мектептері жұмыс істей бастады. Облыс орталығында қазір 5 мектеп қазақ тілінде білім береді.

Әсіресе жүйке жүқартып, тер төгіп енбегіміз сіңген классикалық гимназия мен 6-шы қазақ мектебі болды. Гимназияның ірге тасы 1992 жылы тамыз айында қаланған болатын. Үкімет бюджеттен мектеп салуға 1993 жылы да 1994 жылы да қаржы бөле алмады. Құрылыш жұмысы баяулап қалды. Демеушілердің көмегі мен облыстың ішкі мүмкіншілігі мардымсыз еді. Облыс әкімі В. Гартман республикалық бюджеттен ақша бөлу мәселелсін

үкімет тарапынан шешу үшін “Қазақ тілі” қоғамының төрағасын 5 рет Алматыға жіберді. Бірінде облыс әкімінің орынбасары И. Чиркалинмен, тағы бірде облыс әкімінің бөлім бастықтары Б.Исенов, Т. Әбілмәжіновтар мен сол кездегі астанамызда болғаным есімде. (Павлов, Мұқашов, Тасмағанбетов, т.б. болдық).

Аталарымыз “пара берме, бара бер” дегені бар ғой, сол сияқты бара бергеніміздің пайдасы тиіді. 1995 жылдың жоспарына қазақ мектебінің ғимараты да енді. Жергілікті бюджеттен сол жылы тағы бір қазақ мектебін (бұрынғы қазақ интернат-мектебі) құрделі жөндеуден өткізуге мүмкіншілік туды. Классикалық гимназияның ғимаратын бір жылда салып бітіру оңай шаруа емес, әкім (В.Гартман) өзі басқарған топ құрды. Оған облыстық оқу бөлімінің бастығы мен “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы да кірді. Жұма сайын лездеме өткізіп, күнде істелетін жұмыс жоспарын жасап, бұл топ құрылыш қарқының бақылауға алды. Ал 6-шы мектептің жөндеу жұмысын ата-аналардан құрылған топ шен қаланың әкімі қадағалап отырды. Бұл топқа да ата-аналармен бірге облыстық “Қазақ тілі” қоғамының жауапты хатшысы Шәміл Молдашов кірді. Екі әкімнің де қатаң бақылауының арқасында Қызылжарда бір жылда екі қазақ мектебін ашуға қол жеткіздік.

Қоғамның екінші бір үнемі назарында ұстап, уысынан шығармаған мәселесі ұлттық мәдениетімізбен, салт-дәстүріміз. “Түрі ұлттық мазмұны социалистік” мәдениет құрамыз деген “көсемнің” сезі жалаң ұран екен. Мәдениетіміз де, әдет-ғұрпымыз да шындығында бір ғана социалистік болып шықты. Әрі-беріден соң төл мәдениетіміз, салт-дәстүріміз “ескірген”, “тозған” бай-феодалдық деп аталды да, ата-бабаларымыздың ғасырлап шешаша шығармай жинаған қымбат қазналарын, бай мұраларын ұмыту-

ға айналдық. Гректің бір философи “мемлекеттің заңы осал болса да, халқыңың әдет-ғұрпы мықты болсын” деген екен.

Әр халықтың тәуелсіздігі үшін күрес тарихына үңіл-сөңіз ел егемендігімен қатар тілі, діні, ділі, мәдениеті бірге жүретіні содан болу керек. Сондықтан біз 1991 жылы тамыз айында кезекті алқа жиынныңда ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді өркендету мен дамытудың жайы мен жолдары туралы мәселе қойдық. Ұсыныс, пікірлер көп болды. Бірақта, неден бастау керек? Бұл да оңай шағылатын жаңғақ емес еді. Сонда да біз әуелі мақсатыныңды белгілеп алғанмызыңды жөн көрдік. Сол үшін ұлттық мәдени орталық құру дүрыс болар деп шештік. Осы мәселені талқылау үстінде Н. Болатбаев ағымыз:

- Ондай орталық құратын болсақ соған лайықты ғимарат бар. Әдейі осы мақсатқа салынғандай. Мына өздеріңіз күнде ететін колхоз базарының қасында ұлттық тағамдар жасайтын дәмхана бар емес пе? Қазақтың 12 қанат киіз үйінің жобасымен салынған, шаңырағы биік ғимарат. Оның салынғанына көп болған жоқ, екі-үш жыл ғана. Алғашқы кездे елдің қазактары, қаланың ақсақалданы сары қымызды сапырып, әңгімені соғып жиналатын еді. Қазір бие саууды кино теледидардан ғана көріп жургенде ол ғимарат қымызхана болудан қалған. Ш. Құлмақановқа, Г.В. Кухарға кіріп сол ғимаратты сұрап алған дүрыс болар” деді. Облыстың, қаланың басшылары бізді жақсы қабылдады. Бірақ ғимарат туралы ойларыңызды көртып, бағдарлама ретінде қағазға түсіріп әкелініздер деп, негізінен мәселені шешуге дайын екендерін білдірді. Алдымен бұл дәмханаға ие керек болды. Қоғамдық үйимға жалға бере алмайды екен. Ақыры ие де табылды. Қаланың іргесіндегі “Озерный” совхозы директоры Борис

лат Сағындықов қымызхананы жалға (өте төмен бағаға) алатын болды. Григорий Васильевич 1991 жылдың 4 шілдесіндегі № 851 жарлығымен: “По просьбе совхоза “Озерный” Бишкульского района и областного общества “Қазақ тілі” о создании в г. Петропавловске областного казахского национально-культурного центра и пропаганде обычаев, культуры исполком решил передать “Алтын дән” в аренду совхоза “Озерный”. Сонымен мәдени орталықтың сырлауы, майлауы бар дегендей екі-үш айға жуық жөндеуден өткізіп қарашаның 18-не “Ақ отау” деген ат қойып мәдени орталықтың тұсау кесер рәсімін жасадық. Ашылу рәсімінің жоспарын жасап, дайындық жұмысын облыстық “Қазақ тілі” қоғамының жауапты хатшысы Әмір Есқали басқарды. Дәмхананы жабдықтау, безендеріру, т.б. шаруашылық жағы Б.Сағындықовтың мойнында болды.

Жоспарлағанымыздай қарашаның 18 күні “Ақ отау” дәмханасының алдына халық сағат 10 болмай-ақ жиналып қалды. Жиналғандар негізінен қазақтар, жүздері жарқын, езулерінде құлкі. Күн де нұрын төгіп, әжептәуір көтеріліп қалыпты. Желі жоқ, аязы жоқ, күздің қонырсалқын күні.

Ақсақалдар оқалы шапан киіп, ақ ниетті әжелер, жаулық, камзол киіп ажарланып алған. Киімдері қонымды, әжелердің өзін жасартып, жарқыратып жіберген. Қарасақалдылар көздерімен жеп, өліп барады. Сағат 10-ға жақындағанда облыстық, қалалық кеңестің төрағасы Шалбай Құлмақанов мен Григорий Кухарь екеуі келісімен “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы “Ақ отаудың” тұсау кесер рәсімін ашық деп жарияладап алғашқы сөзді Шалбай інімізге берді. Одан кейін ақын Манап Ысқақова, Болат Мағазов сөйлемді. Шәшу шашып бола бергенде “Сүйінші, сүйінші!” Келін келіп қалды!” деген айғай шыққан кезде

халық көшеге ойыса бастады. Сөйткенше болған жоқ сүліктей екі қара ат пар жегілген пәуеске, жан-жағын салт аттылар қоршаған салтанатты топ “Ақ отауға” келіп қалды. Тағы шашу, енді халық дәмханаға қарай серпілді. Қалыңдық, күйеу жолдастарымен пәуескеден түсіп, “Ақ отауға” таяй берген кезде Асқар Байбатшанов “Беташарды” жырлап қоя берді. Жоқ, бұл жасанды үйлену тойы емес еді. Өмір Есқалилардың ЗАГС арқылы тауып алған жастары болатын. Бүгін сәті түсіп, біздің “Ақ отауға” шаңырақ көтеруге нағінші етіп отыр. Жастар “Шаховское” совхозының екен; жігіт Сәкен Толыбаев совхоздың аға прорабы, келін Бақытжан Елеусізова сол совхоздың мал дәрігері екен. “Жар-жар” айтылып ақсақалдар, әжелер мен бірге жас жұбайлар “Ақ отауға” кірісімен неке қио рәсімі басталды. Қоғамның алқа мүшесі Бәдірленов Рашид ағамыз, екі жастың нексесін қызып, ақ батасын берді. Содан кейін ән мен күйге, биге жол ашылды. Тау суындағы ағыла төгілген ән-күйлер кешке дейін бір толастамай тұрып алды.

Осындай жастардың үйлену тойымен ашылған “Ақ отау” “Қазақ тілі” қоғамының мәдени орталығына айналды. 3-4 жылдай мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымызды қайта тұлетіп, ұмытыла, ұмыттыра бастаған рәсімдеріміз, салт-дәстүрлерімізді қайта дамытуға мүмкіндік алдық.

“Ақ отауға” “Келіндер сайысы”, “Әжелер жарысы” сияқты шаралар мен бірге ұлттық қол өнер көрмесі, қазақтың дәм-тағамдар түрлерінің байқауы, т.б. өткізіліп жүрді. 1932 жылы аштықтан бақылық болған қандастарымызды жыл сайын еске алып, сталиндік репресия кезінде жазықсыз атылған бауырларымызға ас беріп жүрдік. Содан ақшаның құнсыздануы, халықтың еңбек, зейнетақыларын айлап-жылдан ала алмай қиналуы кезінде “байтал түгіл бас қайғы” дегендей бұрын өткізіп

жүрген шараларымыз тоқтап қалды. Кейіннен “Ақ отауды” “өзін өзі ақтамайды, халық аз келеді” деп жалға алушылар (“Озерный” совхозы, “Прибрежный” қожалығы, кафе “Рузар”, Сарсенбиноң ЧП) ұзақ пайдаланбай айнып кете берді де, үкімет 1998 жылы сатып жіберді.

Совхоздар тарамай тұрғанда, демеушілерді тауып қоғамды қаржыландырумен бірге “әртүрлі мәдени шаралар” өткізген кездеріміз де болды. Әрине бұл шараларды мәдениет департаментімен (Лапухин В.П., Балмұқанов А.К.) бірігіп өткізіп жүрдік. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары, тәуелсіз ел болуымызben байланысты шығар, бүкіл Республикалық мәні зор іс-шаралар көп өткізіліп тұрды. Соның бірі 1992 жылдың қыркүйегінің аяғында өткен Дүниежүзі қазақтарының 1 құрылтайы болды. Бұрын халық шаруашылығының көрмесі болған, бір шетімен бір шеті ат шаптырымдай кең алаңда 19 ауыл орналасқан. Ол кездे 19 облыс еді ғой, әр ауылда он шақты киіз үй, оның 5-6 қонақ үйлері, олар үй-іші жиňаздарымен жабдықталған.

Мұнда әр облыс шет елден келген қазақтарды қабыл алғып, әңгімелесіп, тамақ ішіп жайланаудың отыруға арналған. Әр “ауылда” құрылған алтыбақан, әнші, биші, күйшілеріміз өнерін көрсететін шағын сахына. Біз де қонақ қабылдадық, біздің облыс үйімдестіру комитетінің ұйғаруымен Түркиядан келген ағайындарды қарсы алды.

Тимирязев ауданынан апарған сегіз қанатты киіз үй байқауда 4-ші орын алды. Комиссия төрағасы Өзбекәлі Жәнібеков біздің облысқа кілем тапсырды. Жиырма шақты ауылдан 4-ші орын алуымыздың өзі аз олжада емес еді. Ол үй жиňаздарымен Монголиядан келген оралман ағайындардікі болатын.

Құрылтайдың алғашқы күні опера және балет теат-

рында ғылыми-практикалық конференция өтті, “Ата тарихы туралы сыр” деген тақырыпта баяндаманы Манаш Қозыбаев жасады. “Куат күшіміз бірлікте” Сұлтан Сартаев, “Ата баба мұрасы” - Өзбекәлі Жәнібеков қосымша баяндамамен шықты. Үлкен мерекелік концерт болып, еліміздің маңдайға басар жүлдyzдары өнер көрсетті.

Сейтіп, бүкіл дүние жүзі қазақтары ата-мекендеріне келіп, бастары қосылып, бабаларының зиратына барып, дұға оқып, ойларында жүрген армандарын орындаап қайтты. Бұл да еліміздің тәуелсіздігінің арқасында. Келесі жылдан бастап шет елдегі бауырлар ат басын Қазақстанға қарай бұра бастады, көпшілігіне ой салды.

1992 жылы желтоқсанның 13-16 күндерінде Алматы қаласында тағы бір тарихи маңызды оқиғаның күесі болдық. Қазақстан халықтарының бірінші форумына қатыстық. Үлкен бір мерекеге айналған бұл шарага облыс әкімі В. Гартман өзі бастаған делегация құрамында ұлттық мәдени орталықтың басшылары, “Қазақ тілі” қоғамынан Н. Болатбаев екеуміз болдық. Барлығы жиырма шақты адам.

Аэропортта бізді қарсы алған сол кездегі бай алпауыт мекеме болып саналатын материалдармен жабдықтау министрлігінің екі бірдей басшысы (министрдің орынбасарлары) қарсы алып “Қазақстан” қонак-үйіне алып келді. Қонақ үйге келе жатқанда Нікең:

-Қосай, екеумізге бір бөлме аларсың, - деді.

-Ніке, менің жеңіл-желлі қорылым бар, шыдасаңыз орынды бір бөлмеден алайын, - дедім әзіл-шыны аралас.

-Ондай жаяу қорыл бізде де бар, қорықпа ала бер, - деді.

Делегаттарды орналастыру мәселесімен Е. Викторов айналысатынын білем, оған Нікеңнің тілегін айтып едім, ол қағазына қарады да:

- Проблем жоқ, сіздерді 7 қабатта 8 нөмірге жазып қоюйпсын, - деді.

Бөлмеге орналасып, жуынып, таранып болмай-ақ Б. Исенов келді де:

- Қонақ үйдің екінші қабатындағы ресторанға жүрініздер, - деп қолды-аяқты жерге тигізбей асханаға алып барды. Барсақ Гартманнан (ол бір күн бұрын кеткен) басқалары жиналышп қалыпты. Тамақ ішіп болған соң нөмерімізге келіп мұздатқышты ашсақ іші қазы, қарта, қымыз, арақ-шарапқа толып тұр. Нікең:

- Бұл шіркіндердің бұнысы несі, нөмерден шықпай ішіл-жей берсін дегені ме, біз Алматыға қызық көреміз деп келген жоқпыш ба? деп біраз бұрқырап алды да:

- Қосай, бағдарламаны алып қарашы осы екі-үш күнде қандай шаралар бар еken?

- 13 желтоқсан қонақтарды қарсы алу, тіркеуден өту, - деп салдырата жөнелдім. Бүгін кешке театрларға билет бар еken. Мысалы, опера және балет театрында “Қыз Жібек” ...

- Тұра тұр, бүгін әлгі жігіттер тауға апарамыз, сонда қонақасы береміз, министр Тұрапов өзі келеді деген жоқ па еді. Қыын болды-ау, қайда барамыз?

- Дәмнен үлкен не бар, әрине тауға барамыз, - дедім мен.

Жәрайды, ертең не бар еken?

- Ертең сағат 10-да Министрлік өздеріне шақырып отыр. Акт залында кездесу, Н.Тілендиевтің оркестрінің күшімен концерт.

- Сағат нешеде еді бастықтардың қабылдауы?

Ол, сағат 15-те ғой.

Депутаттарды С.Әбділдин, Е.Асанбаев біздерді, ардагерлерді, әйелдерді Федорова, жастарды Тасмағанбетов, кәсіподақ мүшелерін Мұқашов қабылдайды еken деп айтып бердім.

-Ал, үлкен тойға тікелей қатысы бар шаралар қалай?

-Ол, бірінші, 15 желтоқсан күні сағат 16-18-де Республика сарайында еліміздің тәуелсіздік алғанына бір жыл толуына байланысты өтетін салтанатты мәжіліс. Одан кейін еліміздің өнер шеберлерінің қатысуымен болатын концерт. Екінші, Республика алаңында сағат 10-ға белгіленген митинг.

Тағы бір мерекелік шара спорт сарайында өтетін театрландырылған қойылым міне 3-4 күнге арналған мәжілістер мен шерулер, - дедім.

Бұл қағаздағы жоспарланған шаралар тізбегі ғой, ал көзben көріп, құлақпен естіген ұлы дүбір мереке көріністерінен алған әсерімізді сөзben айтып жеткізу қыын. Қайда барсаң да, кімді көрсөң де көздерінен нұр ойнап, езулерін құлкі жэйлап алған, Абайдың дастанындағыдай, жүрттың бәрі көнілді.

“Еліміздің нарықтың құрсауынан шыға алмай, бүтінгісі ауыр, келешегі бұлыңғыр заманда бірінен соң бірін (қыркүйек айының аяғында өткен дүние жүзі қазақтарының құрылтайын айтады) қаржыны шашып, той өткізіп жатқаны не?” деп күнкілдегендер болды. Ал бүгін ойлап отырсақ, көп ұлтты ел екенімізді ескермесек, қылышын жалаңдатып көшеге шыққан казактардың қылыштары-на мән бермесек, Супруньюк сияқты содырлардың қылмыстық істеріне көз жұма қарасақ, Қазақстанның келешегі не болар еді? Еліміздің басына бұлт үйірліп, аңдамай айтқан бір сөзің, ойланбай басқан бір қадамың қаулаған өртке айналу қаупы мүмкін кезде осы шаралардың өзі баға жетпес саяси роль атқарды ма деймін. Қарабахтағы, Молдавиядағы, Грузиядағы, Ресейдегі, т.б. елдердегі лаулаған өртті төгілген қанды қандай қара-жатпен өлшеуге болады, алтынмен орны тола ма?

Кешкі қонақсыздан кейін көбірек ұйықтап қалған жастарды оятып, таңғы тамақ ішісімен министрлікке алып барды. Кездесуде Министрдің өзі, біздің делегация атынан В.Гартман, Н. Болатбаев екеуі сөйлеп қысқаша ел жағдайын, облыстың түрмис-тіршілігінен хабар берді. Содан кейін Тілендиев оркестрінің күшімен бір сағаттық концерт болды. Тұsten кейін біз, Нікең, Хмара үшеуміз Е. Асанбаевтың (ол кезде вице Президент болатын) қабылдауында болдық.

Келесі күні Балуан шолақ атындағы үлкен спорт сараяна бардық. Бұл даладай далиып жатқан кең сарайда өткен ғасырдың алпысынышы жылдарында болғаным бар. Хрушевтің кезінде ауыл шаруашылығы туралы республикалық жыны болып совхоз директорлары, колхоз басқармалары, партия ұйымының хатшылары 4 мындей адам қатысқан еді. Сахнасының өзін бүтін ел көшкендей кеңейтіп жіберіпті. Жүргізушінің саңқылдаған үні мен музыканың әуені естілісімен 19 облыстан келген бишилер тобы мың бұралып, жұз тербеліп шыға келгенде сахнаға сыймай кетті. Еліміздің өнер санлақтары, ауыл таланттары қатысқан театрландырылған қойылым еліміздің тарихынан сыр шерте отырып, көп ұлтты қазақстанның келешегі бірлікті, ынтымақтастықпен өмір сүруде деген ой концерттің басынан аяғына дейін қылаң беріп отырды. Эр облыс өз жұлдыздарын, өнер шеберлерін апарады ғой. Біздің облыстан таңдау Айсина Ботакөз басқарған "Қызылжар" ансамбліне түсіп еді, сенімді ақтады. Олар сахнаға шығып билегенде халықтардың, көрермендердің қол соққан ілтипаты өзгеше болды.

Кешкे Министр тағы өзі қатынасып, таудағы резиденциясында екінші рет қонақасы берді, мереке құрметіне деп, ескерткіш ретінде сый-сыяпташ жасады.

Келесі күні, республика сарайында тәуелсіздігіміздің

бір жылдығына арналған жүртшылықтың салтанатты жи-налысы болды. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев баян-дама жасады. Мерекелік үлкен концерт болды. Мәжіліс аяқталысымен біздің жерлесіміз, Алматының мемле-кеттік политехника институтының ректоры академик Еренғайып Мәлікұлы Шайхутдинов біздердің бір то-бымызыға (өзі білетін адамдарға) Медеу маңындағы бір ресторанға апарып қонақасы берді.

Желтоқсанның 16-сы тойдың соңғы күні Республика алаңында шерумен, лек-легімен келген демонстранттар алаңға толыш кетті. Митинг болды. Митингіні ашып, сөз сөйлеген Президенттен басқа да 4-5 адам халықты құт-тықтап, тәуелсіздігіміздің баяндылығы туралы лебіз білдірді.

Осылай мерекенің дүрілдетіп өткен 4 күні де аяқта-лып келеді. Біздің қонақжай министрлігіміздің басшыла-ры: үйлеріңізге Алматының шаң-тозацын апарасындар ма? Соны ойлап елге қайтудың алдында жуынып, шәйі-ніп алсын деп “Алмарасан” моншасымен келісіп қойып едік, - деп, бізді түгел құрамымызбен моншага алып бар-ды.

Бұрын, Колбин кезінде, “керексіз ғимараттар” тізімінде болып айғай шығарғанын естігеніміз болмаса ішіне кіріп көрмеп едік, өйткені бағасы удай дейтін. Енді міне кереметін көріп тұрмыз. Әсіресе Нікеңе ұнағаны кіші залдың ортасында орнатылған жерден жарты метр-ден артықтау биіктікте кісілердің жатуына лайық дөңгелек қызған тас қондырғы. Соған жамылғы төсеп Нікеңді жатқызып массаж жасағанын көргенде өзінде ләzzат алып тұрғандай сезінесің.

Сол күні, 17 желтоқсанда кешкі рейспен үйге келдік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бізде де үлкенді кішілі той-мерекелер болып өтті. Сәбиттің, Фабиттың

100, И.Шуховтың 90 жылдығы. Бұлардың ішінде Сәбенің өзі көзі тірісінде өткізіп, машиқтанып алған той дайындаушыларға көп қындық тудырмайды. Ал Мағжанның жүз жылдығына дайындық жұмыстары да, өткізу де қынырақ болды. Белгіленген шаралар да ауқымды еді. Дайындық жоспары 1991 жылы үкімет қаулысымен бекіп, қаржы бөлінген.

Басты шаралар ретінде белгіленгендері: Петропавл қаласында ақынның ескерткіш-мұсінін орнату. Оның орны белгіленіп, шешім шықпай-ақ Мағжан алаңы деп аталып жүрген. Ақынның туған жерінде (алғашқыда Сартомарда болсын деген пікір болған) Мағжан атындағы сөвхоз оргалығында екінші ескерткіш қою да жоспарда бар. Республика бойынша Мағжанның төрт томдығын шығару да үкімет шешімімен жазушылар одағына тапсырылған. Облысқа жүктелген шаралар Сартомар аулында Мағжанның мұражайын ашу, ол үшін мектептің қасынан 4 бөлмелі мұражай ғимаратын салу, мәдениет үйін пайдалануға беру, мешіт үйі құрылсының аяқтау, совхоз оргалығынан Сартомарға дейін 15 шақырым грейдер құм-тас жолын салу, т.б. шаралар мен санитарлық; ауылды көркейту ағаш отырғызу, әрбір үйді майлап, қоршауын сырлау сияқты мәселелердің уақытында жүргізілуін бақылау. Осы арада Гартманның табандылығын, іскерлігін айтып кетпей болmas. Мағжан тойына бір жылдай қалғанда жума сайын лездеме өткізіп, кімге қандай тапсырма берілді, оның орындалуы қалай? Енді алдағы жетіге кімге, не жүктеу керек. Соның бәрін мұқият тізіп, уақытында орындалуын талап етіп отырды. “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы да лездемеге қатысып, өзіне жүктелген шаралар туралы есеп беріп отырды. Бізге тапсырылған жұмыс көлемі де ауқымды болатын. Мағжан окуын жүргізу, Мұшайра, ақындар айтысын ұйымдастыру (әрине мәде-

ниет басқармасымен бірге) оқушылар конференциясын, дөңгелек стол, т.б. шаралар өткізу де біздің мойнымызға жүктелді. Қоғам бұл тойға қаржылай да өз үлесін қости. Мешіт үйі тойдың бет ашары сияқты болды, оның ашылу митингісінде ежелгі дәстүр бойынша қоғам да бір түкті кілем сыйға тартты.

Айтыстың бас жүлдесі кілем жабылған арғымак “Қазақ тілінің” қаражатына алынған болатын. Қоғамның тәрағасы бас жүлде арғымакты айтыстың жеңімпазы Баянғалиға тапсырды.

Бұл тойда мен бел шешіп бір жерде отыра алмадым. Өйткені Алматыдан келген қадырлы қонақтардың ішінде халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының Президенті Әбдуали Қайдари мен вице-президентіміз Әмірзак Айтбаев бар болатын. Оларды қарсы алудан бастап самолетке отырғызып жібергенше күтіп, қызық көрсету менің міндетім. Сондықтан қонақтар қайда барамыз десе болды, мен үшін заң. Айтыс бітіп, бір үйге (жағалай тігілген киіз үйлер ауыл-ауыл болып орналасқан) кіріп барсақ Тимирязев ауданының ауылы екен. Бізден бұрын келген екі-үш қонақ қызара бөртіп шай ішіп отыр. Біз кіріп келгенде үй иесі мен төрде отырғандар менің қонақтарыммен түрегеп амандастып жатыр. Қақ төрде отырған ұзын бойлы, дene бітімі солдаттай сыптығыр, ақ сары шашын қарсы қайырған кең маңдайлыш ақсақал онша қозғала қоймады.

Таныса келе, білгеніміз бұл кісі қарағандылық белгілі жазушы, Сталиндік репрессия құрбаны Жайық Бектұров деген ақсақал екен. Жасы сексеннің сенгіріне шықса да өңін бере қоймаған. Жүзі жылы адам екен, өзі де әңгімеліл, әмірде көргені де көп, 18 жыл айдауда болған тарихы да бірнеше кітапқа жүк болатындей. Әбекенмен бұрыннан таныс екен шүйіркелесе кетті. Бір кездे Жақаң Мағжан туралы әңгіме бастап кетті. Сөздің майын тамыза, ер-

тегідей еліктіре айтқанда жалықпай тыңдай бергің келеді.

-1938 жылы, - деді Жақаң әңгімесін әріден бастап, - “Лениншіл жас” газетінде редактордың орынбасары болып жүрген едім. “Халық жауларына іш тартады, шығармаларын оқиды, басқаларға айтады” деген желеумен қызметтен босатып жіберді. Біраз уақыт жұмыссыз жүрдім де, құдай онда, “Социалистік Қазақстан” газетіне журналишы болып орналастым. Көп кешікпей Жамбыл облысы құрылды да, облыстық газетке бас редактор етіп жіберді. Мұнда көп істей алмадым, соғыс басталып кетіп, әскерге алындым. Онда да журналистшілар керек еken, мені сол Жамбыл қаласында құрылған ұлттық атты әскер дивизиясының газетіне редактор етіп тағайындауды. Бір күні Ташкентте, Орта Азиялық соғыс округында өткен редакторлардың кезекті жиналыс-семинарынан Ташкент-Новосибирь поезымен, үйге (Жамбыл қаласы) оралдым. Жамбылға келіп, вагоннан түсे берсем жиенін сағынған нағашысында мені 3-4 адам күтіп алды. Вагоннан түсіріп алған “нағашыларым” облыс прокурорының қолы қойылған ордерді көрсетті де, Жамбыл қаласының ішкі түрмесіне алып барды, сонда қонып шықтыйм. Сол күні үйді тінтіп барлық кітаптарымды, жолдас-жоралармен жазысқан хаттарымды, қолжазба материалдарымды, өлең, әңгімелерімді түгел жинап, капқа салып, алып кетіпті. Келесі күні бізді поезбен Алматыға алып барды. Сегіз айдай тасқапаста, басқа да “халық жауларымен” бірге Виноградов, Дзержинский көшелерінің қылышындағы НКВД-ның түрмесінде болдым. Оның үш айын ВМН-ға (высшая мера наказания) іліккендерді қамайтын түрменің бір бөлігінде өткіздім.

Әкелген күннен бастап күндіз тергейді, тунде тергейді, әсіресе ауыр тиетіні таң ата қалжырап енді көзің

іліне бергенде оятып, тергеушінің бөлмесіне апарып қи-
найды. Адамды есендіретіп тастайтын үйқысыздық екен.
Адам мәңгүрт болып ес тұzsіz, үйқылы-ояу қалыпқа
түсетін де үйқысыздықтан. Мәңгүрт демекші бір кино-
фильмде соғыста тұтқынға түскен жауынгерді күн ыс-
тықта басына қарын кигізіп күні бойы далада байлап ұста-
ғанын көрсөтті. Күн көзінің ыстығы қарынды кішірейтіп,
құрыстырғанда темір құрсаудан да мықты болса керек.
Бірнеше күннен кейін әлгі жауынгер аты-жөнін, туған
жерін, сүйген жарын, ата-анасын да танымайтын халге
жетіпті. Жәкеңнің әңгімесі бойынша НКВД-ның тозағы,
әсіресе үйқы бермегеннен көрген көресіні әлгі жауын-
гердің азабынан кем болмаса керек.

-Сондай халге жеткен адам, - дейді сөзін жалғастырған Жәкең, - өзін-өзі қаралап, өзіне-өзі кінә іздел, болмаған қылмысты істерді мойынына алып, тергеушінің айыпты-қағазына қол қоя салады екен. Мен де екі қылмысты мойныма алдым. Бірінші айыбым, 1937-38 жылдары ұсталған республика басшыларын, өнер қайраткерлерін “халық жауы” дегенге сенбедім. Бұл енді шындық еді. Екінші қылмысым: Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев сияқты Алаш азаматтарын жақтадым, жаным ашығаны рас деп жазып бердім. Бұл да шыным, бірақ тергеушіге айтатын шындық емес еді.

- Кой, енді қысқарта айтайын, бұл өзі бітпейтін жырғой. Сегіз жыл түрмеде, 10 жыл айдауда көрген азабымды жастарға бермесін.

1958 жылы толық ақталған соң, сол кездегі жазушылар Одағының бастығы Ғабит Мұсіреповтің бүйрығымен Қарағанды облысаралық бөлімшениң жауапты хатшысы етіп тағайындалдым.

Бұл бөлімшеге Қарағандыдан басқа Жезқазған, Ақмола, Қекшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары

кіреді. Бірде облыстарды аралап жергілікті ақын-жазушылармен кездесіп, хал-жағдайларымен танысуға ниет қылдым. Іссапарды Солтүстік Қазақстан облысынан бастамақ болдым. Қасымда осы облыстың тумасы, соғыс кезінде Түркстан легионында ма, әйтеуір немістерде тұтқында болған. Сол үшін кеңестер түрмесінің де дәмін татқан ақын Хамза Абдуллин бар. Соғыстан бұрын Грузиндердің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” дастанын қазақшага аударған адам. Өзі осы төңіректі Булаев (қазір Мағжан Жұмабаев) ауданын, Омбы облысын бес саусағындай біледі. Хамзадан Мағжанның туыстарынан, оны билетін кәрікөз қариялардан кімдер бар еken? - деп сұрасам:

-Мағжанның інісі Сәлтай мен Мағжанның жұбайы Зылиқа. Олар осы Булаев ауданында тұрады, - деді. Сонымен, әуелі Сәлтайдың үйінде болдық. Мағжан өзі 5-6 ағайынды болған гой, солардың репрессия кезінде сотталғандары бар, жан сақтап басқа республикаларға көшіп кеткендері бар, ел ішінде жүргені осы Сәлтай ғана. Өзі сөзге сараң кісі еken. Айтқандайын, бұл да 1952 жылы сотталып, бірер жылдан соң ақталып шығыпты. Мағжанның әдеби мұраларынан ештеңе сақтай алмапты.

Аудан орталығынан 25 шақырымдай жердегі Қарақоға совхозына бардық. Омбыға баратын үлкен жолдың үстінде. Зылиқа апайды Хамза жақсы біледі еken. Бұрын да мұнда бірнеше рет болған көрінеді. Мениң Мағжан мен Зылиқа апайды бір рет көргенім бар, ол 1937 жылы күзге қарай еді. Соны айтып апайдың есіне түсірдім. Қыркүйек айының ортасы, Жұмағали Саин екеуіміз осы күнгі коммунист көшесі бойындағы үлкен ресторанға барып сыра ішіп отыр едік, Жұмағали менің аяғымды басып қалып, “сыртында отырған Мағжан Жұмабаев деген үлкен ақын”, - деп сыйырлай қойды. Мойнымды бұрып қарап

ұлгердім. Екінші рет қарау ұят. Барып сәлем беруге бата алмадық. Біздің мұндай халге түскенімізді сезді ме, Мәкең өзі орнынан тұрып бізге келді. Біз медресенің шәкіргіндегі орнымыздан атып тұрып, қолымызды қеудеге қойып, басымызды ііп тағызым еттік.

-Қарағым, сен Есмағанбет емессің бе? деді Жұмағалиға қарап.

-Жоқ аға, мен Жұмағали Саин боламын, - деді.

-Сәкен қайда еken, естіп білмедіңдер ме? деп сұрады.

-Демалыста жұр деп естіп едік, - деді Жұмағали.

Бар болғаны осы. Мағжанды бірінші және соңғы көруім. Есте қалған осы естелік туралы Зылиқа апайға айтып бердім. Әрине, Мәкендермен бірге отырып әңгімелесуге арты не болады деп үндеместерден қорыққанымыздан емес, өзіміздің ұяңдығымыздан болды. Рас, егер бірге отырып бір шиша сыра ішсек кейін: “халық жауымен” бірге болдың деп тағы бір статиясын жабуы мүмкін. Бірақ, біз оны ойлаған жоқ едік, Ұлы ақынның қасына баруға бата алмадық.

Әңгімeden әңгіме шығып, Зылиқа апайдың өз ел-жұртын сұрай бастасам, ауылда болып шықтық. Апайдың эке-шешесі мен тұған Ақмола облысының Алексеевка селосының қасындағы ауылдан еken. Бізben көршілес Сарт ауылы деген болды. Қазактарға онша ұнамайтындары көбінің көздері көк болатын. Қызылжарға сауда саттыққа жиі барып тұрады, ондағы татарлармен қарым-қатынастары берік, тіпті құдандалы, ілік-шатыс болып келеді

Жайланаңып отырганнан кейін Мағжан жайын сұрадым.

-Іздестіріп, қуынып жатырсындар ма?

Куынып хат жазудан менің тәжірибем бар ғой. Сонымен сол арада Н.Хрущевке хат жаздық. Сондай арызды (көшірмесін) жоғарғы Кенеске жібердік. Осы хаттардың

нәтижесі болу керек, 1960 жылдың бас кезінде 4-5 айдан кейін Мағжан ақталды.

Хат жазып болғаннан кейін, екінші шаруамызды айттық, ол ақынның шығармалары туралы болатын. Зылиқа апайда ондай көп материалдар жоқ екен. Барының тізімін алғып, келешекте Мағжан мұрасын бірігіп іздейтіп болып келістік.

Зылиқа Москва, Ленинград, Ташкент, Орынбор, Қызылорда қалаларында болды. Мен Алматыда, Қарағандыда Мағжанды көрген, өлең-поэмаларын жақсы көретін адамдармен кездестім. (1960 жылдары аз да болса, ондай адамдар бар еді). Архивтерді сауып жүрген ғалымдармен байланыс жасадық. Фабит ағамыз жеңгесіне Тимирязев көшесінен екі бөлмелі пәтер алғып берді. Айна 40 сом пенсия тағайындалты. Бірақ астынан су шыққандай апамыз 7-8 жылдай тұрды да Алматыдағы пәтерін Қызылжарға айырбастап, елге қарай көшіп кетті. 1985 жылы Қызылжардың Мир көшесінде тұратын апамды соңғы рет ізден барып жүздестім. 1959 жылғы алғашқы кездесуден кейін ара-қатынасымыз үзілген жоқ еді. Ол кісі Қарағандыға келіп жүрді, мен Алматыға барғанда ол кісімен кездесіп жүрдім. Бірде Зылиқа апай Мағжанның 1923 жылы соңғы рет шыққан кітабын көрсетті. С.Қожановтың алғы сезімен ашылады екен. Одан басқа Мағжанның бірталай дүниелерін жинастырыпты. Мен бұрын келгенде солардың біразын көшіріп алғанмын. Одан бергі, кейінгі кезде қолға тұскендерін көшіріп әкеп беремін деп сұрап алдым.

Сол 1961 жылдың басында Мағжан туралы көлемді мақала жазып, оның жарияланбаған шығармаларын жазушылар Одағына апарып Олжас Сүлейменовке бердім. Бірінші болып Қарағанды облысының газеті “Орталық Қазақстан” газетінде “Тоқсанның тобыры” поэмасын бастырттым. Ал, осы той болып жатқан Сартомарға үшінші

рет келуім. 1985 жылы әдейі арнап мына Сасық көлде болып бір аралына дінгек орнатып, оған ақынның туған жері деген сөздер жазғыздым, бүгін машиналардың легінен қалып қоятын болған соң, бұрылайық деп айтпадым, - деді Жәкен.

Өмірдің аңы-тұщысын бірдей татқан, көргені де, естігені де мол ақсақалымыз бірде қазақ әдебиетінің алты бірдей алыптарымен бірдей үзенгілес болғанын, Алаш көсемдерінің біразынан сабак алғанын жыр-ғып айтады, Жәкенің әңгімесін сол күні түн ортасына дейін тындағы. Сартомардың мектебіне қонып шыққан қонақтарымды таңертен тамақтандырды да Қызылжарға бет түзедік. Басқа қонақтар да сол күні үйлеріне қайтпақ болатын. Біз облыс орталығындағы аэропортқа келсек, жеңіл машиналар қаптап түр екен. Бізде қонақтарымызды ұшақтарына отырғызып Алматыға шығарып салдық.

“Қазақ халқын тойшыл халық” дейді. Шындық болу керек. Біздің қазақ дүние жинамаған, “малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы” деп, тіршіліктің әр күнін бағалай білген халық. Сондықтан да баланың туған күнінен бастап, шілдехана, бесікке салу, тұсай кесер, сұндет той, т.б. деп оның әр кезеңін той ретінде атап отырған. Тіпті, бақылышқа аттанған ел ағасы адамдардың бір жылдығына ас беріп, дұға оқытудың өзінде күрес, бәйге сияқты шаралар өткізіп тойға балаған.

Сондықтан болар, тәуелсіздік алысымен ел бастаған көсемдерді, ердің құнын бір ауыз сөзben шешкен шешендерді, ақыық ақындарды, ел қорғаған батырларды еске алып ас бере бастадық. Той қылып та өткізіп жатқанымыз рас.

Бірақ, “ораза намаз тоқтықта” дегендей халықты қарық қылар деп үміттенген нарық алқымнан алған кезде той өткізу де сирей бастады.

Нарықтың айналып өтпейтін кесепаты бізді де аяған жоқ. Еліміздің, тіліміздің тәуелсіздігі үшін, қайтеміз, шыдадық. Нарықтың экономика жағдайында бұрынғыдан көптеген бұқаралық мәдени шараларды өткізуден қала бастадық. Зейнет және еңбек ақыларын ала алмай отырған халықтан мүшелік жарна сұрауға дәтің бара ма? Тілдер туралы заң жарыққа шығып жер-жерлерде, “Қазақ тілі” қоғамы құрылып, бұқаралық әлеуетті күшке айналып қалған едік. Енді, міне, қаражатсыз қанаты қылған құс сияқты ұша алмай, мамырлап қалды. Дегенмен, соның өзінде атқарушы билік басындағылар қоғаммен санасатын. Әсіресе ұлт мұддесіне байланысты мәселелер туралы ақылдасып отыратын. Облыс әкімі қайсысы болмасын мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған “Қазақ тілі” қоғамының іс-әрекеттеріне қолдау жасап келеді. Қалада, аудандарда қазақ тілінде білім-тәрбие беретін бала-бақша, мектептер ашу туралы қоғамның ұсыныстары ес-керусіз, елеусіз қалып көрген жоқ. Сол әкімшіліктің қолдауы, көмегімен ұлттық мәдениетімізді жандандырып, әрі қарай дамыту бағытында ауқымды шаралар белгілеп, іске асырып отырдық. Қазақтың өзіне тән өнерінің бірі айтыс жылда өтетін болды, дәстүрге айналды. “Қызыны”, “Жігіт сұлтаны”, “Келіндер жарысы”, т.б. ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді дамытуға арналған шараларды жиі өткізіп тұрдық. “Оттан да ыстық Отаным” фестиваль-байқауы 1992 жылдан бері үзбей өткізіліп келеді. Қазақтан басқа ұлт өкілдерінің ұлттымыздың өнерінен, ән-күйінен, шешендік сөздерінен өткізілетін бұл байқауға республика қызығушылық танытып, 2003 жылды Астана жүртшылығына өнерлерін көрсетіп қайтты. Биыл басқа ұлт өкілдерінің қазақтарға тұрмысқа шықкан келіндердің жарысын өткіздік. Мұнда ерекше қойылған мақсат - қазақтың әдет-ғұрып, салт дәстүрін, тілін,

өлең, әндерін менгеру деңгейін сарапалау-бағалау болатын.

Оқу орындарында ұлттық салт-дәстүрімізді жастардың бойына дарыту үшін “Қазақ тілі” қоғамы, оның ақсақалдар алқасы да аз тер төккен жоқ. Тіркеуден өткен, заньды өз алдына дербес ұйым болмағанымен ақсақалдар алқасы айына бір рет жиналып, қазақ мектептерін ашу, жастарға тәрбие беру, тіл дәрежесін көтеру, дінге бетбұрыс жасауға үағыздау сияқты мәселелер төнірегінде ақыл қосып, ой бөлісіп отырды. Бірақ, ұлағатты сөзімен, үлгі берер ісімен елді аузына қаратқан парасатты қариялардың арасында бірен-саран жұдышықтай жұмылып жұмыс істеудің орнына қоғам басшыларының іс-әрекетін сынға алған болып, өтірік пен өсекті жұндай тұтіп, бұра тартып жүргендегі де болды. Қарсыластарымыздың (экстремистер) жапқан жаласына, жаққан күйесіне бойымыз үйреніп алғандықтан ба, әлде көзбе көз, ашық аланда айтысып-тартысып жүргендіктен бе, олар не айтып жатса да жүрек сыздата қабылдай қоймайтынбыз. Ап басқан ізінді андып, сүрінер сәтінді күтіп, мысық тілеу арамдық-пен күн кешіп жүргендердің арамыздан шыққаны қын екен. Білмесе де білгіш боп, көрмесе де көргіш боп, өзі ақылға жарымай жүріп жөн айтқысы келіп тұратынын қайтерсің. Ондайлар жақсыларға ере алмайды, ілгері кеткенді көре алмайды. Осындай ішіне пышақ айналмайтындар туралы бір мысал есіме түсіп отыр. Алла тағала өзінің жаратқан бір құлына мейірімі түсіп: жарқыным, бір тілек тіле, қабыл етейін - дейді, әлгі қуанып кетеді. “Бірақ - дейді Алла, - сен не сұрасан да орындаимын, сонымен бірге саған не берсем, көршиңе екі есе көп беремін.” Соны айтқан кезде қазағым қызғаныштан өліп кете жаздайды да: “Ей, Алла, берерің рас болса менің бір көзімді ойып алшы,”- депті. Сондағы жаман ойы: “Мен, алтын сұрасам маған бір дорба алтын берсе, көршіме екі

дорба беріп қояды ғой,” деп қызғанғаны екен. Осындағылардың ағайындары, үрпактары қазір жок деп кім айта алады.

* * *

“Қазақ тілі” қоғамының бел шеше кіріскең мәселе-лердің бірі онамастика, Қазақстанның өз өлкесіндегі тарихи атауларын қайта қалпына келтіру. Ежелгі қазақтың жер атаулары елді-мекен, өзен-су аттарының шұбарла-нып, не басқа атаумен картаға түскені белгілі. Әр елдің атадан балаға мирас болып келе жатқан атаулар халықтың қазнасы. Олар кездейсоқ қойыла салған атаулар емес, әрқайсысының тарихы бар. “Қалмақ қырған”, “Ордабасы”, “Абылай алаңы”. “Кенесары ұнгірі”, т.б. Осы си-яқты ғасырлар бойы қазақ халқының өзінің ат қойып, ай-дар таққан есімдерін ғылым тілінде әндөнимдер дейді.

Бұған біз құрметпен қарап мұра ретінде бағалай білуіміз керек. Ауыл-село, елді-мекен, жер-су аттарын өзгерту патша үкіметінің Қазақстанды отарлау кезеңінен басталады. Александр III-нің генерал-губернаторларына 1894 жылы жазған құпия хаты бар. Онда “Ресейдің отарға айналған елді-мекен атаулары дереу орысша қойылсын!” деген бұйрық берілген. Осылай бір ғасыр бойы қатпарланып қалған тоңды небары 10-15 жылда шешу оңай емес. Сонда да оң өзгерістер барын жокқа шығаруға болмайды. Бұрын облысымызды қазақша аталатын жалғыз ғана аудан болатын. Қазір 13 ауданның (Тимирязевтен басқасының) аты қазақша. Осы өзгеріс оңайлықпен бола қойған жок. Мысалы, аудандарды ірілендіру кезінде Соколов-Бескөл, Жамбыл-Преснов, Ленин-Москва аудандары біріgetін болды. “Қазақ тілі” қоғамының алқа мәжілісінде осы мәселе туралы ақылдаса келе облыс әкіміне, облыстық мәслихатқа өз ұсынысымызды жолдауды ұйғардық. Біздің ұсынысымыз: Соколов-Бескөл

аудандарын біріктіріп, атын Қызылжар ауданы деп, Ленин-Москва аудандарын Есіл, бұрынғы Преснов-Жамбыл аудандарын Жамбыл деп атап туралы еді. Әкім бұл ұсыныстарды түгел қолдағанымен, мәслихат біздің екінші ұсынысты қабылдамай “Есіл” ауданы дегенді “Ишим” деп қасарысып отырып алды. Амал жоқ, мемлекеттік ономастика комиссиясына біз өзіміздің атауымызды, олар өз ұсыныстарын жіберді. Мәселе, екі әріптің өзгеруінде емес. Қазақстанда Торғай өлкесімен одан да ері өңірден бастау алатын өзеннің аты Есіл, оны басқыншылар “Ишим” деп шубарландырып жіберген ғой. Біз соны түзегіміз келеді, оларға солай қисық жазылғаны керек. Біз өз пікірімізді онамастика комиссиясына ғана емес, “Ана тілі” газетіне де жарияладық. Ақыры республика қолдап, облыста Есіл ауданы пайда болды. Бірақ, Жамбыл-Преснов аудандарын біріктіріп атын Жамбыл бабамыздың есімімен атайдық деген ұсынымызға келіссе де әкімшілік аудан орталығын Пресновқа етіп белгіледі. Біз Благовещенка селосын ұсынып едік.

Онамастика мәселесінде де біз текетірес қарсылыққа кездесіп кейбір ұсыныстарымызды күштеп өткізіп жүрсек, қайсы бір пікірлеріміз далада қалып қоятын. Мысалы, қазақ әдебиеті алыптарының бірі, академик-жазушы жерлесіміз Ғабит Мұсіреповтың есімін Қызылжар қаласындағы бір көшеге беру туралы ұсынысымыз қалалық мәслихатта 5 жыл бойы дұрыс шешімін таппай келді.

Онамастика комиссиясының кезекті мәжілісінде “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы классик жазушымыз Ғабенің 95 жылдығына орай бір көшенің атын беру туралы ұсыныс жасап, сонымен бірге қаланың бас көшесі Ленин проспектісінің атын өзгерту керек. Ол бұдан былай “Достық” - деп аталсын дегенде, Ушков (бұрын музейдің ди-

ректоры болған) сияқты шовинистер шоқ басып алғандай шар ете қалды. “Егер Ленин көшесін өзгертер болсақ, көше аты Вознесенский болады, ол осы проспектінің тарихи атауы” деп айтуы мұн екен, комиссия мүшелерінің көбі соны жақтап шыға келді. Ұзақ дау жанжалдан кейін, ақылға салып, біз зайдірлы қоғамбыз, оның өзінде бір конфессиялық мемлекет емеспіз, христиандардан басқа, мысалы, ислам дінін ұстағандар аз ба? Неге христиан дініне байланысты Вознесенский атауын бас проспектіге береміз, халық қалай түсінеді? дейміз біз. Ақыры көпшілік дауыспен ономастика комиссиясында ұсынысымызды өткіздік. Сөйтіп, біз бұған алданып жүргенде, қалалық мәслихат “Қазақ тілі” қоғамынан ешкімді шақырмай (біздің ұсынысымызды қарап отырғой) мәселені сессияда қарап жіберген. Габит Мұсірепов туралы ұсынысымыз ақша жоқ деген сұлтаумен күн тәртібіне де кіргізілмепті. Ал Ленин проспектісі туралы Ушковтың ұсынысын қабылдапты. Оған таңдануға да болмайды. Қалалық мәслихаттың 25 депутатының біреуі ғана қазақ болатын. Алқажиын (бюро) мәжілісін шақырып ақылдасып едік, көпшілік сотқа беруден басқа жол жоқ екенін айтты. Сауатты зангер жігіттерге арызымызды жаздырып сотқа барсақ, арызымызды қабылдамайды. Қоғамдық ұйымнан мұндай арыз қабылданбайды екен. Мәслихат шешімін өзгерту үшін, оның (қаулының) жеке азаматтың, азаматтардың құқығына, мұддесіне қайши келетінін дәлелдеу керек, - дейді.

Сөздің қысқасы арыз жеке адамнан түсуі керек. Бұл бізге қыын емес. Қоғам құрылғаннан бері тіліміз үшін күрестің алғы шебінде жүрген, журналшы Қошан Қалиевке мән-жайды айтып едік, келісе кетті. Сотқа арызды Қалиев атынан жазып қайта апардық. Көп кешікпей сотқа шақырылдық. Біздің жақтан Қошан, облыстық “Қазақ

тілі” қоғамының тәрағасы, облыстық “Солтүстік Қазақстан” газетінің екі тілшісі: Әмір Есқали, Зейнолла Әкімжанов.

Мәжілісті ашқан сот тәрағасы соттың құрамымен таныстырыды. Қандай сұрақтарың бар дегенде Қошан: “Сот орыс тілінде жүрсе маған аудармашы керек, - деді. Қошан орыс тілін бір сыйырғы жақсы біледі. Бірақ, біріміздің біріміз толықтыра отыруға қолайлы, бір бас емес қой, - деп ойладық.

-Оған рұқсат, өзініздің ұйғарған адамыңыз бар ма? дегенде:

-Бар. Мен облыстық “Қазақ тілі” қоғамының тәрағасы Қосай Әбдірахмановты ұсынамын, - деді.

-Жақсы, сот қабыл алады, - деді де іске кірісті. Екі жақты тыңдал болған соң, сот үш күнге үзіліс жасады. Өйткені әкімшілік атынан сөйлеген қалалық әкімнің орынбасары В.Шишацкая мәслихаттың шешіміне қарсы хаттар түсіп жатыр, - деп хабарлаған еді. Мәслихат хатшысы Н. Күшталова да: бізде Алматы-Шымкенттегі христиан діни басшылары көшениң “Вознесенский” деп тарихи атауын алғанын естіп жедел хат жіберген екен, бізге де түскен хаттар бар, - деп, ол да бір жағынан шыға келді.

-Ендеше хат бола ма, не басқа іске қатысы бар құжаттарыңды үш күнде жинап әкеліндер, - деп судья үзіліс жариялады.

Біз де мекемелерден, жеке азаматтардан, әсіресе сол көше тұрғындарынан хат жинауға кірістік. Жеке азаматтардан “Достық” көшесі болсын деген басқа ұлт өкілдерінен де қол жинадық. 3-4 күннен кейін сот өз жұмысын жалғастыруды екі жақ та өз пікірлерін дәлелдеп жатыр. Біздің пікірлеріміз салмақтырақ шығады. Біраздан кейін мәслихаттықтар (олар он шақты адам, біз төртеу-ақпыш) аудармашыны өзгерту керек. Ол Қалиев айтпаған-

ды айтып отыр. Қалиев екі ауыз сөз айтса, Әбдірахмановтың аудармасы 10-15 мин созылып жатады, - дейді.

-Біз олай болса сот мәжілісін мемлекеттік тілде жүргізуі талап етеміз. Сіздер Плеваконы (орыстың атақты қорғаушысы) тірілтіп әкелсендер де қарсылық жоқ - деді Әбдірахманов. Мәслихаттықтар сасып қалды. Олар мұндай қарсы ұсыныс болар деп ойламаған екен. Сот процесsei қазақша өтсе олардың ұтылатыны сөзсіз.

Сот біраз пікірталастан кейін “Әбдірахмановты” ауыстыруға негіз жоқ, - деп шешті.

Әрине, мәслихаттың шешімі өкімзорлық, зайдарлы қоғам құрамыз деп жар салған ел, бас көшесін Вознесенский даңғылы деп христиандар дініне байланыстыра ма? Ел не дейді, халық не дейді?

Екіншіден, ол көшеде христиандар ғана тұрмайды ғой, басқа дінді ұстағандардың пікірі қалай? Оны да зерттеген кісі жоқ. Ертеректе, қазан төңкерісіне дейін осы көше бойында мешіт, еврейлердің синогогы болған.

“Қазақстан Республикасы әкімшілік территориялық құрылымы туралы” Заңның 13 бабы, оның 4 тармағы өрескел бұзылғаны тайға таңба басқандай көрініп тұр. Мәслихат шешімінің жобасы алдын ала, сол көше тұрғындарының талқылауынан өту керек еді. Ол болған жоқ. Газет, теледидар да үнсіз қалды. Сонда да мәслихаттың осындай қайшылыққа толы асығыс алынған шешімін бұзу бізге оңайға түскен жоқ. Сағыздай созылған сот мәжілісі екі айдай болып, 1-ші шілде күні үкім қабылдады. Онда: “қалалық мәслихаттың 1997 жылғы 27 ақпан күнгі Ленин көшесін Вознесенск даңғылы деп атап туралы шешімі Заңсыз деп танылсын” дедінген. Бірақ даурықпа демократияның дауылпазы Нина Күшталова атала сөзге тоқтайтын, Заңға бағынатын, елді сыйлайтын адам ба? Осы шешім қабылданғанына бір жұма да өтпей

5 шілде күні кезексіз мәслихаттың сессиясын шақырып, 27 ақпан күнгі шешімін қайта қарап, кейбір сөздерін өзгерткен болып, ал Ленин көшесі туралы шешімдерін қайта бекітіпті. “Шешінген судан тайынбас” деген біз тағыда сотқа барамыз: Бұл қалай? Соттың шешімін белден басатын кім ол? Күшталованы жөнге салатын кісі жоқ па?

Қалалық сот біздің істі тағы бір айдай егжеттегі жайғасынан кейін мұқият қарап, 1997 жылы 1 шілдедегі үкімін қайта бекітті. “Ақтың ісі жақ” деген бір жылға созылған қалалық мәслихатпен айқасымыз сәтті аяқталды. Осы істі қараушы соттың төрайымы Елена Тагировна Масюкке алғысымызды үйіп-төгіп беріп жатырмыз. Шыныңғында, сот қазақ болса ұлтына бұрды деген сөзге қаламыз ба деп, Масюкті таңдал алған өзіміз едік. Және кейбір сары ауыз балапандарымыз, өздерінше әділ болғансып ауа жайылып кететіндері болады. Осы жолы, соңғы сотта Елеманов деген жігіт “Қалиев неге мәслихаттың шешімін сотқа береді. Ол ең әуелі қала әкімі Ходеевті сотқа беруі керек еді,” деп шатасты.

“Сонымен әділдік женді, мәслихаттарға сабак болатын болды,” деп бәркімізді аспанға атып жүрсек, онымыз ақырғы айқас болмай шықты. Қалалық мәслихаттың хатшысы Н.Күшталова соттың соңғы шешімі дұрыс емес деп, облсотқа шағымданыпты. Оны біз білген жоқ едік. Сол жылғы 20 тамызға бізді облсотқа шақырады. Белгіленген уақытында жетіп бардық. Барсақ, облсот біздің көше туралы ісімізді қарайды еken. Қалалық мәслихаттың 25 депутатының облсотқа 22 келіпті. Олар алдын ала іс қаралатынын біліп, сақадай сайланып келген түрі бар. Сот мәжілісінде судья екі жақты тыңдал алды да, ертеңгі сағат 10-ға дейін үзіліс жариялады. Үзіліс үкім дайындауға керек еken. Саяатты, масаның тұмсығы өтпейтіндей,

әр сөйлемі жұп-жұмыр болу керек қой. Ертеңінде сағат 10-да тағы да жетіп бардық. Соттың үкімі оқылды. Мәслихаттың Ленин көшесін “Вознесенский даңғылы” болсын деген шешімін бұзды. Индустримальный көшесіне Габит Мұсіреповтың, Рабочая көшесіне Павел Васильевтің атын беру туралы шешімдерін Занды деп тапты. Сөйтіп, 4-5 жылдай шешімін таппай келген екі түйін де шешілді деп екі езуіміз екі құлағымызыға жетіп қуанышымыз қойнымызыға сыймай жүрсек, Ленин көшесі туралы мәселеге әлі нүкте қойылмапты. Көшені Ленин “бабамыздан” босатқанмен, “Достық даңғылы” болсын деген ұсынысымыз мәслихат мәжілісінде өтпей қалыпты. Сөйтіп, көше бар, аты жоқ, пікір таласы қайта басталды. Біздің қарсыластарымыз көше атын саясаттандыруға болмайды деп қасарысты. Біз: “Достық деген саясат емес. Саясат болса да қасиетті ұғым - мәңгілік” дейміз. Осылай текетіреспен жүргенде мәслихат сайлауы болып көкезу депутаттар кетіп, парасатты адамдар келіп жақсы болып қалды. Сол кезде облыстың әкімі де ауысып, жаңа тайғындалған Даниял Кенжетаевич Ахметов екі жақты да келісімге келтіру мақсатымен көше атын “Конституция даңғылы” болсын деген ұсыныс жасады да депутаттар да, біз де қабыл алдық. Шынын айтсақ, бұл атау да көптің көңілінен шықты деп айта алмаймыз. Осы дау-дамайдың арқасында 4-5 жыл бойы шеше алмай келе жатқан: Петропавл қаласының бір көшесіне Габит Мұсіреповтың атын беру мәселесі шешіліп қалды.

“Қазақ тілі” қоғамы көше, алаң аттарын тәртіпке келтіру мәселесімен ғана айналысқан жоқ, елді-мекен, жерсу аттарын тарихи деректерге сүйеніп бұрынғы қалпына келтіру үшін де тер төгіп жүрдік. Бұл мәселеде тек ғана экстремист, шовинистермен ғана емес, өз қандастарымызбен де тіл табыса алмай еңбегіміз зая кетіп жүрді. Бір

ана мысал келтіре кетейін. 1991 жылдың күзінде, қар әлі ұспеген уақыт Возвышен ауданының (кейін Булаев ауданымен бірікті) Қарағанды кеңшарына жолымыз тусе қалды.

“Ауылын көріп, азаматын таны” дейді қазақ. “Қарағанды” жалгер кеңшары - облысқа ғана емес, республика танымал, бетке ұстар шаруашылықтың бірі. Жері дүйнегінде, егіннен жыл сайын жоғары өнім алады, малыңды, желіндері жер сызған сиырларынан сүт бұлақшағады.

Адамдары еңбек сүйгіш, өз істеріне мығым, ұйымыл. Бір қараған адамға ел азаматтары да халық мүддегін өз мақсатынан жоғары санайтын, ұлт тағдырына, келебегіне үмітпен қарайтын білікті де білімді сияқты жерінеді.

1991 жылы астанамыздан Куаныш Сұлтанов, Әбіш Кеңілбаев бастаған еліміздің бір топ зиялды азаматтары облыста болып Возвышен, Булаев аудандарының тұрғындарымен кездесті. Соның бірінде “Қарағанды” кеңшарының Батыр Баян атын беру туралы мәселе қойған екен. Құлакты елең өткізген бұл ұсыныстың дұрыстығының ірден анғарған Әбіш Кекілбай Баян батыр туралы жиғалған адамдардан кімнің не білетінін сұрай қалғанда, сұрағылып шығып, батыр туралы мәлімет бергендер болапты. Осы әңгімені естіген біз “Қазақ тілі” қоғамының аудандық ұйымының тәрағасы Өстеміров Жексембай шарқым, облыстық қоғамның тәралқа мүшесі Қайролла Иұқанов және мен - үшеуміз сол жылдың күзінде “Қарағанды” кеңшарында болдық. Шындығында Батыр Баяндың 1,5 мыңға жуық ұрпақтары осы шаруашылықта тұрағы екен, олардың бүрінғы жүрті сол маңда, өздері колюздастыру кезінде үш ауыл (Аралағаш, Үш қызыл, Жаңықұл) болып отырған. Қазір ол ауылдардың жүрті ғана

қалған, келешегі жоқ елді мекендердің тізіміне ілігіп, халқы совхоз орталығына еріксіз көшірлген.

Мұнда біздің ең бірінші кездескен адамымыз кеңшардың бұрынғы басшысы Иосиф Иванович Миллер еді. Бұл кісі ауыл шаруашылығы экономикасын жетік білүмен бірге, халықпен ортақ тіл табуға шебер, білімді басшылардың бірі болатын. Осы шаруашылықты 30 жылдай басқарған адам. Біз “айран сұрай келіп, шелегінді жасырма” дегендей, осы шаруашылықтың атын өзгерту туралы пікір бар екенін, сол туралы халықтың, өзінің не ойлайтынын білгіміз келетінін айттық.

Иосиф Иванович мұндағы ұсынысты өз қарабасының қызу қуаттайтынын айтып, ақсақалдарды, кеңшар басшыларының біразын жинап беруге келісе кетті. Бір-екі сағаттан кейін мәдениет үйіне 50-60 шақты адам жиналды, көпшілігі қазақтар. Біз келген шаруашызыды айтып Батыр Баян туралы мағлұмат бердік. Жиналысты жүргізіп отырған Назаров Мәлғаждар, сөйлеген ауыл ақсақалдары, Әлназаров Жұмабек, Бексұлтанов Айдар, Сәрсенов Айдарбек те, темір тұлпар жүргізуши Назарбеков (есімін жазып ала алмаппын), тіпті басқа үлт өкілдері мектеп директоры А.Ф.Вакиши, зейнеткерлер А.И.Спирко, ел ағасы И.И. Миллер тағы басқалары “Қарағанды” кеңшарының қазір жалгер кәсіпорнына айналуына байланысты Баян Батырдың атын беру лайықты және мұның өзі осы кезде оңай шаруа екенін айтты. Дегенмен, біз бұл игілікті істің ат үсті шешілуі орынсыз екенін, оны қалың елге жеткізіп, көпшіліктің пікірін дайындал, ұйымның жалпы жиналысында қаралып шешілуі керектігін қадай айтып, түсінік берген болатынбыз. Соңан соң, И.И. Миллердің ұсынысымен 7 адамнан (Назаров М., Самыраторов С., Әлназаров Ж., Вакиши А.Ф., Назарбеков З., Мищук З.С., Төлөгенов К.) жалпы жиналысты дайындау тобы құрылды.

Енді сол жағдай не болды дейсіз ғой? Бір ай өтті, жиналыстан хабар жоқ, екі-үш айды да, жарты жылды да артқа таstadtық, кеңшардан хабар болмады. Жыл басында біз сол ауылға қайта баруға мәжбүр болдық. И.И. Миллер зейнеткерлік демалысқа шығып, ата-бабасының мекені Алманияға да барып үлгеріпті. Жаңа келген бастық бұл мәселеден хабарсыз еken. Қазір әртурлі әңгіме өрбіген. Аудан басшыларының айтудынша, жергілікті тұрғындардың ішінен жік шыққан. “Баян уақтың батыры болса, біздің қарауылда да Төлеген деген ер болған, бұл ұйымға соның аты лайық” деп бір топ адам Баян есіміне қарсы болыпты - мыс. (Бұл кеңшардағы қазақтар әр рудан, соның ішінде қарауыл, уақ тайпалары барын кейін білдік). Міне осы таласты пайдаланған басқа ұлт өкілдері: “Егер арендалық кәсіпорынның атын өзгертсек, оған бұрынғы кеңшар директорының атын береміз” деген ұсыныс жасап жүрген көрінеді. Олар тірі адамның атын шаруашылыққа беру еліміздің Заңына қайши келетінін сірә білмейтін болуы керек. Сонымен, қарсыластардың, әсіресе басқа ұлт өкілдерінің тілге тиек етері: “Баян деген кім? Қазақта қолдан жасаған батырлар көп, біз олардың тойын өткізіп, тарихқа атын қалдыру ниетіндегі шаруалардан қалжырадық” дегенді айтады еken. Бұл арада басқа ұлт өкілдеріне кінә да жоқ, өз туғандарымыздың әкесінен арғы тарихты білмейтін тоғышарлығы қатты қинайды. Халық қамын, ұлт тағдырын, ойлайды-ау деп сеніп жүрген осы шаруашылықтың басшылары қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанды да оқымағаны ма деп ойласын.

“XVIII ғ. қазақ батырлары туралы тарихи аныздар (предания)” деген еңбегінде ол: “Абылайдан: үш жұздің батырларының ішінен көбірек ұнататыныңыз кімдер-деп сұрағанда: Батырларымның ішінен бәсентиіннен шыққан Малайсарыны байлығы, ерлігі және соған тән мінезін

ұнатамын, ал ақылына батырлығы сай уақтағы Баян бәрінен де биік тұр”, - деп жазған еді. (Ч.Валиханов, Избранные произведения, 1955 г. стр.124) Тым болмаса бұл шаруашылықтан Тәттіқара ақын мен Үмбетай жыраудың жырларын естіген адамның табылмағаны мәдениң.

**“...Өзге батыр қайтса да
бір қайтпайтын
Сары менен Баянды
айт уақтағы”**

(Тәттіқара“Ай, заман-ай, заман-ай”, 70 бет)

**“Қарақерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгөнбай.
Сары, Баян мен
Сағынбай,
Қырман па еді жауынды
Қуантпап па еді қауымды
Ұмыттың ба соны,
Абылай?”**

(Үмбетай “Ай, заман-ай, заман-ай” 79 бет).

Әрине көпшілік қауым, Мағжанның “Батыр Баян” дастанын соңғы жылдарға дейін естімей, оқи алмай келді. Ал көкірегі ашық, көнілінде сәулесі бар ұлтжанды адамдар республика баспаларында кейінгі жылдарда газет-жорналда басылған ұлы жерлестеріміздің бұл еңбегін “Ленин туы” газеті де басқан болатын

Оқымауын немен түсіндіруге болады? Осы дастанда Баян Батырдың Ер Кекше, Ер Қосайдың нәсілі екені де айттылады ғой. Онда:

**Алашта ертеде откен
екі арыстан**

Ер Көкше, Ер Қосайдай
ер бола ма?
Солардың нәсілінен
Сары, Баян,
Барыстай ойран салған
сардалаға - деп келеді емес пе!

Абылай қалмақтарға қарсы шешуші құреске шығуға
бүкіл үш жүзге жар салып, әскер жинап Бурабайдың
түбінде ту тігіп жатуы тарихи шындық.

Сонда Абылайдың Қанай биге айтқаны:

“Қанайым, ойың үдай,
тілің шаян,

Амал не келген жоқ
қой Батыр Баян.

Көп жайдың албастысы,
ел еркесі,

Баянның батырлығы
алашқа аян

Баянның аруақты құр
атынан,

Көп қалмақ болмауышы
ма еді қорқақ қоян?

Наркескен, өрттей ескен,
қайтпас болат

Баянсыз қанатымды қалай
жаям?”

Әрине, Мағжан мықты үлкен ақын, тарихшы емес, “Батыр Баян” дастан, тарихи оқулық емес. Дегенмен шығарма тарихи шындыққа құрылған. Мысалы, бізге жеткен мағлұматтар бойынша поэмандың кейіпкерлері тарихи болған адамдар, Ноянның шын аты Қыстаубай, Баянның немере ағасы Сары батырдың жетінші кенже баласы. Екінші, тарихтан “ауытқу” Баян батыр Ноянды (Қыстау-

байды), оның сүйген қызын өлтірмейді, оларды Жонғарияға қашып бара жатқан бетінен қайтарып, кіші жұзге Қыстаубайдың нағашы жұртына жол сілтеп жібереді. Қыстаубай (Ноян) ұрпақтары сол Еділ бойында өсіп-өніп, өздері бір ел болып, біздің облысқа XIX ғасырдың аяғында ғана көшіп келгенін жоғарыда айтқанбыз.

Міне, осылай “екі қарға таласса бір құзғынға жем болады” дегендеге кеншардың аты Баян батырга да, Төлеген балуанға да бұйырмай И. Миллердің қанжығасына байланбақшы болып шешілген кезде шаруашылық тарап ТОО, ОАО болып кетті. Қазекенің осындай оғаш мінезіне тәнті болған басқа ұлт өкілдері айтатын көрінеді: Бірде Алла тағала дүние жүзіне жар салып, барлық ұлт пен ұлыстарға үлестіретін сыйым бар дегенде. Қазақ байғұс үйиқтап қалып, оның үстіне терлеп-тепшіп шэйін ішіп келсе құдай парасаттылықты, ақыл-ой, өнер, т.б. таратып қойған екен. Енді не берсем деп жан-жағына қара-са анандай жерде маядан шөп суыратын ілгешек жатыр екен. Соны береді. Қазекен өзінің кешігіп келген айыбын мойындау орнына: Бұл таяқты қайтемін, басқа бір зат бермейсін бе? дегенде Құдай айтыпты. “Ей, қазақ, бұл сендерге лайық; бірінді бірің тұртіп отыруға, ал шөп суыратын сағасы ілгері кетіп бара жатқанды аяғынан тартып, шалып қалуға ыңғайлы-ақ. Бар үйіңе,” - деген екен. Бірақ, битке өкпелеп тонынды отқа жағасың ба? Тіршілігімізді білдіріп ұлт тағдырына, тіл тағдырына байланысты шараларымызды жүргізе бердік. Сол кездегі түсінігіміз солай болдыма, әйтеуір ұлт мұддесіне жанай соғатын мәселе болса “Қазақ тілі” қоғамы тыс қалмайтын еді. Белсенділік танытып ұсыныс та жасайтынбыз. Тіпті Ресейдің көрші облыстарындығы қандастарымыздың тағдыры да бізді бей-жай қалдырмайтын. 1991 жылы Одақтың іргесі сөгіле бастағанда, Түменде қазақтың

мәдени күндерін өткізу туралы ұсыныс жасадық. Облыс әкімі өзі басқарып барды. 140-150 көркем өнер үйірмелерінің әнші-күйші, биши, облысымыздың жүлдышдары мен 20-25 ресми делегация мүшелері әкіміміз В. Гартманның бастауымен З күндей Түмен аймағын араладық. Түмен қаласының орталық алаңына Жамбыл ауданының шағаладай үш киіз үйі орналасқан болатын. Жағалай толған халық. Түмендіктер үйдің ішкі жасауын, көргісі келеді, қымыз ауыз тиіп, бауырсақ жеген де оларға таңсық. Мәскеудегі Ленин мавзолейіндегідей кезекке тұруышылар тізбегі келесі көшеге жетеді.

Бұл сапар тек қана мәдени күндерімен ғана шектелмейді. Құрделі экономикалық мәселелер туралы да екі жаққа да тиімді шаралар белгіленді. Кешегі тұтас бір организмдей болып кеткен мемлекет 15 отау тігіп, өз күнін өзі көре бастаған кезде жыртыла сөгілген өндіріс кешендері қираландап қалған еді. Ес жиып, енді жанжағына қараса бірінің бірінсіз күн көрісі қыын екен. Енді жамап-жасқауға келмесе де әрқайсысы өздеріне тиімді жақтарын тауып, біріне бірі қол үшін берсе, қақырайып бос қалған өндіріс кешендеріне жан бітіріп, кейбіреулерін іске қосар еді. Облыс басшылары, экономистермен бірге шаруашылық жағын жағалап жүр. Бұл экономикалық қарым-қатынастың жаңа түрі. Мұнда “аға”, “іні” деген жок. Орталықтан нұсқау, бұйрық құтетін де заман емес. Өз елінде шыққан өнімді кім пайдаланады, қызығын кім көреді? Оны да халық түгіл басшылардың өздері де білмейтін заман еді ғой. Енді басқаша.

Делегация тобындағы қазақтардың да өз мақсат, міндеті болды. Олар Түмен қазақтарымен кездесіп қауымдастық күргуга көмектесу. Кездесулер өткізіп қандастарымыздың хал-ахуалын, тұрмыс-тіршілігін білу де ойымызда бар еді. Ресми делегация мүшелері Б. Мұста-

фин, М. Қанғожин, Ш. Смағұлов, Қ. Құлетаев бeseуміз Түмен қаласында тұратын бауырлармен кездесіп, ала барған 100 шақты қазақ тіліндегі әдеби кітаптарды тапсырық, тәуелсіз елдердің төріне ұмтылған жас мемлекетіміздің алғашқы қадамы туралы баяндал бердік. Сөз соңында Түмен облысының “Қазақ тілі” қоғамын құрып, елдің беделді ақсақалы Белгібай бастаған алқасын (бюро) сайлап алды. Алқа мүшелеңері Қамбар, облыстық кеңестің депутаты Қаленов Қайнолла, т.б. жігіттер алғашқыда қоғам жұмысын қызу қолға алып еді, бір жылдастын Қамбар қайтыс болып кетті де жұмысты әлсіретіп алды. 3 жылдан кейін қоғам тарап кетті.

Ал Омбыда “Қазақ тілі” қоғамын Серікбай Тәстенов деген іскер, пысық жігіт басқарады. Өзі ауыл шаруашылығының маманы, ғалым, сол салада ғылым кандидаты. “Қазақ тілі” қоғамынан басқа “Мөлдір” деген мәдени орталық бар.

Ал Қорған облысының қазақтары ұлы дүбірді естіп жатып қалай үнсіз қалсын. 1991 жылдың аяғында осы облыстың Златоуст ауданының басшысы Аманкелді Мұсабаев пен Макушин ауданының азаматы Боранбай Бижігітов екеуі біздің қоғамға келіп қорғандық қандастарымыздың бастарын қосып бір ұйым құрсақ деген оймен, ақылдасқан еді. Біз, қоғам құрғандағы құжаттарымызды көрсетіп, жарғымызды беріп, ақыл қостық. Олар 1992 жылдың басында Звериноголово ауданының іргесіндегі “Зеленая роща” санаторийінде қазақтардың облыстық құрылтайын өткізбекші болып кетті. Бұл үлкен жиынға ауа райының қолайсыздығына (аязы боран) қарамастан 300-ден астам қорғандық қазактар жиналған еken. Қазақстан үлкен шанырақ қой; Қостанай облысынан 4-5, Солтүстік Қазақстаннан он шақты өкілдері қатынасты. Одан басқа Түмен, Омбы, Челябі облыстарынан

келген делегаттар да болды. Бәріміз де сол санаторийде орналастық. Қазаққа еттен басқа не керек, екі ту бие сойған екен, қонақтарды етке көміп тасталды. Келесі күні мәжіліс басталды. Айтпақшы, құрылтайға Қорған облысының әкімшілігінен В.Д.Уфимцев қатысты, губернатордың құттықтау сөзімен Мұсабаев құрылтайды ашты.

Мәжіліске Қорған облысының қазактары да келген екен. 5-6 адам, атаманы бар, погондарын таққан, қылыш асынған. Атаман құттықтау үшін сөз сұрады. Жалпы сезінде ілгіш болған жоқ, тек қана патша үкіметінің “қасірет белдеуін” салудағы мақсаты қазақ елін жонғарлардан қорғау еді деп түсіндірді және жонғарларды қазақтар орыс әскерінің құшімен женді -деп соқты.

Бұрын сейлем, қорғандық ағайындардың бір шаңырап астына бірігулерімен (ұлттық орталықтың аты “Шаңырап”) құттықтап қойсам да, мінберге қайта көтеріліп патшаның отарлау саясатының бет передесін ашып бердім. Құрылтайдың аяғында Қорған қазақтарының қауымдастыры “Шаңырап” деген атпен мәдени орталықтың керегесін құрды, оның төрағасы болып бірауыздан А. Мұсабаев сайланды.

Сейтіп, көрші мемлекеттегі ағайындармен аумалы-төкпелі мына заманда байланысымызды үзіп алмай, қайта нығайта түсемізбе деген ойымыз да орындалғандай.

Қазақстан тәуелсіз ел болып, өркениетті елдердің қатарына қадам басысымен шет елдегі қандастарымыз атабаба мекеніне жиі қарайтын болды. Ат басын елге бұргандардың да қарасы көбейе бастады.

Монголиядағы қазақтар көш-қон туралы Зәң шықпай-ақ, үйін жығып, жүтін артып ата-мекеніне келіп қалды. Мысалы, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың (1991-1993ж.) өзінде біздің облысқа, Тимирязев ауданына 340 отбасы (1800 жуық) қазақтар көшіп келді. Олар совхоз-

дарға бөлініп, шашырап орналасуға келіспеді, екі шаруашылыққа бөлінді.

Алғашқы келгендерге азды-көпті көмек болды. Баспа-на мәселесі шешілді, бір-бір сиырдан, 3-4 қойдан алда-рына мал салды. Бұл 1992 ж. шілде айында алынған № 578 Үкімет қаулысында көрсетілген көмектің жартысы ғана еді.

Облыстық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы мен ақса-қалдар алқасының төрсағасы Н. Болатбаев екеуіміз 1993 жылдың күзінде оралмандардың хал-жағдайын біліп жүздесуге Тимирязев ауданына бардық. Монғолиядан келген бауырлар Белоградовка деген совхозға орналасыпты. Күздін қара сүйк күндері, сабақ басталып кеткен, қыркүйектің аяғы. Қара жаңбырдан кейін жер мидай саз балшық, салынып жатқан үйлер әлі бітпеген. Халық киіз үйде отыр екен. Ең әуелі үйлерді аралап көргеннен кейін екеуіміз оралмандарды мектепке шакырып еркін әнгімелестік. Көшіп келген ағайындардың көнбістігіне таң қалдық.

Күнэра жаңбырлы күздің сүренсіз күндерінің бірі болатын, қар түсер алдындағы қара сүйк. Желдің ызгарына қарағанда бүгін-ертең қар жаууы да мүмкін. Шақат жердің топырағы қандай, иленіп аяғыңа желімдей жабысып алады. Далаға шықсаң не кирзі, не резенке етік киіп шығасың. Етік аяғыңа тығыздау болмаса бір қорыс батпақта етіктен айрыласың. Салынып жатқан үйлердің бәрі бір күнде бітпейді, құрылыш тағы бір айға созылса қандастарымыздың күні не болады. Киімдері жұқа, солтүстік ауа райына жарайтын емес.

Бірінші болып сөз алған Көкен Ақсақал Үңгіrbайұлы:

- Біз ауа райының қаталдығына шыдаймыз. Қашып-пысып, көшіп-қонып, тау асып, сайға паналап, үңгірде түнеп өмір сүрген қазақпаз. Осындағы қыыншылықтардың

боларын болжап киіз үй-төсек орнымызды ала келдік қой. Ата қоныс, бабалардың аруагы үшін неге де болса басты байлағанбыз. Біздің келген жерімізде жұмақ емес, жазы миынды қайнататында ыстық, күмді боран, қысы қатты, ұзақ болады. Үлкендеріміз шыдармыз-ау, әр от басында 8-10 баладан, көбі жас. Соларға қыын. Үкіметтің қаулысына сәйкес (VII-1992 ж № 578, 12.12.1992ж. № 1555) жәрдем ала алмай отырмыз. Көбіміз 6-8 жан бір сиырға ғана қарап қалған жәйіміз бар. Еңбекке жарайтын, тепсе темір үзетін жастарымыз, өмірі малмен өсіп келе жатқан азаматтарымыз, техниканы аттай тулатқан механизаторларымыз жоқ емес. Оларға жұмыс жоқ. Совхоздың бұрынғы жұмысшылары өздері босып жүр. Үлкен балам құдай ондал, былтыр көшіп келісімен сәті түсіп жұмысқа орналасып еді, жыл өтті, әлі кек тыын да ала алмай отыр. Мектепте сабак басталып кетті. Біздің үйден бес бала мектеп жасында, қыркүйек айы оқыды, енді қара жауын басталғаннан бері 3 немерем аяқ киімі жоқ, үйде отыр.

Туған елімізге, ата қоныс жерімізге келген жүрек лұпілі басылған жоқ. Қыншылық боларын білгеміз, - деді.

Рас, оралмандар ішінен бірлі-жарым туыстардың қыншылыққа шыдамай қайта көшіп кеткендері бар көрінеді. Бірақ, бәрі Монғолияға кетпесе керек, осы екі жылда, алғашқы келген оралмандар легі 128 отбасы болса, соның Белоградовқадан көшкені 38. Осы 38-дің Монғолияға көрі қайтқандары 6 отбасы ғана, қалғандары Қазақстанның оңтүстік аймағына қоныстаныпты.

Жиналыста сөйлеген Шекер Көкей деген қарт ана алты айдан бері зейнетақымызды ала алмай отырмыз деді. Мүгедек қызым бар. Қара суға қарап қалдық, жағдайымыз ауыр. Еңбек жасында ержеткен балам бар. Механизатор, совхозда жұмыс істейді. Еңбекақы дегенді алып көрген жоқ. Қызым 18-де, тұа сақау, құлағы кемтар, был-

тыр 1-топтағы мүгедек еді, биыл II топқа көшіріпті. Себебін білейік деп аудандық емханаға барсақ, бірде-бір қазақ дәрігері жоқ. Біздің айтқанымызды олар түсінбейді, олардың айтқанын біз түсінбейміз. Аудармашы жоқ, құрқайттық. Туган елге келіп, ана тілінде сөйлей алмай қорлық көрді деген осы.

Онбес шакты адам сөйледі. Әрқайсысы өз мұнын айтады. “Осы екі шал не шешер дейсің, іштегі шерді бір босатып алсақта бізге олжа дейтін шығар. Сонда да кездесуден бір әңгіменің шеті көрініп қалды. Кейбір басшылар: Осы сендерді кім шақырды. Өзіміз де жарымай жатқанда көш-қонды қоя тұрмайсыңдар ма дейтін көрінеді.” Оны айтатын басқа ұлт өкілдері. Орыс тілді кейбір ақпарат құралдары да келгендерге ала көзімен қарап, жергілікті қазақтар мен оралмандар арасына от жағуға әрекет жасап бақты. Мысалы, орыс тілді тәуелсіз газет беттерінде: “Монголиядан келген қазақтарға кезексіз үй береді, тегін мал бөледі, үйіп - тегіп қант пен шайды тегін үлестіреді. Ал жеті атасынан бері осында тұратын қазақтарға түк жоқ. Соларға обал ғой” деп жергілікті қазақтарға жаны аши қалатыны бар, олардың айтағына ерген бір адам жоқ. Бұл біздің халқымыздың дархан қонақжайлышы, кеңпейілділігі, бауырмалдығы екенін олар қайдан білсін. Кешегі Отан соғысы жылдарында жетім-жесірлерді, бірнеше ұлттарды кімсің демей бауырына басып төрін берген қазақтар емес пе еді.

Қандастарымыздың баяғы заманнан келе жатқан атабаба дәстүрі алыстан келген бауырларды үй тігіп қарсы алып, астына ат мінгізіп, алдына саулық салады екен. Бұл сениң бай-кедейлігіне қарамай істелетін шаруа.

Тимирязев ауданынан келісімен Нікең екеуміз В. Гартманға көргенімізді айтып, шұғыл түрде оралмандарға көмек беру шараларын белгіледік. В. Гартман әкім-

шілікке аудан басшыларын, бизнесмендерді шақырып кім ақшадай, кім киім (әсіресе күзгі: етік, пальто), ұн сияқты дүниелер жинап сәрсенбі күні Белоградовка совхозында болу керектігін талап етті. Белгіленген шаралар орындалып, әрбір отбасына 2 қаптан ұн, балаларға киім, т.б. дүниелер беріп “Монголдық” бауырларымыздың қынсыстай кезеңде бір жақсылық жасалынған еді. Қалада оқытын оралмандардың балаларына да көмек беріліп қамқорлыққа алынды. Мысалы, Петропавл педколледжінің директоры Ш. Т.Әбліғазиев 20-дан астам студенттерге ақысыз жатаханадан орын беріп, ай сайын алатын стипендия тағайыннады.

Осы жұмыстың жүргіріп жүріп ықыласымен атқарған облыс әкімінің орынбасары М. Төлебекова болды. Ол кезде көші-қон департаменті әлі құрылған жоқ еді. Қазір, енді, жыл сайын толастамай, үдерे көшкен қандастарымыздың легін бір жүйеге салып, мемлекеттік қамқорлыққа алу мақсатында Үкімет арнайы көші-қон мекемесін құрды. Шет елде қалған бауырларымыздың ат басын елге бұрып, ата-баба қонысына оралғандары қуанышты жэй. Бірақта, 3,5 млн қандастарымызды бес-он жылда көшіріп алып жағдай жасаймыз дегеніміз шындыққа жанаса қояр ма екен? Дегенмен оралмандар легін қоюлату үшін жылдан жылға квотаны көбейту, келген қандастарымызды құшақ жая қарсы алып, қамқорлыққа алу үкіметтің де, әр қазактың да борышы, міндеті деп түсінген абзал. Қазақ халқын, ұлтын кітаптан оқып білген, патшаның, Сталиннің зорлығымен жер ауып келген жат-жұрт өкілдерін де, тұтас бір халықтарды да жатырқамай құшақтарын ашып, бауырларына басып, төрлеріне оздырып құрметтеп қарсы алған еді ғой. Ал, оралмандар ата қоныс еліне, кіндік қаны тамған жеріне оралуда. Әр кезде, әртүрлі себептермен Отанынан кетуге мәжбүр болған ағайындар ұлты-

мыздың баға жетпес қазынасы - тілін, мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін шешау шығармай, қаймағынан айырмай сақтап ала келіп отыр. “Елге ел қосылса құт, елден ел кетсе жұт” деген емес пе? Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ат басын елге бұрган ағайындар легі көбейіп келетіні бізді қуантады.

“Ел іші алтын бесік” дейді қазақ. “Оттан да ыстық Отаным” дейді барлық халық. Дегенмен, қазақ халқының ұлтжандылығы, елжандылығы, Отан сүйгіштігі ерекше ме деп ойлаймын. Мен бұл арада ұлтымызды “Ұлы халық” деп дарапау үшін айтып отырғам жок. Өздеріңіз ойлаңызшы, сонау скифтер, хұндар заманынан бері ұланбайтақ Қазақстан сияқты елді азғантай (жер көлеміне қарағанда) халық қалай қорғап келді? Менімше, оның себебі бабаларымыздың Отан сүйгіштік сезімінің жоғары болғандығы. Ұлтжандылық, елжандылық қасиеттер әр қазаққа ананың ақсүтімен дарыған, туа қанына сіңген қасиет пе деймін. Көне тарихтан мысалдар келтіруге де болады.

Біздің заманымыздан екі ғасырға жуық бұрын хұндардың Тұман деген ханы өліп, таққа оның үлкен ұлы әрі мұрагері Мәде отырады. Бұрыннан көз алартып өзіне бір онтайлы сәтті тосып жүрген дунхуандардың begi (патшасы) Мәденің жастығын пайдаланып елін басып алмақшы болады. Тұман өлгенде ауыздықпен алысқан, дауылдыжелмен жарысқан аты шулы Дауылпаз деген тұлпары қалған екен. Мәденің намысына тиіп соғысқа итермелеу ниетімен хұндарға көршісі елші жібереді. Бектің құттықтауын жеткізіп, сәлемін айтып сый-сияптын тапсырғаннан кейін елшілер:

-Мәде, сізге Бек сәлем айтты. Қабыргасы қатып, бұғанасы бекімеген жас қой. Әлі талай тұлпарға мінер. Экесінің тұлпарын Дауылпазын маған берсін, экесінің

көзіндегі көріп мініп журейін. Мұндай атқа мықты тақым керек қой деген еді. Соны сізге жеткізіп отырмыз, - деді.

Мәде уәзірлерін шақырып алып ақылдасты. Олар бұл көршіміздің мазағы, оған көнуге болмайды. Сенің жастығыңды пайдаланғысы келеді. Қорқытқан түрі, - деп шулап қоя береді. Бірақ, Мәде тұлпарды бермекші болды.

-Әкендей көргенді әкеңдей сыйла деген бар. Көрші отырып сырты түк, іші боқ бір малды Бектен несіне аяйын. Әкемнің көзіндегі көріп мініп жүрсін, - деп тұлпарды елшілерден беріп жіберді. Мәденің бұл “жомарттығын” қорқақтығы деп шамалаған Бек бірер айдан кейін Мәдеге тағы елші жібереді. Бұл жолы Бектің көзі түскені Мәденің жансүйері, бауырына басқан сұлулы, елді аузына қаратқан ханшасы еді. Елшілер: “Бек сәлем айтты: Мәде жас қой, әлі талайларды құшар. Менің төрімнен көрім жуық адаммын, қойнындағы сұлуды маған қысын. Жастар, сұлудың қадірін білесіндер ме?” дейді. Уәзірлерін жинап тағы ақылдасады, олар тағы бір ауызды болып ханшаны бермеу керек, Бекті басындырғанымыз жетер деп ақыл береді. Мәде тағы керісінше істейді. Әрине Бектің бұл қысастығы Мәдеге қатты батты. Қорлық, мазақ екенін де түсінді. Сонда да сұлуын елшілерге қосып беріп жіберді.

Енді Мәденің мысын басып тұқыртып алдым, елін шаппай-ақ жерін қанжығама байлайтын болдым деп асып-тасқан Бек үшінші рет елші жіберуге дайындалады. Мәде де қарап жатпайды. Жер-жерлерде көршілеріне білдірмей жасақ құрып, бір тәуліктің ішінде жұз мың әскер жинайтын болады. Соғыс тәсілдерін үйрену ауыл ауылда дайындық жұмыстарын күні-түні жүргізеді. Елшілер үшінші рет келеді. Бектің талабын жеткізеді. Олар мынандай сәлем әкеліпті: “Хан ордасы (Мәденің) биыл Саржайлауға қоныс аудармақшы болып көшуге дайындалып жатыр деп естідік. Биыл сіздер онда көшпе-

ніздер. Ол жайлауды биылша біз пайдаланайық. Мен сен берген Сұлумен тойымызды сонда өткізбекші едім, - деп сәлем айтыпты.

Бұл шектен шыққан қысастық еді. Мәде уәзірлерін шақырады, ақыл-кеңестерін тыңдайды.

-Хан ием, астындағы атынды, қойнындағы қатыныңды бергенде бір жайлауды, бір жылға бергеннен неміз кетеді, берейік, - дейді. Сонда Мәде: - Мен атым мен қатынымды берсем, олар менің меншігімде. Одан мен ұтылдым. Қасірет шеккен де, қиналған да, патшаның (бектің) мазағына көнген де мен. Халқым тыйиш болсын дедім. Елім өркендересін, - дедім. Күшіміз әлсіз, өз меншігім үшін елімді қайғы-қасіретке толы соғысқа дайындықсыз ұрындырмайын, - дедім. Енді мәселе басқаша. Жер менікі емес, халықтікі, жерсіз-сусыз мемлекет болмайды. Бұл жолы жауға төтеп беретін дайындығымыз да бар. Ойқырлармен (дунхуандар) соғысамыз деп елшілерді бос қайтарады.

Мәде бір-екі күнде 100 мынданың әскер жинайды. Соғысты жаздың айлы түнінде бастап мерейі тасыған, құдағын ұмытқан ойқырларды таң атқанша талқандап мол олжага кенеледі.

Міне, ел мұддесін, халық тағдырын өз қарабасының мұқтажы мен мұнданан жоғары қойған хұн елінің тәніркұты бұдан 2200 жыл билік құрган. Отан сүйгіштік, патриоттық сезімдерді осы күнгі жастарымыздың бойлауына дарыту үшін осы сияқты бабаларымыздың өмірі үлгі бола алмай ма?

* * *

“Ел тәуелсіз болмай тіл тәуелсіз болмайды” деген қағиданы жиірек айтып жүрсек те оның мазмұн-мағынасына терең үңіліп, зер сала бермеппіз ғой. 1989 жылдың

22 қыркүйегінде қабылданған “Қазақ ССР-дағы тілдер туралы” Заңның батпақтап ілгерілей алмаған себебі еліміз Орталықтың бұғауынан босанып кете алмағаны еді. Ал, енді 1991 жылы егеменді елдігімізді жария еткен кезде тіліміздің тағдыры туралы жедел түбөгейлі турде айналыса алмадық. Өйткені Қазақстан қоғамының бар саласын қамтыған терең дағдарысқа душар болды. Отанымыздың 62 тамырын бірдей зақымдаған, адам ағзасындағы (глубокий обширный инфаркт) дағдарыс деп аталған сырқат үстінде еді.

- Жан жағымыз ашық-тесік, шекарамыз белгіленбен, бекітілмеген.

- Жаңа жағдайымызға лайықты ата Заңымыз Конституциямыз болмады. Рәміздеріміздің өзі “аға” елден көшіріп алған, соның көлеңкесі ғана еді.

- Ел экономикасы құлдырау үстінде деп майдалағанмен кімді алдайсын, шындығында күйреу процесін бастаң кешіруде болатын. Бірыңғай экономикалық комплекс жойылды. Бұрын кәсіпорындардың 92 пайызы Москваға тікелей бағынатын. Петропавлдағы 6 зауыттың бәрі де отан қорғау, соғыс құралдарын шығаратын. Бірак, бір өндіріс бұйымдарын шығару үшін (егер күрделі нәрсе болса) жұз шақты зауыттардан бөлшектер алатын. Тіпті, тостаған жасау үшін, мысалы, ағашын Корелиядан, сырын Армениядан, бояуын Латвиядан алатын.

Осылай қалыптасып қалған бір организм кенеттен үзілді де, өндіріс тоқтап, жұмысшылар жұмыссыз қалды. Ал ауылшаруашылығы бұдан да жаман күйде болды, кірпігі ғана қимылдап жатты. Ауылдарды нарық дегеніңіз ұрланып келіп қойға шапқан қасқырдай үндемей келіп кириата бастады. Халық шырт үйқыдан оянғандай түкке түсінбеді. Нарықтың не екенін білмеді, дайындығы жоқ болды. Халық он-он екі ай еңбек, зейнетақысын ала алма-

ды, көп балалы аналарға, мугедектерге жәрдем уақытында төленбеді. Баға шарықтап өсуде болды, инфляция жоғарылай берді, бартер, “натуроплата” дегендер шыкты. Міне осы кезде колхоз (ұжым шаруашылығы), совхоздарды (кеңестер шаруашылығы) таратамыз; малды, ғимараттарды, техникаларды, жерді сатамыз дейді үкімет. Енді бөліске салайын десе, бөлетін ештеңе қалмапты. Мындаған мал, ондаған техника қайда? “Құмда ізі, сайдасаны” жоқ болып кеткені қалай? Жауап біреу мынандай жағдай кезінде өлімтікке үймелеген қорқау қасқырдай алаяқтар қаптап кететін әдеті емес пе?

1997 жылы Есіл ауданындағы Қаратал аулының ақсақалы Ш. Есімжанов деген кісімен кездестім. Әңгіменің төркіні мынандай:

1997 жылы Есіл ауданында милицияда істеген Темірболатов деген тепсе тәмір үзетін жас жігіт Қаратал ауылына келіп, халықты клубқа жинайды.

-Мен, - дейді ол, - осы уақытқа дейін ел ішіндегі, аудандағы ұры-қарылармен күресіп сіздердің тыйыштықтарынды қорғап жүр едім. Кейінгі кезде ауылдың ауыр жағдайын ойласам жүргегім езіле күйзеліп, тұн ұйқымды төртке бөлетін болып журмін. Ақыры, осындай қынқыстау кезінде не көрсемде елмен бірге болайын, ердін де елге керек кезі осы шығар деп, қызметімді тастап, өздеріңе қол үшін беруге келдім, - дегенде шалдардың көзінен аққан жасы көл болып кетті.

-Ердік соңынан, баста, шырағым, өркенің өссін, - деп ел қуанып қалды.

-Ендеше, - дейді алаяқ, - бәріміз бір шаруа қожалығына бірігеміз, мен төраға боламын!

-Бол, шырағым, баста бізді, - дейді халық. Келесі күні жұмысқа келген Темірболатов, “бисмилла” деп, елдегі кеңшардың барлық малын, дұрыс техникасын, қамбада-

ғы астыққа дейін өз атына түсіріп алады. Ақшаға шаққанда оншақты миллионға жетіп қалады. Жер пайын зандастыру да қыынға түскен жоқ. Құзде өнімнің 10 пайызын таратып беремін деді елге.

Темірболатов бір күні зейнеткерлерді шақырып алғып, сендер 15-20 ай зейнетақыларынды ала алмай жүрсіндер. Бұл обал екен. Мына ведомствоға қол қойындар, ақша алдық деп, мен бір айдасын биылғы астықты сатып зейнет ақыларынды тынына дейін төлеймін, - дейді. Зейнеткерлер қуанып қалады, қолдарын қояды. Бұл зейнетақы 375 мың теңге екен. Сонымен Темірболатов құзде жаңа түскен астықты сатып, техниканы сатып, малды еткомбинацияна өткізіп ақшасын алғып, зейнетақының ақшасын да қалдырмай үшті-күйлі жоғалады. Кеше бар бастық, бүгін жоқ. Из-түzsіz тапа-талтусте, Темірболатов ғайып болады.

Мұндай алаяқтар көп еді. Кеншарлар мен ұжымшарлардың бар байлығы, сөйтіп, тістегеннің аузында, ұсташаның қолында кетті. Қөпшілік елді-мекендер мен кәсіпорындарында, мекемелерде жұрт жылдан еңбекақыларын, зейнетақыларын ала алмай қара суға қарап қалды.

Кос өкпеден қысқан нарықтың дүлей күші “жабайы айырбас” (дикий бизнес) дегенді шығарды. 1 литр арак бір тоқты, әйелдердің етігі бір тайша, тон бір сиыр. Сөйтіп, ауылдағы ағайындар малынан айрылды. Сол жылдары бір оқиғаның куәсі болдым. Іссапармен жүріп бұрынғы Ленин ауданындағы Петровка селосында бажам Сәткен ақсақалдың үйінде болып, машинама қарай беттесем, көрші үйдің алдында телешкесімен бір трактор тұр. Бір қазақ жігіті шынғыртып 4-5 айлық бір торайды құшақтап алыпты. Қакпаның алдындағы бір қазақтың ақсақалына:

-Молдеке (Молдабай екен), мына торай сіздің өткен айдағы еңбек ақынызы. Торайды алып қораға қамаңыз да, маған мына қағазға қол қойып беріңіз, - дейді.

-Ой, бұл итінді мен баға алмаймын, өлтіріп алам, - деп шал азарда-безер болады.

-Онда, ақсақал еңбекақыдан күдер үзе беріңіз, - деп әлгі жас жігіт сүйген жарындай құшақтан алған торайды шынығыртып ақсақалға қарай ентелеп барады. Нарықтың қыспағы ауылдың рухани өміріне де тырнағын батырып, буындыра бастады. Енді қол салғаны мектеп, клуб, ауруханалар болды. Әр ауыл-селоларда 5-тен 20-ға дейін фермерлер шықты. Әрі әлжуаз, әрі жаңа бай бастаған байшыкештерден қысты күні қар сұрап ала аласың ба? Сөйтіп кеншарлар тарап кеткен соң мектеп, мәдени ошақтары, фельдшерлік пункттер иесіз қалды. Солтүстіктің аязына шыдасын ба? Мектептердің жылу жүйелері істен шығып, оқу-тәрбие жұмыстарын тоқтатты. Балуан мектебін реформадан бұрын, құдайдың көзі түзу кезінде салдырған едік. Құрылымы жұмысы басталар жылы мектепте 260-тай оқушы бар екен, мен 310 орындық (бір сменада) ғимаратың жобасын таңдал алыш едім. 1997 жылдың қысында келсем мектептің бір қабатын, спорт зал, акты залы, асхана, т.б. қосалқы бөлмелерді жауып тастаған, не бары алты сынып бөлмелеріне темір пеш орнатып, екі кезекте оқу-тәрбие жұмысын жүргізіп жатыр екен. Мектепті жылтатын үлкен қазандықты жарып алышты. Оның үстіне көмір жоқ. Басқа қазақ мектептерінің жағдайы да осы тақылеттес. Есіл ауданында 4-5 ауыл балаларын мұғалімнің үйінде оқытады екен.

Жұт жеті ағайынды ғой, сол 1993-1998 жылдары су қаранды күй кештік. Жарық қалада да, ауылда да өшіп қалды. Теледидар көрмейсін, көшеде түнде журмейсін. Радионың да дыбысы өшкен, құлаққа ұрған танадай, тыптыныштық орнады, өмір, тіршілік тоқтап қалғандай сезілді.

Ал мәдени ошақтардың жағдайы тіпті ауыр еді. Кітапхана, клубтар жабылып қалды.

“Қазақ тілі” қоғамының бір мәжілісінде облыстық мәдениет басқармасының бастығы Амангелді Балмұқанов өз жұмысы туралы хабарлама жасады.

-Облыс бойынша, - дейді Әбекен, - 464 мәдениет үйінің 381, 914 кітапхананың 588 жабылды.

-Кітаптарды не істедіңдер?

-Кітап ғимарат-үйімен бірге сатылады. Сатылады де-ген аты, су тегін кетеді. Мысалы, Москва ауданындағы Ақтас ауылдық кітапхана үйін, кітаптарымен қоса есеп-теп 1500 теңгеге сатыпты.

-Сатып алған кісі құдайға қараған, кітапсүйгіш адам ба екен?

-Жоқ, бизнесмен біреу екен, кітапты машинасына ти-еп, үйінің қасына апарып өртеп жіберіпті. Ел-жүрт жаға-сын ұстап, мұның не, тым болмаса мектепке өткізсөң етті, - дегендерге: “ақшасын төледім, менің мұлкім, не істесем де еркім!” деп бір-ақ қағыпты.

-Ал клубтардың тағдыры не болды?

-Клубтардың біразын фермерлер сатып алғып, астық сақтайтын склад қылыш алды. Көбі қаңырап бос қалды. Оларды күтетін, жағатын адам жоқ. Кейбір, ағаштан салынған клубтарды жаңқасына дейін тонап, орнын ғана қалдырған ауылдар бар.

-Халық театrlары бар емес пе еді, өнерпаздар топтас-кан үйірмелер не күйде?

-Халықтың жәй-күйі өздерінізге белгілі емес пе? Көзін үқалап ашқаннан түсте не жейміз деп қасқырша күні бойы жортуда жүрген халық үйірмелерінді, мәдени-етінді қайтсын.

Ауылдың көркі де көмекіленіп барады, бұрын үйлерін қоршап, сыртын майлап, қақпаны, қоршауды сырлап қоятын еді ғой. Ол қалған. Қазір бұзылған үйлер көп-ақ. Қолға ілігетін дүниелер тоналған. Жетпісінші жыл-

дардың аяғында Волгоградта болып едім. Сонда Павловтың үйі бар, оқ тимеген жері жоқ, қираса да құламаған ғимаратты келешек ұрпақ үшін бұзбай қалдырғанын көріп едік. Қазіргі ауылдардың, әсіресе мал фермаларының қаңқып тұрған қабыргасын көргенде сол Волгоград еске түседі. Бірақ, ол түсінікті, соғыстың зардабы ғой. Ал біздікі ненің зардабы?

Сол жылдары іссапармен елге шығып, ауыр оймен оралдым. Келе жатқанда мынандай жыр жолдары туындалп еді:

Қамығып қалың оймен қайттым елден, -
Қайнаған тіршілік жоқ бұрын көрген.
Қаңырап қоралар тұр, малы қайда?
Қойма бос, егеуқүйрық босып жүрген.
Емханасы жабылған, мектеп суық.
Балалар көшеде жүр допты қуып.
Кітапхана, клубы құлыптаулы
Жастар қайда жүретін сауық құрып.

.....

Тастай қатты қара наң сататыны
Нан мен сұт, тәулік бойы тататыны.
Қант пен шэй іше алмай мұрны тершіп
Осы екен үлкендерге бататыны.

.....

“Соғыста да көрмеп-ек біз мұндаиды,” -
Деп кілең қариялар зар жылайды.
Егін екпей аштықтан өлеміз ғой
Басшылар жоғарыда не ойлайды?

Үш күндересін адам тамыққа да үйренеді дейді ғой. Халық нарыққа да етене жақындаса бастады. Тіпті пайда-сын да көре бастағанда “ықшамдау” дей ме, “оңтайлау” дей ме бір пәлелері шықты. Не келсе де қоқайды әуелі қа-

зак ауылдары көретін әдет емес пе? Бұл жолы да солай болды. “Қазақ ауылдары шағын, оқушы балалары аз” деген сылтаумен екі, үш, тіпті төрт сыныпты бір мұғалім оқытатын болсын - деді. Ал, кейбір ауылдардың мектептерін жауып таставады. Сол кезде республика бойынша жабылған 335 мектептің 87-сі біздің облыстікі еді. Сергеев (Шал ақын) ауданының әкімі шеш ал десе бас алатын жандайшап болу керек, өзінің бұйрығымен 13 қазақ мектебінің 9-ын 17 аралас мектептің 5-еуін жойды да жіберді.

Ленин ауданының (қазір Есіл) Талапкер ауылынан ата-аналардың жазған хатын оқиықшы: “Орталу мектебіміз бастауыш дәрежесіне түскең соң, V сыныптан жоғары оқытын балаларымызды жаңымызыдағы орыс мектебіне беруге мәжбүрміз. Ол мектеп біздің қазақша оқыған балаларымызды бір, кейде екі сынып төмен алады. Бізді баланың бір жылы өлеңтіні ғана қинамайды, моральдық жағы қазақ мектебін бітіргендер орыстардан бір сыннып төмен оқуы ренжітеді”.

Осы “оңтайландыру” саясаты біздің “Қазақ тілі” қоғамы жанашырларының жаға жыртысуға дейін барып ашқан мектептерін жауып жатқандағы көніл-күйін көзben көрсөніз гой! Бір адым ілгері басып, екі адым кейін шеңгінген деген осы.

Әрине халықтың хал-акуалы, тұрмыс-тіршілігі тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы күресімізге әсер етпей қоя ма?

* * *

М. Горбачев “тоталитарлық үкіметті қираттық. Шынары демократияға енді қолымыз жетті” деп даурығып жүргені етпен терінің арасындағы жел сияқты бірдеме екен.

ХХ ғ. 80 жылдарының аяғында жариялышық, кімнің не істеп жүргені, қызметі теледидардағыдай халықтың

көз алдында, үлкен-кіші бастықтарды елдің өзі сайлайды. Ұнамаған күні алып тастайсың деді. Халық сәби ба-ла. Сеніп қалды. Кеңшардың, ұжымдардың басшыларын әр жерде сайлай бастады. Қырық ру ел, әр ру өз кандидатурасын ұсынды да, ауыл қырық пышақ қырқысуға дейін барды. Фасырлар бойы ру-ру боп кешіп-қонған елді, бірер жылда демократия жолына түсे қояды деп ойлады ма екен? Ал бұл қазақ ауылдарындағы жағдай. Қөпүлтты поселкаларда, қалаларда әр ұлт өз текешігін сүйрелеп кетті. Сол жылдары облыстық қеңестің төрағасы құрметті демалысқа шықты да, орнына төраға сайлау көрек болды. Мен де сол сессияға қатынастым, депутат едім. Ол кездегі тәртіп бойынша сессияның алдында коммунист депутаттарды бөлек жинап күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, егер кадр мәселесі қаралатын болса, талқылап (өмірдерегін оқып) депутаттардың сұраптараты болмаса, кім ұсыныс жасайтынын, кім ол кандидатураны қолдайтынын шешіп алатынбыз.

Бір орынға 2-3 кандидатура ұсыну деген, немесе өзін-өзі ұсыну болмайтын (әрине, оны да демократия деуден аулақпын). Бірақ бұл жолы басқаша болды. Обкомның хатшысы (партия тобының жетекшісі) күн тәртібін жариялады да, төрағалыққа сайлану үшін 4 азамат өз кандидатурасын ұсынып отыр. Қазір демократия, төртеуін де депутаттардың еркіне береміз деді.

Бәріміз залға келдік. Сессия мәжілісінің төрағасын сайладық, ол кісі божыны қолға алысымен күн тәртібін жарияладап, бекітіп алды. Күн тәртібінде бір-ақ мәселе болатын. Ол облыстық Қеңестің төрағасын сайлау. Сессияның төрағасы: бір орынға төрт талапкерлер жарысқа түспекші деді де, олардың аты-жөні, қызметі, өмір жолдарынан мағлұмат берді. Талапкерлер: Обкомның (СОКП-ның “тірі” кезі ғой) II-ші хатшысы Асылбеков

Мартай, облыстық кеңестің төрағасының бірінші орынбасары Қабиев Жұныс, облыстық кәсіподақ төрағасы Маженов Болат және милиция майоры Тарасов - деп атап берді.

Содан кейін сайлаудың тәртібін түсіндірді. Егер сайлау нәтижесі бойынша депутаттардың жартысынан көбі дауыс берген кандидат төраға болып сайланды деп есептеледі. Егер 4 кандидаттың бірде бірі 50 пайыздан артық дауыс ала алмаса сайлау қайта өтеді. Бірақ бұл турге ең көп дауыс алған екі талапкер ғана түседі еken. Сайлау басталып кетті. Біздің жігіттер үшеуі де, бірінен бірі өтеді, сайдың тасындағы, қай жағынан алсаң да, қызмет дәрежесі де, билік басында тәжірибе жинақтау жағынан да, тіпті адамгершілік қасиетін алсаң да майордан шоқтығы биік түр ғой. Ол сайланып кетер деген ой ешкімде де болмады. “Мынаған не жок, басы істемейтін біреуді құрдастары азғырды ма еken” деп те ойладық. Сонымен, екінші тур болар, оған біздің үш жігіттің екеуі өтер- деп жобалап отырдық. Сөйткенше болмай, сайлау қортындысын да жария етті. О тоба, “басы істемейді” деген майорының ең көп дауыс алып кетті, бірақ елу пайызға шыға алмады. Біздің үш жігіт майордың маңына да бара алмай қалды. Екінші турда да қарсыласынан көш ілгері алға шыққан милиция жеңіп кетті. Сөйтіп “қызыл жаға, Қызылжарда төраға” болды да шықты. Жолы болмаған жігіттердің бірі бізге ренжіп сіздер, ақсақалды ағалар, неге үшеумізді бірдей шығардындар, басқамызға тоқтау айтпадындар дейді. Бірақ, бұл арада “алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса тәбедегі келедінің” кері емес. Бұл арада сайлаушылар арасында қазақтардың азшылық (1:5) болғанын несіне жасырамыз. Екіншіден, мұндай кездерде, аға буынның “ақыл беріп”: “сен жарысқа тус, сендер тұра тұрындар” деп айтуы ретсіз. Біреу-

лерінің бағын байлағандай боламыз. Ал өздерің келісіп, біреуіңе жол беріп, қызғанышқа берілмесендер жарасып тұрар еді.

Міне, біз осындай да демократияны бастан өткізген болатынбыз.

Осы оқиға есіңе түскенде “Ақ жолдықтардың” облыс әкімдерін сайлау керек деп ұрандатып жүргенін қалай түсінуге болады. Халықтың санасы әділеттік сайлау өткізуге дайын деп ойлай ма екен. Ай, қайдам!

Осындай ел басына күн туғандай, жалпы жағдай қыл үстінде, халықтың тұрмыс тіршілігі қынданап тұрған кезде 1998 ж. облысымызға жаңа әкім келді. Кеткеннің артынан күл шашпай-ақ қояйық. В. Гартманда шамасы келгенше істеді. Бірақ, кеткеніне өкінгендер болған жоқ. Ескіге есіркей, жаңаға жатырқай қарайтын халық тосырқай қалды. Бізде дұшпанға таба, елге күлкі қылмай жұмысын алып кете алса жәрар еді деп тілейміз. Соңғы 80 жылда біздің облысты (отызынши жылдары бір қазақ байғана 1-ші хатшы болған) бірде бір қазақ басқармапты ғой. Мұның себебін кейбір басқа үлт өкілдері қазақтардың ел басқару қабылетінің жоқтығы деп түсіндіреді. Біздің бар тілегіміз жаңа келген Даниял Кенжетайұлы Ахметовтың дұрыс басқарып кетуі.

Оның үстіне жағдай шегіне жетіп, үзіліп кетуге жақын. Жалпы солтүстіктің халқы ана-мынаны елең қыла қоймайтын көнбіс келеді. Дегенмен арамызда кешегі жаға жыртысқа дейін барған экстремистер: “Қазаққа тізгін беріп қойды. Оның елді жарға жықпасына кім кепіл. Әлімсақтан бері ел басқарған, облысқа жетекшілік еткен қазақ болған жоқ” деп қиғаш салса қайтеміз.

Бірақ “жас келсе іске” деген ғой Даниял Кенжетайұлы жұмысқа бел шеше кірісіп кетті. Әсіресе, халықтың көңілінен шығып, сүйіспеншілігіне бөленуі жарық мәселе-

сін түбегейлі шешкендігі еді. Ал жаңа әкім келгенге дейін қалада да, ауылда да электр жарығынан айрылған болатыныбыз. Рухани жұдеушілікке душар болдық. Театрга ба-ра алмайсың, теледидар көре алмайсың. Радиода үнсіз. Тамақ істеп ішудің өзі сор болды, мұздатқыш жұмыс істемейді, электржүйесінде жан жоқ, үй сұық. Міне осындай жағдайдан құтқарып, жарық та, жылу да берген әкімді халық қалай хан көтермесін.

Қазақ тілі жанашырларының да Даниял Кенжетай-ұлына алғыстан басқа айтарты жоқ. Облыстық тіл комитетін Гартман жауып кетіп еді, Д.Ахметов сол ұжымды қайта құрды. Қалада 20-шы мектепті салдырып кетті.

Бірақ облыс экономикасы дамып кете алмады. Төрт тағандап жатып қалған өнеркәсіпті, тоналып тамтығы қалмаған ауылшаруашылығын төрт-бес, тіпті он шақты жылда жан бітіріп, қан жүгіртіп тірлітүге болмайтын еді. Д.Ахметов біздің облыста екі-үш жылдай істеп, артына азды-көпті із қалдырып кетті. Қазақ жігіттері де облыс басқаруға шамасы келетінін дәлелдеп берді.

Жаңа әкім болып келген Қажымурат Нагманов бұл сенімді бекіте тұсті. Еңбеккор, қажырлы, істің адамы еken. Қазақшылығы да бар. Бізге келмей тұрып Жезқазған, Өскемен облыстарында әкім болып істеген, тәжірибесі мол, халықпен тіл табысып істеуге шебер басшы еkenі бірден көзге тұсті. Қаланы көркейту, көше, аландарды тәртіпке келтіру жұмыстарына көп көніл бөлді, ауыз су мәселесін шешу мен айналысып бірталай шаралар жүргізді.

В.Смирнов туралы не айтуға болады? Келуінен кетуі тез болды. Бір жылдай ғана әкім болды. Сабырлы, биязы қыз-мінезді адам ретінде көбірек қалыпты есімізде.

2003 жылдың аяғында облыс әкімі болып Т. Мансұров тағайындалды. Алғашқыда халық біздің облысқа бірінен

соң бірі дипломаттарды неге жібереді екен. Әлде Ресеймен көрші облыс ретінде екі елдің ынтымағын одан са-йын нығайтып, достық қарым-қатынасты дамытуды көзделген саясат па екен деп қалды. Кейінірек өмірбаянымен таныссақ, ауданда да, облыста да басшы қызметте істеген, мамандығы құрылышты екен. Құрылышты екенін алғашқы күндерінің өзінде-ак дәлелдей бастады. 15 жылдай адам аяғы баспаған, қабыргалары қулауға айналған 72 пәтерлі орыстар “долгострой”, қазақтар “са-қалды құрылыш” дейтін үйді қолға алдырып, пайдалануға бергізді деп естігеніміз бар.

Бір күні ардагерлер кенсесіне бара жатсам, осы үйымның төрағасының орынбасары Еркебұлан Тасбаев қарсы кездесті. Амандақтан кейін Ерекен:

-Косеке, уақытыңыз болса менімен бірге жүріңіз, қала-мызда көп қабатты тұрғын үй салынбағанына он шақты жыл болды. Бүгін жуырда пайдалануға берілген 72 пәтерлі үйдің иелеріне кілтін тапсыру рәсімі екен. Солардың ішінде біздің бір топ зейнеткерлеріміз бар деді.

-Е, бұны бір елеулі уақыға десейші. Ондаған жылдар кезекте тұрып, пәтер алудан күдер үзген ардагерлер қалай қуанар екен, барайық дедім.

Барсақ 500-ге жуық халық жиналышты. Құтты бір мерекеге жиналғандай. Жұздері жайнап, көздері қуаныштың нұрын шашып ажарланып алған. Бір-бірімен жарыса сейлеп, кілт қолдарына тиғенін асыға құтуде. Кейбіреулері пәтерге қолдары жеткендеріне сенбейтіндей, жүрек лұпілін баса алмай тұрган сияқты. Сөйткенше болған жоқ облыс, қала әкімдері келіп қалды. Трибуна жоқ, халық алқа қотан тұра қалды. Тайыр Аймұхамбетұлы жиналғандарға арнап құттықтау сезін бастағаннан-ақ халықтына қалды. Кілт тапсыру рәсімі салтанатты жағдайда зейнеткерлерден басталды. Адам ренжігенде, қайғыр-

ғанда ғана жыламайды, қуаныш үстінде де жылайды. “Төрімізден көріміз жуық қалғанда бұл дүниеден пәтер алудан түңілген едік” деп ақ ниетті аналар, ақсақалды ардагерлер жылап тұрып облыс әкіміне үйіп-төгіп ақ баталарын беріп жатыр. Одан кейінгі кезек ұлағатты мұғалімдер мен ақ халатты дәрігерлерге келді. Бұл саладағы мамандардың да кеңес кезінде де еңбектері еленбей еңбекақылары төмен, пәтерге қолдары жетпейтін еді. Бүгін бұлардың да қуанышында шек жоқ. Кілт тапсырал алдында сөйлеген сөзінде Т. Мансұров осындағы тағы бір үйдің жоба-құжаттарын дайындалап, ірге тасын бекітіп салуға кірістік. Алла жазса биыл пайдалануға береміз. Биыл тоғыз айда, - деді әкім құрылыш үйымдарының атқарған мергерлік жұмыс көлемі 34 миллиард теңге, бұл өткен жылғымен салыстырғанда 130 пайызды құрайды.

Осы салаға 9 айда 1 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Бұл өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырсаң 4 есе артық. Облыс бойынша қазірдің өзінде 31 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың жолдауына сәйкес тұрғын үй салуға алдағы жылдары ауқымды қаржы бөлінбекші, 2005 жылы 100 мың, 2006 жылы 130 мың, 2007 жылы 160 мың шаршы метр үй салуды жоспарлап отырмыз деді.

-Жалпы құрылышқа, тұрғын үй салуға қаражатты қайдан алатынын айтпады-ау - деп Еркебұланға сыйырлай қоюым мұн екен, әкім құрылышқа жұмсалған қаржы көзі туралы айта келіп:

-Инвестицияның жалпы көлемінің 32 пайызы республикалық бюджеттен, 31 пайызы халықтың қаржылары, 16,5 пайызы жергілікті бюджеттен, ал 20,5 пайызы кәсіпорындардың қаржысы, - деді.

Сөйтіп, қала халқының еңсесін көтеріп тастаған, пәтері жоқ, кезекте тұрғандардың үмітін оятқан үлкен бір

уакиғаның күәсі болдық. Жаңа әкімнің (бір жылға дейін осылай атайды береміз фой) елге ұнаған әдеті халықпен, соның ішінде зейнеткерлермен жиі кездесуі. Үстіміздегі жылдың 9 айының қортындысын кезекті бір мәжілісінде жария етті. Әңгімесінде әлеуметтік мәселелеге баса көңіл аударды.

-Басты мақсатымыз, - деді әкім халықтың әл-ауқатын жақсарту. Әрине, ол проблема көсалалы экономиканың дамуымен тікелей байланысты. Өндіріс тоқтап қалса жалақы қайдан келеді? Халықтың кірісінің 70 пайызын ең-бекақы құрайды фой. Жыл басында жалақы орта есеппен Республика бойынша 23 мың теңге болатын, бізде 15 мың еді, қазір жыл қорытындысы бойынша 19,2 теңгеден асып түсті.

Облыс экономикасының сабасына түсіп, тұрақты дами бастауы халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау салаларына қомақты қаржы бөлуге мүмкіндік беруде. Мысалы, облыстың денсаулық сақтау саласына 5 млрд. теңге жұмсалды, бұл 2003 ж. салыстырғанда 164 пайыз.

Биыл ақысыз медициналық жәрдемнің кепілдік бөрілген көлемін қамтамасыз етуге 640 миллион теңге бөлініп отыр, бұл өткен жылғымен салыстырғанда үш есе артық. Облысымда санитарлық эпидемиологиялық қызметті жақсарту үшін ауылдарда монша салу ісі қолға алынуда (250-ден астам ауыл-селоларда монша жок).

Ал білім беру саласына бөлінген қаржы да қомақты. Биылдың өзінде тек қана оқулықтар мен компьютер, т.б. жабдықтарға 165 млн.теңге бөлінді, оның ішінде 13,5 млн.тенге электрондық оқулықтар сатып алу үшін. Біз алдағы жылы жалпы орта мектептердің 75 пайызын интернетпен қамтамасыз етуді жоспарлады.

Бұрнағы жылдары, жекешелендіру кезінде жабылып қалған, дәлірек айтсақ ғимараттары арзан бағаға саты-

лып кеткен, тіпті кейбір басшыларға тегін таратылған жүзден астам балабақшаларды қайта қалпына келтіру қажеттілігі туып отыр. Қалада 700-ден астам сәбілер бала-бақша кезегінде тұр. Биылдың өзінде облыс бойынша 13 балабақша іске қосылатын болады.

Мәдениет саласына да, - деді Тайыр Мансұров, - әсіресе, ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді дамытуға баса көңіл бөлінбекші. Қазірдің өзінде әртүрлі себептермен жабылып қалған мәдени ошактар ауыл-селоларда қайта қалпына келіп жұмыс істей бастады. С.Мұқанов атындағы қазақ, Погодин атындағы орыс театрлары күрделі жөндеуден өтті. Қаланың саябағы жаңа жоба бойынша тәртіпке келтірілмекші, - деп аяқтады әкім ақпарат-баяндамасын.

Т.А. Мансұровтың жұмыс стиліндегі бір ерекшелігі тіс батпай келген бір түйінді, проблеманы алады да соны шешудің ойға келе қоймайтын жолдарын табады. Мысалы, облысты басқару тізгіні қолына тиісімен алғашқы бір алқалы жиында әкім мемлекеттік тілдің даму барысына талдау жасай келіп, кемшиліктердің де бетін ашты. Облыстағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сапалық құрамы өте төмен екен. 1400 ұстаздың 890 ғана арна-йы жоғары білімі бар болып шықты. Ал 500 педагогтың көпшілігінің жалпы орта білімі ғана бар көрінеді, кейбіреулері басқа мамандық иелері. Әкім мектептердегі оку сапасының төмендігінің себебін ашумен шектелген жоқ, мұғалімдердің өз пәніне сай мамандар болу жолын қарастырды. Оку тәрбие жұмыстарында қол жеткен табыстары үшін қазақ тілі мен әдебиет пәнінің (кейін орыс тілі) мұғалімдеріне грант тағайындау туралы шешім қабылданады. Еңбек ақыларының 50 пайзызына тең ынталандыру грантын 715 қазақ тілі пәнінен сабак беретін оқытушылар жыл басынан (2004) алып келеді. Сонымен қатар жо-

ғары дәрежелі қазақ тілі пәнінің оқытушыларын өзімізде даярлау мақсатымен Университет жанынан тіл және әдебиет институтын ашу мәселесін шешті.

Тағы бір мысал, ол да ұлтымыздың келешегі туралы. 2004 жылдың қорытындысын сараптап отырған аймақ басшысы облыстың демографиялық жағдайының төмен екенін байқап қалады. Республика 2004 ж. азда болса халықтың өсіміне қол жеткізсе, бізде, жалғыз-ақ Солтүстік Қазақстан облысында, тұрғындар санын азайтып алыштырыз. Әсіресе бала тууы көп кеміп кеткен екен. Әкім ойланып қалды. Осы бұрын 12-15, тіпті 18 баланы дуниеге келтірген қазақ әйелдері болды ғой. Рас, сол кездегі жағдайға байланысты сәби өлімі көп болды. Киіз үйдегі қысқы суық шыдата ма, медицинаның ауыл қотанына аяқ баспаған кезі. Соқыршек, қызылша, т.б. аурулар балаларды қынадай қырды. Қазақ әйелдеріне кінә жоқ, табудай-ақ тапты ғой. Тіпті бертінге дейін күні бойы ұжымшардың сиырын сауып, үй шаруасы, балаларды бағу өз алдына. Сөйтіп жүріп 10-15 бала тапқан әйелдер дүл-дүл емес пе? Мен іссапармен өткен ғасырдың 60 жылдары Баян ауылында болдым. Сол күні елде бір игілікті ісшара өтіп жатыр екен, соған қатыстым. Ұжымшардың атақты сауыншысы, 10 баланың анасы Ұлжанға алтын алқа тапсыру салтанаты жүріп жатыр екен. Ұжымшардың клубы, халық лық толған. Ер ана сахнада бір топ басшылармен отыр. Сол кездегі әдет бойынша сахнаның сол жағында Лениннің, оң жағында Сталиннің портреттері ілінген. Бәрі белгіленген бағдарлама бойынша өтіп жатыр. Аудандық атқару комитетінің екілі алтын алқасын тапсырып, ұжымшардың төрағасы сыйлығын тапсырып апайға сөз береді ғой. Ол кісі рахметін айтып, сөзін аяқтай бергенде облыстық газеттен келген бір тілші, сұрағым бар деп қолын көтерді. Ол кезде қосымша міндеттеме дейтін болатын.

Әлгі журналист:

- Апай, қосымша міндеттеме алмайсыз ба? дегені.

Ұлжан сасқан жоқ: Оң жағына қарап:

- Жасасын Ленин бабам!

Сол жағына қарап:

Жасасын Сталин бабам!

Жаман шалым аман болса

Әлі үш-төрт бала табам! - деуі бар ғой.

Сол сияқты көсемдерге табынып та, табынбай да қазақ әйелдері балаларын таба берген. “Бұдан жаманымда да тойға барғам” деп, соғыс кезінде де бала туу тоқтаған жоқ. Міне осының бәрін ой елегінен өткізген әкім, ол кездегі жастармен қазіргі жастардың талап-тілегі бірдей емес, көбі үй-жәйларын реттеп алмай үйленбейді, үйленсе де дуниеге сәби келтіруге асықпайды. Сондықтан Тайыр Аймұхаметұлы ынталандыру шарасын қолданып, жаңа туган сәби үшін от басына 30 мың теңге (үкіметтің беретін 13 мыңынан тыс) жәрдемақы тағайындалады. Міне осындай қыыннан қыыстырып жол тауып кететін кездері барын байқап жүрміз.

Т. Мансұровты алғашқы келген кезінде кейбір республикалық газеттер теледидардан жиірек көрінеді деп жазғырды. Бұл әйтеуір бір мін табу пиғылымен жазылғаны енді белгілі болып келе жатыр. Халық әкімнің, оның орынбасарларының іс-әрекеттерінен хабардар, олардың қызметі бүкіл облыс тұрғындарының көз алдарында өтіп жатады.

Жалпы облыстағы әлеуметтік-экономикалық оң өзгерістердің тұрақты дамып отырғандығы Тайыр Аймұхамбетұлының жеке өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесі деп қараған да дұрыс болар. Сонымен бірге, Тәкеңнен бұрынғы әріптестерінің үлестеріне тиетін қомақты шаруалар тындырылғаны, бүгінгі жетістіктердің негізі қалан-

ғандығы да рас. Бірақ, Тайыр Мансұров сол дәрежеде тоқтап қалуды медет түтпады. Жарғақ құлағы жастыққа ти-мей қол жеткен жетістіктерді алға қарай сүйрей берді. Бір мысал, көршілермен үзілуге айналған байланысты қайта жалғап, облыстың экономикасын дамытуға ұтымды пайдалануы. Рас, бұрынғы облыс басшылары В. Гартман, Д. Ахметов, Қ.Нағмановтар да көршілермен қарым-қатынасты тереңдетуге ұмтылыс жасағаны белгілі. Бірақ, “ағайын бар болса бере алмайды, жоқ болса көре алмайды” деген бар. Ағайын болсаң да “берсең аласың, ексең орасың”. Ресейдің бізбен көрші үш облысын да бай өлке деп айтуға болады. Қорған облысы нарықтың қыспағынан жеңіл өтті. Өндіріс орындары тоқтаған жоқ деу-ге болады. Колхоз, совхоздары біздің қателіктерімізді (орыстар өз қателіктеріңнен үйренбе біреудің қателіктерінен үйрен демей ме?) ескеріп шаруашылықтарын талап алып жекешелендірген жоқ, техника, малдары түтел ке-зінде приватизация жасады. Ал Түмен облысы Ресейдің ең бай облыстарының бірі. Ресейдің өндіретін мұнайының 70 пайызы, газының 90 пайызы осы облыста өндіріледі.

Ал Омбы облысы да мемлекеттің ішінде мемлекет. Бұл облыстармен қарым-қатынасымыз бұрында болғанын жоғарыда айттық. Бізге олар мұсіркей қарап, сендерде не бар дейсін дегендей пікірде болды. Қазір өндірісіміз жан бітіп, қан жүгіріп жұмыс істей бастаған соң біздің облыс туралы көзқарастары түзелген сияқты.

Қазан айында Түмен облысының губернаторы С. Собя-нин бастап келген шағын делегация екі жаққа тиімді келісім жасап қайтты. Біздің ЗИКСТО, “Мұнаймаш” ААҚ, т.б. кәсіпорындары Түменнің өндіріс орындарымен бірігіп әртүрлі бұйымдар шығаратын болды. Ал, медицина саласында олардың бізге жасаған көмегі доллармен де

өлшеуге келмейді. Тек қана осы жылдың басынан түмендік кардиохирургтер туа біткен жүрек ақауы бар біздің 50-ден астам балаға ота жасады. Және ота жасау процесі жасанды қан айналымы аппаратын қосу арқылы жүргізілді. Кетерде түмендіктер осы замандағы талапқа сай мемдикалық қондырғыны облыстық балалар ауруханасына сыйға тартты.

Қазан айының 8-9-нда Қорған облысының өкілдері келді. Делегацияны Қорған облыстық думасының төрағасы В. Пономарев басқарыпты.

Жұз шақты мүшесі бар делегацияның құрамына әр саланың өкілдері кіріпті. Бізде, отыз шақты адам, қонақтарды “Жаңажол” кеден бекетінде қарсы алдық. Ұлттымыздың қонақ жай бауырмалдық дәстүрімен шәшу шәшіп, домбырамен, ән-куймен құшақ жайып жатырмыз. Біздің басшымыз облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Сүлейменов көршілерді құттықтап сәт сапар тіледі. Қонақтардың бір бөлігі, Петухов ауданының өкілдері, Мам-люткаға аттанды, делегацияның негізін құрайтын топ “Қызылжар” қонақ үйіне орналасты да, әкімнің қабылдаудында болды. Тайыр Аймұхамбетұлы облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасады. Өз кезеңінде сөз алған қорғандықтардың басшысы В. Пономарев облыс өнеркәсібінің үлкен сұранысқа ие товарларын атағанда біздің жігіттердің құлағы елең ете қалды. Мысалы, көршілер қала көшелерін тазалайтын коммуналдық машина шығара бастаған екен. Бағасы 70 мың доллар. “Көршілерге, - деді “Қорғанмаш” ААҚ-ның бас директоры, - алғашқы сатып алған машиналарын арзан бағаға беруге болады.” “Қорғансемена” ААҚ-тың бас директоры Марат Исламов әр гектарынан 50 центнерден өнім беретін астық тұқымын шығара бастадық деп хабарлады.

Кездесудің аяғында екі облыс арасындағы сауда-

саттық, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, т.б. салалардағы ынтымақтастық туралы келісімнің хаттамасына қол қою рәсімі болды.

Әкіммен кездесуден кейін екі жақтың сауда-экономикалық саласының өкілдері дөңгелек столда кездесті, екі жаққа да тиімді шарттар жасасты. Содан кейін делегация мүшелері өздерінің әріптестерімен бірге Петропавлданың өнеркәсіп кешендерімен танысты.

Атақты Г.А.Иллизаров атындағы “Травмотология мен ортопедия қалпына келтіру” ғылыми орталығы директорының бірінші орынбасары, медицина ғылымының докторы, профессор Арнольд Васильевич Попов № 2 аурухана да болып, сырқаттарды қабылдап, оларға, дәрігерлерге емдеу тәсілдерінен консультация беріп, лекция оқыды.

Біздің еншімізге тиген қонағымыз, Қорған облысының “Шаңырақ” деген мәдени орталығы басқармасының орынбасары Бісов Әсет Шәкенұлы болды. Ол өзі Петухов станциясында тұрады еken. Кәсіпкер. Негізгі айналысатын шаруасы Қорған облысының 6 ауданын көмірмен қамтамасыз ету.

Пысық іскер жігіт көрінеді. Әсепті біз екі тілде де жұмыс істейтін “Арман” балабақшасына апардық. Қалалық классикалық қазақ гимназиясын аралап, ұстаздар мен шәкіртерді жинап әңгіме-концерт өткіздік. Қазақстан халықтарының кіші Ассамблеясында болып, мәдени-ұлттық орталықтардың жұмысы туралы мағлұмат алды. “Қызылжар” мешітінде болып Жақия имаммен кездесті.

Кешке екі облыс жұлдыздарының гала концертін тамашалап, әкімнің кешкі қонақсында болып, келесі күні қонақтарды аттандырып салдық.

Ал, Омбы облысымен байланысымыз ежелден жалғасып келеді. “Қойы қоралас, малы аралас” дегендей уезімізде, облысымызда бір болған кездері бар.

Кейбір әпербақан қызуқанды қандастарымыз “сары орыстың бәрі орыс” деген ұғыммен, орыс десе испанияның бұқаларындағ (тореадор) көздері қанталап басқыншы бандиттер елестеп кетеді. Рас, патша үкіметінің, кеңестер Одағы кезіндегі Сталиннің қан-күйлы саясаттарын ақтауға болмайды. Бірақ оған қарап бүкіл орыс халқымен жауласуға бола ма? Ниеті бұзық, пиғылы жаман адамдар әр халықта да аз емес. Шынтуайтқа келсек, Омбы көптеген зиялды азаматтарымыз үшін өнер мектебі, білім бұлағы, ғылым Академиясы болды. Сонау Сегіз Септінде айтпағанның өзінде, Шоқан Уәлиханов, одан бергі Элихан Бекейханов, Сәкен Сейфуллиндердің саяси сауатын ашқан ордасы емес пе еді. Ұлы Абай неге орыстан үйрен, орысша оқы деп қана қоймай өз балаларын қала-дағы мектептерге берді. Осылай тарихқа үңіле қарасақ көрші Омбы облысына бергеніміз де аз болмауы керек, алғанымыздың да бар екенін ұмытпайық. Сондықтан көршілерімізben қарым қатынастарымызды нығайған үстіне нығайта беруден ұтпасақ ұтылмаймыз. Осыған орай, Омбы қаласының төрінде қазақ ғалымдарының көшбастаушысы Шоқан Уәлихановтың тұлғасын көрсек деген арман-ой әр саналы қазақтың көкейінде жүретін еді. Міне осы ойымыз биыл іске асты. 2004 жылдың басында Омбы қаласында Шоқан ескерткішін ашу рәсімінде сөз сөйлеген осы облыстың губернаторы Л.Полежаев: Бұл тарихи уақығаның маңызы зор. Біз бұл баға жет-пес ескерткішті қазақ халқының ұлы ғалымына ғана емес, екі елдің ортақ перзентіне орнатып отырмыз деп түсінеміз. Бұл екі халықтың достығының күәсі ретінде қабылданады - деді.

Одан кейін сөз алған Тайыр Мансұров қала, облыс басшыларына ризашылығын білдіре отырып, бұл ескерткіш Омбы қаласына Қазақстан Республикасының Прези-

денті Нұрсұлтан Әбішұлының тартуы екенін айтып өтті. Содан кейін Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Петропавл өлкетану мұрағатында екі еліміздің мызғымас достығының символы ретінде Ш. Уәлиханов пен Ф. Достоевскийге ескерткіш бетмұсін (барельеф) орнатылатынын хабарлады (кейін 2005 ж. ақпан айының аяғында елбасының қатысуымен бұл шара іске асты)

Бұл уақыға көрші екі елдің мәңгілік достығының нығая беруінің кепілі боларлық деп әкім сөзін аяқтады.

Сейтіп, көршілерімізben алыс-беріс сауда-саттық келіссөздер жасасып, екі жаққа да тиімді шарттарға қол қойылды. Әрине “алаған қолым береген” дегендегі біз де сінірі шыққан кедей емеспіз, оларды қызықтыратын төварлар бізде де бар ғой. Қазақстанның да өз байлығы өзіне жетіп артылады.

“Орнында бар оңалар” дейді қазақтар. Құдайға шүкір, жалғыз біздің облысымыз емес, бүкіл қазақ елі өрлеу үстінде. Шынын айтсақ, кешегі кеңес өкіметі құлағаннан кейін еліміздің мүшкіл халін бастап кешіре отырып, аз уақыт ішінде ес жиып осындай даму сатысына жетеміз деп ойлаған да жоқ шығармыз. Өндірістің құлдырауын, ауыл-шаруашылығының тоналғанын жоғарыда жүқалап айтқан болатынбыз. Міне, сол қыыншылықтар артта қалды десек, асыра айтқандық бола қоймас. Жағдай өзгерді, күдік сейілді, болашағымыз қайта қылаң бере бастады. Бұның басты себебі - Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауы. Еліміздің есін білген сәбінен бастап, еңкейген кәрісіне дейін, теледидардан көріп, газеттен оқыған арнауды Солтүстік Қазақстандықтардың Елбасының өз аузынан естудің сәті түсті. 2005 ж. 25-ші ақпанында облыс әкімінің халық алдында есеп беру мәжілісі белгіленген болатын. Атқарушы биліктің, ауыл-село әкімдерінен облыс басшысына дейін жергілікті тұрғындарымен кез-

десіп есеп беру туралы жолдауда көрсетілген. Нұрсұлтан Әбішұлы осы шарага арнайы келіп сөз сөйледі. Погодин атындағы облыстың Драма театрында болған бұл кездесуге біз де бардық . “Біз” деп отырғаным көршіміз Садуақасов Қайыrbай екеуміз. Бұл баяғы “Дружба” совхозында директор болып ұзақ жыл қызмет істеген адам. Совхоздарды тарату кезінде Президенттің шешімімен 20 жыл үздіксіз директор болып істегендеге шаруашылықтың мал-мүлкінен, техникасынан 10 пайыздық тегін үлес алуға рұқсат берген болатын. Қайыrbай облыстағы сол тізімге іліккен 5 басшының бірі. Қазір қалада тұрады, бірақ елден қол үзген жоқ. Балалары арқылы жерден табанын тайдыратын емес, 2000 га жері бар, жеріне сай техникасы бар.

Біз жарты сағаттай бұрын келсек те 700 орындық театр лық толған, шыбық шаншар жер жоқ, әйтеуір шақыру қағазында орын көрсетілген еken. Сол орнымызды тауып алдық.

Алдымен облыс әкімі Тайыр Аймұхаметұлы есепті баяндамасын жасады. Аймақ басшысы баяндамасын құрғақ цифrlар мен жалаң жалпылама сөзben емес, электронды диаграммалар мен таблицаларды пайдаланып, тұжырымдарын қажетті деректермен түйіндең отырды.

Жүйелі жұмыстың нәтижесінде, - деді әкім, облыс бюджетінің жоспардан тыс кірісі өткен (2003 ж.) жылғыдан 3 есе көп. Аграрлық салада да қол жеткен табыстар аз емес. 2004 ж. жалпы өнім өндіру көлемі 81 млрд.тенгеге өсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 18,7 пайызға артық.

Құрылыс, әсіресе үй құрылышы қолға алынып қызу қарқынмен дамуда. Алдағы 2005-2007 жж. Қызылжар қаласында 400 мың шаршы метрге жуық үй салынбақшы.

Сол сияқты Т. Мансұров денсаулық сақтау, халыққа

білім беру, мәдениет пен әлеуметтік салаларға көп көніл бөлінетінін, ауқымды қаражат жұмсалатынын айтты.

Мәжілісте сөйлеген Елбасы өз сезін аймак басшысының есебіне баға беруден бастады. Солтүстік Қазақстан облысы, - деді Президент - әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны бойынша озық аймақтардың қатарында келді. Сонымен бірге облыс әкімінің тұрғын үй құрылысын салудағы қарқыны, балабақшаларды қалпына келтірудегі іс-әрекеті, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдеріне грант берудегі бастамасы басқа аймақтарға үлгі бола алады - деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Содан кейін Президент өз жолдауының маңызы мен мәніне тоқталды. Жолдауды теледидардан көріп зор әсер алғанымызға қарамастан бұл жолы да ынта қоя тындағық. Эр сезі нық, дауысы орнықты, әр баптарды дәйектілікпен айтуына қарағанда Елбасының талай таңды үйқысыз атырғаның, көп толғаныстан туындаған жүрек жарды құжаты екенін аңғару қын емес.

Жолдауда Нұрсұлтан Әбішұлы нарықтық экономикаға көшу кезіндегі қындықтар мен жетістіктерімізді саралай отырып алдағы жылдары экономикалық, әлеуметтік, саяси реформаларды терендешту жолдарын ұсынып отыр. Жолдауда: біздің стратегиялық мақсатымыз-инновациялық экономиканы дамытып, бәсекеге қабілетті елдердің деңгейіне жету. Мұндай дәрежеге жетуімізге негіз де жоқ емес. Жалпы ішкі өнімнің қарқыны жөнінен Қазақстан дүние жүзінде Қытайдан кейін 2-ші орында екен. Кейінгі он жыл аралығында қазақстандықтардың орта жалақысы бес есе, зейнетақының орташа айлық мөлшері 4,6 есе есілті.

Алға қойған міндеттер де қомақты.

Мысалы, ауыл шаруашылығын дамыту үшін 2005 жылға 58 млрд. теңге бөлінген. Әлеуметтік салаға бел-

гілнген қаржы да аз емес. Көп балалы аналар мен сәби балаларға қамқорлық, оқушылар мен студенттердің, қызметкерлер мен зейнеткерлердің, мүгедектердің халахуалдарын жақсартуға қажетті қаржы өткен жылғыдан әлде қайда көп бөлінген екен.

Жалпы алғанда жолдаудың әрбір жолы, әрбір бабы қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын жақсартуына, Қазақстанның өрге басуына әсерін тигізетіні сөзсіз.

Бүгін біз басқалармен тереземіз тең мемлекет ретінде өркениетті елдердің қатарына ұмтылудамыз. Бостандықтың арайлап атқан таңы арқасында Қазақстан дүние жүзіне қазірдің өзінде танылып отыр. Егер біреу “Қазақ” деген неткен халық? “Қазақия” деген қандай ел? деп сұраса, Қаздауысты Қазыбек бабамыздың жонғар қоңтайшасына айтқан жауабын есіңе ал, ағайын!

Біз қазақ деген мал баққан елміз.

Бірақ ешкімге соктықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп.

Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Басымыздан сөзді асырмаған елміз

Досымызды сақтай білген елміз,

Дәмі-тұзын ақтай білген елміз,

Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз.

Агадан ұл туса құл боламын деп тумайды.

Анадан қыз туса, қүң боламын деп тумайды.

Ұлмен қызды қаматып отыра алмайтын елміз!

Сен қалмақ та біз қазақ

Карпысқалы келгенбіз.

Сен темір де біз көмір

Еріткелі келгенбіз.

Екі еліктің лағын
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге
Танысқалы келгенбіз.
Танысуға келмесең
Сен қабылан да, біз арыстан
Алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар
Жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желімбіз
Жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітімді айт!
Бермесең дірілдемей жөнінді айт!
Не тұрысатын жерінді айт! депті
Міне, “қазақ” деген халық осындай!

Қараша 2004 ж.
Петропавл қаласы.





*Осы кітаптың жарыққа шығуына
қол ұшын беріп, демеушілік жасаған
Бекет Тұрғараұлы Тұрғараевқа
шын жүректен алғысымызды білдіріп,
қызметіне табыс тілейміз.*



Автордың өмір жолы туралы деректер

Омаров Қосыл Абдрахманұлы 1930 жылы Шал ақын ауданы Балуан ауылында туған. Алматының № 18 мектеп-интернатының 10-сыныбын 1949 жылы бітіріп, Абай атындағы педагогикалық институтқа оқуға түседі. Мамандығы қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. 1953-1960 жылдары мұғалім, мектеп директоры. 1960-1967 жылдары Преснов райкомында бөлім менгерушісі, Жамбыл совхозында партия үйымының хатшысы болып істейді. 1967-1974 жылдары Обком партта инструктор, кейін бөлім бастығының орынбасары. 1973-1985 жылдары қалалық партия комитетінің II хатшысы қызметін атқарады. 1985 жылы Обкомның ғылым және оқу орындары бөлімін басқарып, 1989 жылы зейнеткерлікке шығады.

1991 жылы 25 ақпанда облыстық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы болып сайланады да, 2005 жылдың қантарында жасының үлгайғанына байланысты зейнеткерлік демалысқа шығады. 1995 жылдан бастап Қазақстан халықтар Ассамблеясының мүшесі. Жұбайы Марияммен төрт бала тәрбиелеп, өсіріп, үй қылып отыр. Үлкені - Қанат (Дәмир, Динара, Елмира), Жанат (Ерлан, Нұрлан), Марат (Талғат, Асхат), Қайрат (Темір).



Бостандық таңы. Қосыл Омаров.
(книга на казахском языке)

Редактор: Бақыт Мұстафин.
Корректор: Дәмет Бектасова.
Дизайнер: Сәуле Ахмадиева.

2005 жылы наурызда терілді. 2005 жылы сәуірде
қол қойылды.
Офсеттік басылым. Әріп түрі «TimesNewRoman».
Пішімі 60x90, 1/2, көлемі 12 баспа табақ.
Тапсырыс № 2902. Таралымы 250 дана.
Петропавл қ., Конституция к., 11,
«Полиграфия» ААҚ баспаханасында басылды.